Қазіргі кезеңде технологиялардың қарқынды дамуы және жасанды интеллекттің (ЖИ) кеңінен таралуы оның халықаралық қатынастарға ықпал ететін маңызды факторға айналуына алып келді. ЖИ экономикалық өнімділікті арттыру құралы ғана емес, ұлттық қауіпсіздік, әскери әлеует, технологиялық бәсекелестік және халықаралық нормаларды қалыптастыру салаларындағы стратегиялық ресурс ретінде қарастырыла бастады. Осы жағдай мемлекеттер арасындағы технологиялық бәсекелестіктің күшеюіне және ЖИ-дің геосаяси маңызының артуына себеп болып отыр.

ЖИ саласындағы жарыста АҚШ пен Қытай жетекші орынға ие болғанымен, технологиялық өзгерістердің салдары тек ұлы державалармен шектелмейді. Орта державалар да ЖИ-ді өздерінің халықаралық ықпалын арттырудың жаңа құралы ретінде қарастыра алады. Бұл мемлекеттер үшін негізгі мәселе АҚШ немесе Қытаймен технологиялық мүмкіндіктер көлемі бойынша тікелей бәсекелесу емес, қолда бар экономикалық, дипломатиялық, демографиялық және институционалдық ресурстарды жаңа технологиялық ортаға бейімдеу болып табылады.

Жалпы, «Орта держава» ұғымы жаңа түсінік емес. Оның алғашқы тұжырымдамалық негіздері XVI ғасырда итальяндық саяси ойшыл Джованни Ботеронының еңбектерінде кездеседі. Ол мемлекеттерді бірнеше санатқа бөліп, орта державаларды белгілі бір деңгейде саяси және экономикалық дербестігі бар, басқа мемлекеттердің тұрақты көмегіне тәуелді емес мемлекеттер ретінде сипаттаған [1]. Қазіргі халықаралық қатынастар теориясында орта державаларды анықтаудың бірнеше тәсілі қалыптасқан. Бірінші тәсіл мемлекеттің материалдық мүмкіндіктеріне: ЖІӨ көлеміне, халық санына, табиғи ресурстарға, әскери әлеуетке және экономикалық қуатына назар аударады. Екінші тәсіл мемлекеттің халықаралық жүйедегі мінез-құлқына

басымдық береді. Бұл жағдайда дипломатиялық ықпал, халықаралық ұйымдардағы белсенділік, делдалдық және мемлекетаралық қатынастарға әсер ету қабілеті бағаланады. Аталған екі тәсіл бір-бірін толықтырады. Мемлекеттің халықаралық салмағы тек оның материалдық ресурстарымен емес, сол ресурстарды сыртқы саяси мақсаттарға қаншалықты тиімді айналдыра алуымен де анықталады. Сондықтан орта державалар ұлы державалардан төмен тұрғанымен, халықаралық жүйенің пассивті қатысушылары болып табылмайды. Керісінше, олар дипломатиялық делдалдық, халықаралық ұйымдар, коалициялық саясат және нормативтік бастамалар арқылы жаһандық процестерге ықпал ете алады.

Орта державалардың қатарына Германия, Жапония, Оңтүстік Корея секілді мемлекеттер жиі жатқызылады. Орталық Азия жағдайында Қазақстанның да орта держава ретіндегі рөліне академиялық және саяси дискурста назар аударылуда. Қазақстан басшылығының бірқатар сөздері мен баяндамаларында елдің халықаралық жүйедегі орта держава ретіндегі орны атап өтіледі [2]. Бұл тұрғыдан алғанда, ЖИ орта державалардың дәстүрлі күш ресурстарын қайта қарауға мәжбүрлейтін факторға айналуда. Егер бұрын мемлекеттің халықаралық ықпалы негізінен экономикалық, әскери және демографиялық көрсеткіштермен өлшенсе, қазіргі жағдайда есептеу қуаты, деректер, технологиялық инфрақұрылым, цифрлық адами капитал және технологиялық дипломатия сияқты жаңа факторлардың маңызы артып келеді.

ЖИ дамуы орта державалар үшін бір мезетте әрі мүмкіндік, әрі тәуекел болып табылады. Бір жағынан, технология экономикалық өнімділікті арттырып, мемлекеттік басқаруды жетілдіріп, жаңа өндірістердің пайда болуына және халықаралық бәсекеге қабілеттіліктің өсуіне жағдай жасайды. Екінші жағынан, жоғары өнімді есептеу жүйелеріне, энергияға, деректерге және технологиялық компоненттерге тәуелділік орта державалардың технологиялық тұрғыдан ірі державаларға тәуелділігін күшейтуі мүмкін. Бірінші мәселе - жоғары өнімді есептеу инфрақұрылымына қолжетімділік. ЖИ модельдерін әзірлеу мен оқыту үлкен есептеу қуатын талап етеді. Сондықтан жоғары өнімді процессорларға, деректер орталықтарына және бұлттық есептеулерге қолжетімділік технологиялық бәсекелестіктің маңызды элементіне айналуда. Мұндай инфрақұрылымның шоғырлануы технологиялық мүмкіндігі шектеулі мемлекеттердің ірі державаларға тәуелділігін арттыруы ықтимал [7]. Ал, екінші мәселе - энергетикалық тәуелділік. Деректерді сақтау және өңдеу орталықтарының кеңеюі электр энергиясына деген сұранысты арттырады. Осыған байланысты ЖИ инфрақұрылымын дамыту тек технологиялық емес, энергетикалық саясат мәселесіне де айналады. Энергияның жеткіліктілігі мен бағасы ЖИ жүйелерін дамыту мүмкіндігіне тікелей әсер етеді. Сонымен бірге деректер орталықтарының энергия тұтынуы климаттық міндеттемелер мен ұлттық декарбонизация саясатына да ықпал етуі мүмкін. Үшінші мәселе - ұлттық қауіпсіздік. ЖИ әскери және барлау мүмкіндіктерінің маңызды құрамдасына айналған сайын, технологиялық мүмкіндігі шектеулі мемлекеттердің

стратегиялық тәуелділік тәуекелі артады. Ең озық ЖИ жүйелерінің белгілі бір бөлігі ірі технологиялық компаниялар мен жетекші мемлекеттердің бақылауында шоғырланған. Сондықтан орта державалар үшін стратегиялық маңызы бар деректерге, шикізатқа, өнеркәсіптік өндіріс пен технологиялық компоненттерге ие болу халықаралық келіссөздердегі позицияны күшейтетін факторға айналуы мүмкін [10]. Осылайша, ЖИ орта державалардың геосаяси осалдығын арттыруы да, олардың халықаралық маңызын күшейтуі де мүмкін. Нәтиже мемлекеттің технологиялық ресурстарды қалай пайдаланатынына байланысты болады.

Тарихи тұрғыдан орта державалар халықаралық қатынастарда дипломатиялық құралдарды белсенді қолданатын және қақтығыстарды реттеуге қатысатын мемлекеттер ретінде танылды. Олардың ерекшелігі - әскери немесе экономикалық үстемдіктен гөрі дипломатиялық икемділік пен әртүрлі акторлар арасындағы диалогты ұйымдастыру қабілеті. ЖИ дәуірінде бұл дәстүрлі артықшылықтар жаңа мазмұнға ие болуы мүмкін. ЖИ-ді халықаралық реттеу жүйесі әлі толық қалыптаспағандықтан, мемлекеттер арасында оның қауіпсіздігі, этикасы, деректерді пайдалану, алгоритмдік ашықтық және жауапкершілік мәселелері бойынша пікір айырмашылықтары сақталуда. Осы жағдайда орта державалар халықаралық нормаларды қалыптастыру процесіне белсенді қатыса алады. АҚШ пен Қытай ЖИ технологияларын ұлттық экономикалық және қауіпсіздік стратегияларының маңызды элементіне айналдырғанымен, ЖИ-дің халықаралық реттелуі тек осы екі мемлекеттің шешімдеріне тәуелді болмайды [6]. Технологияның экономикаға, қауіпсіздікке, денсаулық сақтау мен білімге кеңінен енуі халықаралық ережелерді қалыптастыруға көптеген мемлекеттердің қатысуын талап етеді.

Осы жерде орта державалар үшін жаңа дипломатиялық кеңістік пайда болады. Олар ірі державалар арасындағы қарама-қайшылық жағдайында компромистік шешімдер ұсынатын медиатор немесе әртүрлі реттеуші тәсілдерді байланыстыратын көпір рөлін атқара алады [7]. Мұндай стратегияны технологиялық дипломатия деп қарастыруға болады. Оның мақсаты технологиялық мәселелерді сыртқы саясаттың бөлігіне айналдырып, халықаралық технологиялық ұйымдармен, жеке компаниялармен, ғылыми орталықтармен және басқа мемлекеттермен тұрақты байланыс орнату. Данияның тәжірибесі осы үрдістің нақты мысалы болып табылады. Ел Сыртқы істер министрлігі жанынан технологиялық елші институтын қалыптастырып, технологиялық компаниялармен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды сыртқы саясаттың бір бөлігіне айналдырды [11]. Барбадостың метаверсте виртуалды елшілік ашуға байланысты бастамасы да дипломатияның жаңа технологиялық кеңістіктерге бейімделуінің мысалы ретінде қарастырылады [11]. Мұндай бастамалардың маңызы олардың технологиялық жаңашылдығында ғана емес, мемлекеттердің дипломатиялық құралдарды өзгеріп жатқан халықаралық ортаға бейімдеуге ұмтылуында. Демек, орта державалардың технологиялық ықпалы тек ЖИ моделін әзірлеу

мүмкіндігімен өлшенбейді. Олардың технологиялық дипломатия, нормативтік көшбасшылық және халықаралық диалогтағы делдалдық әлеуеті де маңызды стратегиялық ресурс бола алады.

Орта державалардың ЖИ саласындағы стратегиясы міндетті түрде ең қуатты ЖИ моделін жасауға бағытталуы тиіс емес. Керісінше, олар ЖИ құндылықтар тізбегіндегі стратегиялық маңызы бар «тар орындарға» (bottlenecks) назар аудара алады [7, 10]. Бұл тәсілдің негізгі мәні - ЖИ технологиясының өзін жасаудан гөрі, оның нақты экономикаға әсерін қамтамасыз ететін секторларды дамыту. Мұндай секторларға жартылай өткізгіштер, есептеу техникасының компоненттері, робототехника, автоматтандыру, өнеркәсіптік деректер, жоғары технологиялық өндіріс және логистикалық инфрақұрылым жатады. Мысалы, Тайваньның микрочиптер өндірісіндегі орны немесе Жапония мен Оңтүстік Кореяның робототехника және жоғары технологиялық өндірістегі әлеуеті ЖИ құндылық тізбегінде белгілі бір стратегиялық артықшылық қалыптастырады. Бұл мемлекеттер үшін басты мақсат тек ең озық ЖИ моделін әзірлеу емес, ЖИ-ді өздерінің дәстүрлі экономикалық артықшылықтарымен байланыстыру болып табылады.

Орта державалар үшін мұндай модель бірнеше себеппен тиімді. Біріншіден, ол АҚШ және Қытаймен тікелей технологиялық бәсекелестікке қарағанда аз ресурсты талап етеді. Екіншіден, ол мемлекеттің бұрыннан қалыптасқан өндірістік және экономикалық артықшылықтарына сүйенеді. Үшіншіден, ЖИ-ді нақты секторларға енгізу еңбек өнімділігі мен экспорттық мүмкіндіктерді арттыра алады. Сондықтан орта державалар үшін негізгі сұрақ «өзіміздің супер-ЖИ жүйемізді қалай жасаймыз?» дегеннен гөрі, «ЖИ технологиясын қандай ұлттық артықшылықтарды күшейту үшін пайдалана аламыз?» деген сұрақ болуы тиіс. Бұл стратегия Қазақстан үшін де маңызды. Елдің табиғи ресурстары, энергетикалық әлеуеті, транзиттік-логистикалық орналасуы, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіптік базасы ЖИ-ді қолдану арқылы жаңа экономикалық артықшылықтарға айналуы мүмкін.

Қазақстанның ЖИ саласындағы саясаты бастапқыда 2024–2029 жылдарға арналған Жасанды интеллектті дамытудың тұжырымдамасы арқылы қалыптасты. Аталған құжатта деректер, цифрлық инфрақұрылым, адами капитал, ғылыми зерттеулер және ЖИ саласындағы құқықтық реттеу негізгі бағыттар ретінде белгіленді [3]. Алайда 2026 жылы Қазақстанның технологиялық саясаты жаңа деңгейге көтерілді. 2026 жылғы 9 маусымда Қазақстан Президенті 2029 жылға дейінгі «Digital Qazaqstan» ауқымды цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын жаппай енгізу жалпыұлттық стратегиясын бекітті. Құжат Қазақстанның цифрлық мемлекетке жүйелі көшуін және ЖИ-ді экономиканың негізгі салалары мен мемлекеттік аппаратқа кеңінен енгізуді көздейді. Стратегия 2024–2029 жылдарға арналған ЖИ тұжырымдамасының логикалық жалғасы ретінде сипатталып, ЖИ-ді ұлттық дамудың жеке бағыты емес, кең ауқымды технологиялық трансформацияның негізі ретінде қарастырады [14]. Бұл өзгерістің геосаяси маңызы бар. «Digital Qazaqstan» ЖИ-ді тек IT секторын

дамыту немесе технологиялық стартаптарды қолдау құралы ретінде қарастырмайды. Стратегияның мақсаты - экономиканың негізгі салаларын, мемлекеттік басқаруды және әлеуметтік секторларды цифрлық трансформациялау арқылы Қазақстанның технологиялық бәсекеге қабілеттілігін арттыру [14]. Осылайша, Қазақстанның ЖИ саясаты технологияларды импорттау немесе жекелеген цифрлық жобаларды іске асыру шеңберінен шығып, ұлттық экономиканың құрылымын өзгертуге бағытталған кешенді стратегияға айналып келеді. Бұл орта держава ретінде Қазақстанның әлеуетін бағалауда маңызды, себебі технологиялық қабілет енді елдің экономикалық өнімділігіне ғана емес, оның халықаралық бәсекеге қабілеттілігі мен геосаяси дербестігіне де әсер ететін факторға айналуда.

Қазақстанның «Digital Qazaqstan» стратегиясы орта державалардың «тар орындар» стратегиясымен де үйлеседі. Стратегия ЖИ-ді экономикадан бөлек тұрған технологиялық бағыт ретінде емес, энергетика, өнеркәсіп, көлік және логистика, ауыл шаруашылығы және мемлекеттік басқару сияқты базалық секторлардың өнімділігін арттыру құралы ретінде қарастырады [14]. Бұл орта держава үшін стратегиялық тұрғыдан маңызды. Қазақстанның жаһандық ЖИ модельдерін әзірлеуде АҚШ немесе Қытаймен теңесуі екіталай болғанымен, оның энергетика, тау-кен өндірісі, ауыл шаруашылығы, транзиттік логистика және өнеркәсіп сияқты салаларда қалыптасқан экономикалық артықшылықтары бар. Осы секторларға ЖИ-ді терең енгізу технологиялық бәсекелестіктің балама моделін қалыптастырады: мемлекет ЖИ технологиясының өзін жасауда емес, оны нақты экономикалық артықшылыққа айналдыруда бәсекеге түседі.

Орта державалардың тағы бір маңызды артықшылығы — демографиялық және адами капитал. Жас халықтың болуы ЖИ экономикасына қажетті мамандарды даярлау үшін маңызды негіз бола алады [7].Алайда демографиялық артықшылық автоматты түрде технологиялық артықшылыққа айналмайды. Ол білім беру сапасы, ғылыми-зерттеу мүмкіндіктері және еңбек нарығының жаңа талаптарына бейімделу қабілетімен толықтырылуы тиіс. Осыған байланысты «Digital Qazaqstan» стратегиясында адами капиталды дамытуға ерекше мән берілген. Стратегия мен оны іске асыру жоспары білім беру жүйесіне ЖИ құзыреттерін енгізуді және AI-SANA бағдарламасын кеңейтуді көздейді. 2028 жылға қарай барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын аяқтайтын түлектердің кемінде 80%-ының ЖИ саласында базалық құзыреттерге ие болуы, ал жоғары білім беру түлектерінің кемінде 20%-ының ЖИ құзыреттері мен AI-кәсіпкерлік бойынша тереңдетілген даярлықтан өтуі жоспарланған [14]. Сонымен қатар 2028 жылға қарай жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы ЖИ технологияларын білім беру процесіне енгізу деңгейін кемінде 80%-ға жеткізу көзделген [14]. Бұл саясаттың стратегиялық мәні зор. Егер Қазақстан жас халықтың демографиялық әлеуетін жоғары білікті адами капиталға айналдыра алса, ел ЖИ технологияларын тек тұтынушы емес, технологиялық қызметтер мен мамандарды экспорттайтын мемлекетке айналуы мүмкін. Осы

тұрғыдан алғанда, адами капитал технологиялық инфрақұрылыммен тең дәрежеде маңызды ресурс болып табылады. Себебі есептеу қуатын сырттан сатып алуға болады, ал технологияны ұлттық экономикалық артықшылыққа айналдыратын мамандарды қалыптастыру ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты талап етеді.

Қазақстан үшін ЖИ-дің геосаяси маңызы тек ішкі технологиялық саясатпен шектелмеуі тиіс. Елдің сыртқы саясатында технологиялық дипломатияның маңызы да арта алады. Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты әртүрлі геосаяси және экономикалық орталықтармен қатар жұмыс істеуге мүмкіндік береді. ЖИ саласында бұл артықшылық технологиялық компаниялармен, халықаралық ұйымдармен, ғылыми орталықтармен және әртүрлі мемлекеттермен ынтымақтастық орнатуға қолданылуы мүмкін. Digital Bridge және Digital Almaty секілді халықаралық алаңдар технологиялық компаниялар, мемлекеттік органдар, сарапшылар және инвесторлар арасында диалог орнатуға жағдай жасайды. Мұндай платформалар ЖИ-ді ішкі технологиялық саясат мәселесі ретінде ғана емес, халықаралық экономикалық және дипломатиялық ынтымақтастықтың бағыты ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда қарастырылған факторлар орта державалардың алдында екі негізгі стратегия бар екенін көрсетеді. Біріншісі: АҚШ пен Қытай секілді мемлекеттермен ЖИ технологияларын тікелей дамыту жарысына қатысу. Екіншісі: ЖИ-ді өздерінің экономикалық, демографиялық және дипломатиялық артықшылықтарын күшейтетін құрал ретінде пайдалану. Бірінші стратегия орасан зор қаржылық және технологиялық ресурстарды талап етеді. ЖИ модельдерін әзірлеу үшін жоғары өнімді есептеу жүйелері, озық чиптер, үлкен деректер көлемі, жоғары білікті мамандар және тұрақты энергетикалық инфрақұрылым қажет. Мұндай ресурстардың шектеулі болуы көптеген орта державалардың технологиялық жарыста тікелей бәсекеге түсу мүмкіндігін азайтады. Екінші стратегия салыстырмалы түрде икемдірек. Ол мемлекеттің бұрыннан бар артықшылықтарын ЖИ технологияларымен біріктіруге негізделеді. Мысалы, Германия өндірістік базасын, Жапония робототехникасын, Оңтүстік Корея электроника мен жоғары технологиялық өндірісті, ал Қазақстан энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және транзиттік әлеуетін ЖИ арқылы күшейте алады. Бұл модельде ЖИ мақсат емес, стратегиялық құралға айналады. Қазақстан жағдайында мұндай тәсіл әсіресе өзекті. «Digital Qazaqstan» стратегиясы ЖИ мен цифрлық технологияларды экономиканың негізгі секторларына енгізуге, ұлттық есептеу инфрақұрылымын қалыптастыруға, адами капиталды дамытуға және жоғары технологиялық экспортты арттыруға бағытталған [14]. Стратегияның өзі Қазақстанды технологиялық және цифрлық инфрақұрылымның өңірлік орталығына айналдыруды және жоғары технологиялық қызметтердің экспортын арттыруды мақсат етеді [14]. Бұл мақсаттар орындалған жағдайда, ЖИ Қазақстан үшін тек ішкі модернизация құралы емес, халықаралық экономикалық позицияны күшейтетін ресурсқа айналуы мүмкін.

Қорытындылай келе, жасанды интеллекттің қарқынды дамуы халықаралық жүйедегі күштердің арақатынасына өзгерістер енгізіп, орта державалар үшін жаңа мүмкіндіктер мен тәуекелдер қалыптастыруда. АҚШ пен Қытай ЖИ технологияларын дамытуда айтарлықтай материалдық және технологиялық артықшылықтарға ие болғанымен, бұл орта державалардың халықаралық ықпал ету мүмкіндіктерін жоймайды. Керісінше, ЖИ-дің халықаралық басқару жүйесі әлі қалыптасу кезеңінде болғандықтан, орта державалар үшін нормативтік көшбасшылық, технологиялық дипломатия, делдалдық және халықаралық коалициялар құру сияқты дәстүрлі артықшылықтарды жаңа мазмұнда пайдалану мүмкіндігі пайда болады.

Сонымен қатар орта державалар өздерінің құрылымдық шектеулерін ескеруі тиіс. Есептеу қуатына, энергияға, деректерге және технологиялық компоненттерге тәуелділік олардың геосаяси осалдығын күшейтуі мүмкін. Сондықтан ЖИ саласындағы стратегия технологиялық көшбасшылармен тікелей бәсекелесуге емес, ұлттық ресурстар мен экономикалық артықшылықтарды тиімді пайдалануға негізделуі қажет. Осы тұрғыдан алғанда, ЖИ дәуіріндегі орта державаның күші технологиялық ресурстардың абсолютті көлемімен ғана өлшенбейді. Оның маңызы ұлттық ресурстарды технологиялық өзгерістермен қаншалықты тиімді байланыстыра алатынымен анықталады. Қазақстан үшін «Digital Qazaqstan» осы байланысты қалыптастырудың институционалдық негізін жасап отыр. Алайда стратегияның қабылдануы өздігінен технологиялық немесе геосаяси артықшылыққа кепілдік бермейді. Оның нәтижелілігі цифрлық инфрақұрылым мен ЖИ енгізу көрсеткіштеріне ғана емес, технологиялық мүмкіндіктердің нақты экономикалық өнімділікке, адами капиталға және халықаралық бәсекеге қабілеттілікке айналуына байланысты болады.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1) Tran H. 2025: Year of the Middle Powers (Policy Brief No. 05/25). – Rabat: Policy Center for the New South, 2025. – 8 p. – URL: https://www.policycenter.ma/sites/default/files/2025-01/PB_05-25_Hung%20Tran.pdf

2) Президент Республики Казахстан. Речь Касым-Жомарта Токаева: «Цель — укрепить экономику и суверенитет» [Электронный ресурс]. – Астана: Akorda.kz, 2025. – 6 октября. – URL: https://akorda.kz/ru/kasym-zhomart-tokaev-cel-ukrepit-ekonomiku-i-suverenitet-20524

3) Постановление Правительства Республики Казахстан от 24 июля 2024 года № 592 «Об утверждении Концепции развития искусственного интеллекта на 2024–2029 годы» [Электронный ресурс]. – Астана: ИПС «Әділет», 2024. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592

4) The Government of New Zealand. Indonesia’s National Strategy for Artificial Intelligence (Trade & Market Report). – Wellington: Ministry of Foreign Affairs and Trade, 2023. – July. – URL: https://www.mfat.govt.nz/assets/Trade-General/Trade-Market-reports/Indonesias-National-Strategy-for-Artificial-Intelligence-July-2023.pdf

5) de Hoop Scheffer A., Jagtiani S., Kausch K., Mohan G., Quencez M., Tausendfreund R., Weber G. Pivotal Powers 2024: Innovative Engagement Strategies for Global Governance, Security, and Artificial Intelligence. – Washington, D.C.: German Marshall Fund of

the United States, 2024. – 18 November. – URL: https://www.gmfus.org/news/pivotal-powers-2024-innovative-engagement-strategies-global-governance-security-and-artificial

6) Jagtiani S., Kausch K. The Dawn of Pivotal Powers in Artificial Intelligence. – Washington, D.C.: German Marshall Fund of the United States, 2024. – 14 November. – URL: https://www.gmfus.org/news/dawn-pivotal-powers-artificial-intelligence

7) Kızrak A. Türkiye'nin yapay zeka yönetişiminde orta büyüklükte bir güç olarak yükselişi. – İstanbul: Türk Asya Stratejik Araştırmalar Merkezi (TASAM), 2025. – URL: https://tasam.org/Files/Icerik/File/Ayy%C3%BCce_K%C4%B1zrak_pdf_a3234352-aed8-4b57-9457-72b28548d004.pdf

8) TOP500. TOP500 Supercomputer List – June 2025 [Электронный ресурс]. – 2025. – June. – URL: https://top500.org/lists/top500/list/2025/06/

9) United Nations PAGE. Kazakhstan Stocktaking Report: Green Economy Transition. – Partnership for Action on Green Economy, 2020. – URL: https://www.un-page.org/static/c07b945db4462a7c6b7169a3a2709997/2020-kazakhstan-stocktaking-report-rus.pdf

10) Leicht A. A Roadmap for AI Middle Powers: First Thoughts on Leveraging Bottlenecks for Abundant Intelligence [Электронный ресурс]. – Threading the Needle, 2025. – 23 January. – URL: https://writing.antonleicht.me/p/a-roadmap-for-ai-middle-powers

11) Ministry of Foreign Affairs of Denmark, Office of Denmark's Tech Ambassador. Strategy for Denmark's Tech Diplomacy 2021–2023. – Copenhagen: Ministry of Foreign Affairs of Denmark, 2021. – February. – URL: https://www.politico.eu/wp-content/uploads/2021/02/21/Strategy-for-Denmarks-Tech-Diplomacy-2021-202336538.pdf

12) Денисов И.Е. Искусственный интеллект и китайская дипломатическая стратегия: от теории к практике // Китай в мировой и региональной политике. История и современность. – 2025. – Т. 30, № 30. – С. 122–142.

13) Африка 2023. Возможности и риски: экспертно-аналитический справочник / А.А. Маслов, В.Ю. Свиридов и др.; под общ. ред. А.А. Маслова; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики», Центр изучения Африки. – 2-е изд., доп. – М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2023. – 224 с.

Қазақстан Республикасының Президенті. Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 9 маусымдағы № 1311 Жарлығы «2029 жылға дейін ауқымды цифрландыру және жасанды интеллект технологияларын жаппай енгізу жөніндегі "Digital Qazaqstan" жалпыұлттық стратегиясын бекіту туралы» [Электрондық ресурс]. – Астана, 2026. –URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2600001311

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И ТУРЕЦКОЙ РЕСПУБЛИКОЙ (1991-2026)

Prof. Dr. Ainur NOGAYEVA KARACA

Erzincan Binali Yildirim University, Erzincan, Türkiye

Аннотация: В данной статье рассматривается эволюция двустороннего сотрудничества между Казахстаном и Турцией в период 1991–2026 гг. Актуальность исследования обусловлена переходом от преимущественно историко-культурного и политического сближения к прагматическому стратегическому взаимодействию, основанному на расширении торгово-экономических, инвестиционных, транспортно-энергетических и институциональных связей. Цель исследования - выявить основные этапы

и факторы развития казахстанско-турецких отношений и определить их современное значение. Методологическую основу составляют сравнительный, историко-аналитический и системный подходы. Результаты показывают, что углубление экономической взаимозависимости и развитие Среднего коридора существенно расширили практическое содержание сотрудничества. Особое значение приобрела Организация тюркских государств как многосторонняя платформа координации; сделан вывод о формировании прагматической модели стратегического партнёрства, опирающейся на экономическую взаимозависимость, развитие транспортно-энергетических связей и институциональное взаимодействие в рамках ОТГ.
Ключевые слова: Казахстан, Турция, двустороннее сотрудничество, торгово-экономические связи, стратегическое партнерство, Организация тюркских государств

Abstract: Autor consider the evolution of bilateral cooperation between Kazakhstan and Turkiye from 1991 to 2026. The study is driven by the shift from traditional historical-cultural and political ties toward pragmatic strategic engagement, underpinned by expanded trade, economic, transport, energy, and institutional links. The research aims to identify the key stages and drivers of Kazakh-Turkish relations and to assess their significance. The methodological framework relies on comparative, historical-analytical, and systems approaches. The findings indicate that deepening economic interdependence and the development of the Middle Corridor are broadening the practical scope of this cooperation. The Organization of Turkic States (OTS) has emerged as a particularly important multilateral platform for coordination; the study concludes that the relationship is converging toward a pragmatic partnership model rooted in economic interdependence, the development of transport and energy links, and institutional interaction within the framework of the OTS.
Keywords: Kazakhstan, Turkiye, bilateral cooperation, trade and economic ties, strategic partnership, Organization of Turkic States

Түйін: Бұл мақалада 1991 жылдан 2026 жылға дейінгі Қазақстан мен Түркия арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың эволюциясы қарастырылады. Бұл зерттеудің өзектілігі дәстүрлі тарихи, мәдени және саяси ықпалдан сауда-экономикалық, көлік, энергетика және институционалдық байланыстарды кеңейтуге негізделген прагматикалық стратегиялық өзара әрекеттесуге жақындауға көшуде жатыр. Зерттеудің мақсаты - қазақ-түрік қатынастарының дамуының негізгі кезеңдері мен себептерін анықтау және олардың маңыздылығын анықтау. Әдістемелік негіз салыстырмалы, тарихи-талдау және жүйелік тәсілдерге негізделген. Нәтижелер экономикалық өзара тәуелділіктің және Таяу Шығыстың терең дамуы ынтымақтастықтың практикалық мазмұнын кеңейтетінін көрсетеді. Түркі мемлекеттері ұйымы көпжақты үйлестіру платформасы ретінде ерекше маңызға ие; зерттеуде Экономикалық өзара тәуелділікке, көлік-энергетикалық байланыстарды дамытуға және ТМҰ шеңберіндегі институционалдық өзара іс-қимылға негізделген стратегиялық әріптестіктің прагматикалық моделінің қалыптасуы туралы қорытынды жасалды.
Кілтті сөздер: Қазақстан, Түркия, екіжақты ынтымақтастық, сауда-экономикалық байланыстар, стратегиялық серіктестік, Түркі мемлекеттері ұйымы

Введение

Установление дипломатических отношений между Казахстаном и Турцией стало важным этапом формирования новой системы международных связей Центральной Азии. Турция первой признала независимость Казахстана 16 декабря 1991 года, дипломатические отношения были установлены 2 марта

1992 года, а в октябре того же года в Анкаре открылось первое посольство Казахстана за рубежом.

За 35 лет характер отношений существенно изменился. Если в 1990-е годы основу составляли историко-культурная близость, гуманитарные связи и первые экономические контакты, то с 2000-х годов сотрудничество приобрело более прагматичный характер. После заключения Соглашения о стратегическом партнёрстве в 2009 году началась его институционализация, а в 2022 году отношения были повышены до уровня расширенного стратегического партнёрства. Сегодня повестка охватывает торговлю и инвестиции, транспорт, энергетику, оборонную промышленность, цифровизацию, ИИ, космос, образование и критические минералы [1;2]

Таким образом, казахстанско-турецкие отношения представляют собой показательный пример перехода от культурной близости к многоспектральному стратегическому партнёрству, в котором историческая общность всё больше дополняется прагматическими экономическими, технологическими и геополитическими интересами.

Начальный этап: от историко-культурной близости к политическому партнёрству

В 1991–2000-е годы отношения Казахстана и Турции развивались на основе историко-культурной близости, гуманитарных связей и политического доверия. Особое место занимали образование, культура, языковые и академические обмены. Символом этого этапа стало создание Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави в Туркестане, а также развитие образовательных программ и стипендий.

Однако уже в этот период культурная близость постепенно дополнялась экономическими и геополитическими интересами. Для Казахстана Турция открывала выход к внешним рынкам и альтернативным международным связям, тогда как для Турции Казахстан представлял собой крупнейшую экономику Центральной Азии с богатой ресурсной базой и значительным транзитным потенциалом. Таким образом, культурная общность стала основой доверия, а экономические интересы - двигателем дальнейшего углубления отношений.

Институционализация или переход от стратегического партнёрства к расширенному стратегическому партнёрству

Качественный перелом произошёл в 2009 году, когда Казахстан и Турция подписали Соглашение о стратегическом партнёрстве. В 2012 году был создан Высокий уровень стратегического сотрудничества, а также запущена программа «Новая синергия».

Решение 2022 года же стало важным этапом углубления отношений: в ходе государственного визита Президента Казахстана в Турцию стороны подписали Совместное заявление об углублённом стратегическом партнёрстве, повысив политический статус сотрудничества в энергетике, транспорте, оборонной промышленности, сельском хозяйстве, цифровизации и инвестициях. К 2026 году это партнёрство приобрело более

институциональный характер: на восьмом заседании Совместной группы стратегического планирования обсуждались уже не только торгово-политические вопросы, но и энергетическая безопасность, критические минералы, ИИ, кибербезопасность, космос, оборонная промышленность, транспортная связанность и региональная безопасность. Таким образом, стратегическое партнёрство постепенно превращается в устойчивую систему координации и взаимозависимости, выходящую за рамки традиционных двусторонних отношений [1;2].

Торгово-инвестиционное сотрудничество: от сырьевого обмена к производственным цепочкам

Экономическая составляющая остаётся одним из центральных направлений партнёрства. По итогам 2025 года, по казахстанским данным, товарооборот достиг около $5,4 млрд, увеличившись на 8,8% по сравнению с 2024 годом, а экспорт Казахстана в Турцию — около $3,9 млрд. Основу экспорта составляют медь и медные катоды, нефть, алюминий, сельскохозяйственная и нефтехимическая продукция. По данным Министерства иностранных дел Турции, объём двусторонней торговли за 2025 год составил около $9,94 млрд. Существенное расхождение показателей отражает различия в национальных системах внешнеторгового и таможенного учёта; в 2026 году Казахстан и Турция провели сопоставление статистических данных за 2025 год для анализа причин этих расхождений [3].

По состоянию на 2025 год турецкие официальные источники оценивают объём накопленных инвестиций Турции в Казахстан примерно в $5,8 млрд; в Казахстане действует более 3 тыс. компаний и предприятий с турецким капиталом [1;2].

При этом важна не только динамика торговли, но и её структурное изменение: сотрудничество постепенно смещается от сырьевого обмена к производству и переработке. В 2025 году стороны подписали соглашения более чем на $490 млн, охватывающие глубокую переработку зерна и бобовых, агропромышленный комплекс, логистику, фармацевтику и производство. Таким образом, формируется основа для более устойчивых производственных и инвестиционных цепочек, связывающих ресурсы Казахстана с турецким капиталом, технологиями и рынками. [4]

Средний коридор: превращение географии в стратегический актив

Одним из наиболее перспективных направлений сотрудничества становится Транскаспийский международный транспортный маршрут (Средний коридор), соединяющий Китай, Центральную Азию, Каспий, Кавказ, Турцию и европейские рынки. В условиях геополитических изменений он приобретает значение не только как торговый маршрут, но и как инструмент диверсификации цепочек поставок и повышения устойчивости евразийской торговли.

В 2025 году объём перевозок по казахстанскому участку вырос на 62%, а контейнерные перевозки — в 2,7 раза. Казахстан ставит цель довести объём перевозок по маршруту до 10 млн тонн в год к 2030 году. В феврале 2026 года

Всемирный банк одобрил гарантию $846 млн для привлечения $1,41 млрд долгосрочного финансирования железнодорожной инфраструктуры Казахстана. [5]

Для Казахстана Средний коридор открывает дополнительный выход на европейские рынки, а для Турции укрепляет роль транспортного узла между Азией и Европой. Таким образом, географическое положение двух стран превращается в совместный стратегический ресурс.

Энергетическое сотрудничество Казахстана и Турции: синергия интересов и трансформация вызовов в возможности

Энергетическое партнёрство Казахстана и Турции выходит за рамки торговли сырьём и приобретает логистическое, инвестиционное и технологическое измерение. Для Астаны Турция — это важное звено диверсификации экспортных маршрутов и снижения зависимости от одного направления, для Анкары же – это укрепление роли энергетического хаба между Азией и Европой. Это проявляется, в частности, в участии ТРАО в оценке офшорного проекта «Большой Жамбыл» и сотрудничестве «КазМунайГаза» с турецкими нефтесервисными компаниями.

Важным примером инвестиционного сотрудничества стала ПГУ-ТЭЦ мощностью 240 МВт в Кызылординской области, построенная Aksa Energy с инвестициями около 215 млрд тенге. Проект одновременно способствует сокращению энергодефицита Казахстана и укрепляет присутствие турецкого капитала в энергетике страны.

Особое значение приобретает транскаспийское направление экспорта нефти. Казахстан расширяет поставки нефти по маршруту Актау–Баку–Тбилиси–Джейхан:

По данным «КазМунайГаза», в 2025 году фактический объём составил 1,3 млн тонн, при этом соглашение предусматривает возможность поэтапного увеличения транзита до 2,2 млн тонн в год. Параллельно обсуждается восстановление маршрута Баку–Супса мощностью до 5 млн тонн в год [6]. Тем самым энергетическая инфраструктура постепенно превращается в инструмент диверсификации экспортных рисков.

Новое направление – это мирный атом. В 2026 году Казахстан и Турция договорились расширить сотрудничество в атомной отрасли, включая подготовку кадров, промышленную кооперацию и развитие нормативной базы. Таким образом, энергетическое взаимодействие постепенно формирует долгосрочную систему взаимодополняющих интересов — от нефти и электроэнергетики до атомных технологий и транспортной инфраструктуры.

Оборонно-промышленное и технологическое сотрудничество

Сотрудничество постепенно расширяется от военного образования, подготовки кадров и миротворчества к военно-техническому и технологическому взаимодействию. В 2025 году стороны подписали план военного сотрудничества, а в 2026 году подтвердили заинтересованность в модернизации оборонной промышленности Казахстана через совместные предприятия. Перспективными направлениями становятся беспилотные

системы, ИИ, цифровые технологии, космос и кибербезопасность. При этом речь не идёт о формировании военно-политического блока: для Казахстана сотрудничество с Турцией является прежде всего способом диверсификации технологических и оборонных партнёрств.

Тюркский мир как многостороннее измерение двусторонних отношений

Казахстан и Турция являются основателями Организации тюркских государств (ОТГ), которая сегодня охватывает политическое, экономическое, транспортное, культурное и гуманитарное сотрудничество [7] Тюркская интеграция постепенно выходит за рамки культурного проекта и развивается в сторону экономической, транспортной и институциональной координации. Поэтому часть казахстанско-турецких инициатив одновременно становится элементом более широкой инфраструктуры сотрудничества тюркских государств.

Новые возможности в условиях глобального геополитического кризиса

Изменение мировой экономики, конфликты и нарушение традиционных маршрутов повышают значение альтернативных каналов торговли, инвестиций и коммуникаций. Казахстан располагает ресурсами, частью Каспия и транзитным потенциалом, Турция — промышленной базой, транспортной инфраструктурой и выходом к европейским, ближневосточным и тюркским рынкам. Это формирует связку «Центральная Азия – Каспий – Кавказ – Турция – Европа». При этом сотрудничество не предполагает отказа от многовекторности Казахстана. Его перспективная модель — «соединяющее, а не исключающее партнёрство», позволяющее одновременно расширять связи с Европой, Китаем, Кавказом и Центральной Азией. [8] вместе с тем новые отрасли, как например критические минералы также создают новые возможности для кооперации Казахстана с внешними партнерами, в которых Турция стремится занять нишу промышленного и технологического партнёра.

Заключение

Эволюция казахстанско-турецких отношений в 1991–2026 гг. прошла три этапа: 1991–2008- восстановление и актуализация историко-культурных связей; 2009–2021-институционализация стратегического партнёрства; 2022–2026-переход к расширенному стратегическому взаимодействию. На современном этапе его ключевыми направлениями становятся Средний коридор, энергетика, критические минералы, оборонные и цифровые технологии.

Перспектива сотрудничества связана с переходом от торговли и отдельных проектов к совместным цепочкам создания стоимости в логистике, энергетике, переработке сырья, цифровой экономике и ИИ. При этом двусторонние отношения всё теснее вписываются в более широкую систему взаимодействия Центральной Азии, Каспийского региона и тюркского мира.

Таким образом, современное партнёрство определяется уже не только общей историей и культурной близостью, но и совпадением стратегических интересов и взаимодополняемостью экономических возможностей. Именно это превращает казахстанско-турецкие отношения из преимущественно символического сближения в инструмент формирования новых транспортных, экономических и технологических связей Евразии.

Литература:

1. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. О казахстанско-турецких отношениях. – [Электронный ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-ankara/activities/2068?lang=ru

2. Министерство иностранных дел Турецкой Республики. Türkiye–Kazakistan Siyasi İlişkileri. – [Электронный ресурс]. – URL: https://www.mfa.gov.tr/turkiye-kazakistan-siyasi-iliskileri_.tr.mfa

3. Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан. Казахстан и Турция укрепляют сотрудничество в сфере таможенной статистики. – 2026. – [Электронный ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/kgd/press/news/details/1220997?lang=ru

4. АО НК KAZAKH INVEST. Казахстан и Турция подписали соглашения на сумму свыше 490 млн долларов США. – Пресс-релизы. – [Электронный ресурс]. – URL: https://invest.gov.kz/ru/media-center/press-releases/kazakhstan-and-t-rkiye-sign-agreements-worth-over-usd-490-million/

5. World Bank. World Bank Support to Enhance Rail Connectivity and Logistics in Kazakhstan. – 19 February 2026. – [Электронный ресурс]. – URL: https://www.worldbank.org/en/news/press-release/2026/02/19/world-bank-support-to-enhance-rail-connectivity-and-logistics-in-kazakhstan

6. АО НК «КазМунайГаз». Годовой отчёт за 2025 год: Транспортировка. – 2026. – [Электронный ресурс]. – URL: https://ar2025.kmg.kz/ru/strategic-report/operating-review/midstream

7. Nogayeva, A. “From Past to Present Kazakhstan”, Asya Araştırmaları Dergisi, 2019, Volume 3, Issue 2, pp.347-353.

8. The Astana Times. Türkiye and Kazakhstan Need Processing Alliance, Not Another Extraction Rush. – July 2026. – [Электронный ресурс]. – URL: https://astanatimes.com/2026/07/turkiye-and-kazakhstan-need-processing-alliance-not-another-extraction-rush/

СОТРУДНИЧЕСТВО МЕЖДУ РЕСПУБЛИКОЙ КАЗАХСТАН И ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ

Хамит А.Т.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Казахстан, г. Астана

Түйін: Мақалада Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының бір бөлшегі ретінде қарастырылады. Зерттеудің теориялық негізін «жұмсақ күш» және «білім дипломатиясы» тұжырымдамалары құрайды. Ынтымақтастықтың құқықтық негізі, негізгі құралдары, мүмкіндіктері мен шектеулері талданады. Ынтымақтастық ресурстар тұрғысынан асимметриялы болып қалғанымен, Қазақстан еуропалық көмекті алушыдан білім беру жобаларының белсенді қатысушысы мен үйлестірушісіне айналып келе жатыр деген қорытынды жасалады.

Аннотация: В статье образовательное сотрудничество Республики Казахстан и Европейского союза рассматривается как элемент многовекторной внешней политики Казахстана. Теоретическую основу исследования составляют концепции «мягкой силы» и «дипломатии знаний». Анализируются правовая основа, ключевые инструменты, возможности и ограничения сотрудничества. Сделан вывод, что при сохраняющейся асимметрии ресурсов Казахстан постепенно переходит от роли получателя европейской помощи к роли активного участника и координатора образовательных проектов.

Abstract: The article examines educational cooperation between the Republic of Kazakhstan and the European Union as an element of Kazakhstan's multi-vector foreign policy. The theoretical framework draws on the concepts of soft power and knowledge diplomacy. The study analyzes the legal framework, key instruments, opportunities and limitations of this cooperation. It concludes that, despite the persisting asymmetry of resources, Kazakhstan is gradually shifting from the role of a recipient of European assistance to that of an active participant and coordinator of educational projects.

Ключевые слова: Казахстан, Европейский Союз, многовекторная внешняя политика, дипломатия знаний, Erasmus+.

ВВЕДЕНИЕ

С первых лет независимости Казахстан проводит многовекторную внешнюю политику, которая закреплена в Концепции внешней политики Республики Казахстан на 2020-2030 годы в качестве основополагающего принципа [1]. В научной литературе многовекторность трактуется как построение отношений с внешними партнерами на прагматической, а не идеологической основе [2]. В условиях обострения противоречий между крупными державами реализация этого принципа требует не только политических и экономических, но и гуманитарных инструментов, среди которых особое место занимает образование.

Европейский Союз является главным торговым партнером Казахстана (около 28 % внешней торговли страны в 2023 г.) и крупнейшим иностранным инвестором (50 % накопленных прямых иностранных инвестиций в 2022 г.) [3]. При этом гуманитарное, в том числе образовательное, измерение двусторонних отношений изучено значительно меньше, чем экономическое. Сотрудничество Казахстана и ЕС в сфере высшего образования рассматривалось в работах казахстанских [4] и российских [5] исследователей, однако преимущественно с позиции ЕС как субъекта образовательной политики или в общерегиональном контексте. Место этого сотрудничества во

внешнеполитической стратегии самого Казахстана остается недостаточно изученным.

Теоретическую основу исследования составляют концепции «мягкой силы» и «дипломатии знаний». Согласно Дж. Наю, мягкая сила представляет собой способность государства достигать внешнеполитических целей за счет привлекательности собственной модели, а не принуждения [6]. Дж. Найт предлагает понятие «дипломатии знаний», обозначающее укрепление отношений между странами посредством сотрудничества в сфере высшего образования, науки и инноваций на основе взаимности и взаимной выгоды [7]. В работе принимается положение о том, что для ЕС образовательное сотрудничество выступает прежде всего инструментом мягкой силы, тогда как для Казахстана оно в большей мере соответствует логике дипломатии знаний и встраивается в многовекторную стратегию.

Цель статьи определить место образовательного сотрудничества с ЕС в многовекторной внешней политике Республики Казахстан, а также выявить его возможности и ограничения. Методологическую базу исследования составляют анализ официальных документов Казахстана и ЕС, сравнительный анализ и анализ статистических данных программы Erasmus+.

Правовая и институциональная основа сотрудничества

Правовую основу отношений Казахстана и ЕС составляет Соглашение о расширенном партнерстве и сотрудничестве, подписанное 21 декабря 2015 г. и вступившее в силу 1 марта 2020 г. [8]. Казахстан стал первой страной Центральной Азии, заключившей с ЕС соглашение нового поколения. Соглашение выделяет сотрудничество в сфере образования, профессиональной подготовки и науки в качестве самостоятельного направления партнерства.

Со стороны ЕС подходы к образовательному взаимодействию с регионом определены в Стратегии по Центральной Азии 2019 г., в которой развитие образования и человеческого капитала связывается с задачами устойчивости и процветания региона [9]. Новый импульс сотрудничеству придал первый саммит «ЕС - Центральная Азия», состоявшийся в Самарканде в апреле 2025 г., по итогам которого отношения сторон были выведены на уровень стратегического партнерства [10].

Со стороны Казахстана интернационализация высшего образования закреплена в национальном законодательстве и стратегических документах. Закон «Об образовании» предусматривает развитие академической мобильности и международного сотрудничества организаций образования [11], а Концепция развития высшего образования и науки на 2023-2029 годы ставит задачу повышения международной конкурентоспособности казахстанских вузов [12]. Следовательно, образовательное сотрудничество с ЕС опирается на нормативную базу обеих сторон и на совпадение их интересов.

Первым практическим инструментом сотрудничества стало участие казахстанских вузов в программе Tempus, которая до 2013 г. поддерживала

модернизацию учебных программ и систем управления университетами. С 2014 г. ее преемником стала программа Erasmus+, включающая международную кредитную мобильность, совместные магистерские программы Erasmus Mundus, проекты по развитию потенциала высшего образования и проекты Жана Монне в области европейских исследований [13]. В 2015-2020 гг. с участием Казахстана было отобрано 906 проектов международной кредитной мобильности и 61 проект по развитию потенциала высшего образования, шесть из которых координировали казахстанские вузы. За тот же период в Европу на обучение и стажировку выехали 3317 казахстанских студентов и сотрудников, а в Казахстан 1576 европейских [14]. С 2014 г. 328 казахстанских магистрантов получили стипендии совместных магистерских программ [3].

На текущем этапе программы (2021-2027 гг.) объем средств Erasmus+, выделяемых Центральной Азии, существенно сократился по сравнению с предыдущим периодом, а приоритетным партнером ЕС в регионе стал Узбекистан, проводящий с 2017 г. структурные реформы высшего образования [5]. На программу в регионе в 2021-2027 гг. предусмотрено 76 млн евро [3]. Тем не менее казахстанские вузы сохраняют активное участие: в 2022 г. они вошли в четыре из девяти отобранных проектов по развитию потенциала высшего образования в Центральной Азии [3], а по итогам конкурса 2026 г. Казахстан представлен в шести проектах, в четырех из которых казахстанские вузы выступают координаторами [15]. Основные показатели участия Казахстана в программе приведены в таблице 1.

Таблица 1

Основные показатели участия Казахстана в программе Erasmus+

Показатель	Значение	Период
Проекты международной кредитной мобильности с участием Казахстана	906	2015-2020
Проекты по развитию потенциала высшего образования (СВНЕ) с участием Казахстана	61 (в 6 – координатор от Казахстана)	2015-2020
Казахстанские студенты и сотрудники, выехавшие на обучение и стажировку в Европу	3317	2015-2020
Европейские студенты и сотрудники, приехавшие в Казахстан	1576	2015-2020
Стипендии совместных магистерских программ Erasmus Mundus	328	2014 – март 2025
Бюджет Erasmus+ для Центральной Азии	76 млн евро	2021-2027
Проекты СВНЕ в Центральной Азии с участием казахстанских вузов	4 из 9	конкурс 2022 г.
Отобранные проекты СВНЕ с участием Казахстана	6 (в 4 – координатор от Казахстана)	конкурс 2026 г.

Составлено автором по данным [3, 14, 15].

Вторым инструментом стало присоединение Казахстана к Болонскому процессу в марте 2010 г. [16]. Казахстан стал первой центральноазиатской страной, полноправным участником Европейского пространства высшего образования. Переход на трехуровневую модель «бакалавриат - магистратура - докторантура PhD», внедрение кредитной системы, совместимой с ECTS, и выдача общеевропейского приложения к диплому сблизили национальную систему высшего образования с европейской и облегчили признание казахстанских дипломов за рубежом.

Түйін. Мақалада Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі отбасы және демография мәселелерінің орны қарастырылады. Негізінен Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі-БҰҰ) және БҰҰ халықтың қоныстануы саласындағы Қазақстандағы қоры (UNFPA) ынтымақтастығына аударылды. Ресми құжаттарды талдау негізінде демографиялық деректер, репродуктивтік денсаулық, гендерлік теңдік және тұрақты даму бағыттары қарастырылды. Халықаралық тәжірибені қолдану барысында Қазақстанның демографиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеру қажеттігі қарастырылады.

Түйінді сөздер: *Қазақстан, демография, отбасы саясаты, БҰҰ, UNFPA.*

Аннотация. В статье рассматривается место семейно-демографической проблематики Казахстана в современной системе международных отношений. Основное внимание уделено сотрудничеству Казахстана с ООН и Фондом ООН в области

народонаселения (UNFPA). На основе анализа официальных документов рассмотрены демографические данные, репродуктивное здоровье, гендерное равенство и устойчивое развитие. Подчеркивается необходимость учитывать демографические и социальные особенности Казахстана при использовании международного опыта.
Ключевые слова: *Казахстан, демография, семейная политика, ООН, UNFPA.*

Abstract. The article examines family and demographic issues of Kazakhstan in the contemporary system of international relations. It focuses on Kazakhstan's cooperation with the United Nations and the United Nations Population Fund (UNFPA). Based on official documents, the paper considers demographic data, reproductive health, gender equality and sustainable development. It argues that international experience should be adapted to Kazakhstan's demographic and social context.
Keywords: *Kazakhstan, demography, family policy, United Nations, UNFPA.*

Қазіргі кезде демографиялық мәселелер көптеген мемлекеттер үшін ұзақ мерзімді дамудың маңызды бөлігіне айналды. Халық саны, туу деңгейі, көші-қон, халықтың жас құрылымы, репродуктивті денсаулық және отбасы жағдайы тек ішкі әлеуметтік саясатпен шектелмейді. Бұл мәселелер халықаралық ұйымдардың бағдарламаларында да кеңінен қарастырылады. Сол себептен Қазақстанның отбасы-демографиялық бағытын халықаралық ынтымақтастық аясында қарастыру өзекті.

Жыл өткен сайын Қазақстанда да демографиялық процесстер өзгеріп келеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2025 жылы елде 335 мың бала дүниеге келіп, жалпы туу коэффициенті 1000 адамға шаққанда 16,43 болды. Өңірлер арасында айырмашылық бар: Түркістан, Маңғыстау облыстарында және Шымкент қаласында жоғары көрсеткіштер байқалды. Бала туған аналардың орташа жасы 29,9 жас, ал тұңғыш баланы дүниеге әкелудің орташа жасы 25,3 жас болды. [1]. Бұл деректер демографиялық саясатта елдің жалпы көрсеткіштерімен қатар өңірлік ерекшеліктерді де ескеру қажеттігін көрсетеді.

Мақаланы жазудағы мақсат Қазақстанның отбасы-демографиялық саласындағы халықаралық ынтымақтастығының негізгі бағыттарын көрсету. Зерттеуде ресми құжаттарды талдау және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Негізгі дереккөздер ретінде Қазақстанның отбасылық және гендерлік саясат саласындағы құжаттары, БҰҰ және UNFPA материалдары алынды.

Қазақстанның отбасы саясатын дамытуда халықаралық деңгейде қабылданған құжаттар мен қағидаттарға да назар аударылады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында көрініс тапқан. Құжатта Тұрақты даму мақсаттары, БҰҰ-ның Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы және Қазақстанның отбасы мен гендерлік саясат саласындағы халықаралық міндеттемелері негізге алынған. [2]. Бұл ұлттық саясаттың халықаралық қағидаттарға негізделгенін көрсеткенімен, халықаралық тәжірибені дайын үлгі ретінде қабылдау дұрыс емес. Әр елдің демографиялық жағдайы, экономикалық мүмкіндігі және отбасылық

құндылықтары әртүрлі болғандықтан, тиімді тәсілдер ұлттық жағдайға бейімделуі қажет.

Қазақстан мен БҰҰ-ның 2026-2030 жылдарға арналған Тұрақты даму саласындағы ынтымақтастық бағдарламасы елдің ұлттық даму басымдықтарын БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен байланысуға бағытталған[3]. Бағдарламада адам әлеуетін дамыту, институттарды нығайту, инклюзивті экономика, қоршаған ортаның тұрақтылығы және әлеуметтік бірлік сияқты бағыттар белгіленген. [4] Бұл салалардың бірқатары отбасының өмір сапасына, денсаулыққа және әлеуметтік қорғалуына тікелей қатысты.

Қазақстанның демографиялық бағыты халықаралық ынтымақтастығында UNFPA маңызды орын алады. 2026-2030 жылдарға арналған елдік бағдарламада репродуктивтік денсаулық қызметтерінің қолжетімділігі, гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу және мемлекеттік шешімдер үшін сапалы демографиялық деректерді пайдалану негізгі бағыттардың қатарына енгізілен [5]. Демографиялық деректердің сапасы ерекше маңызды, өйткені халық санының өзі ғана жағдайды толық сипаттамайды. Жас құрылымы, көші-қон, туу мен өлім, сондай-ақ өңірлік айырмашылықтар туралы мәліметтер мемлекеттік саясатты жоспарлауға қажет.

Ұлттық статистика бюросымен UNFPA Қазақстандағы демографиялық жағдайдың болашақтағы өзгерістерін болжау бағытында бірлесіп жұмыс жүргізеді. Осы жұмыстар аясында 2055 жылға дейінгі халық санының ұлттық және өңірлік болжамдары қарастырылған [6]. Репродуктивтік және ана денсаулығы саласындағы бірлескен жұмыстар ана денсаулығын жақсарту, ана өлімінің алдын алу және жастар үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мәселелерін қамтиды [7].

Кесте 1 – Қазақстанның отбасы-демографиялық саладағы халықаралық ынтымақтастығының негізгі бағыттары

Бағыт	Ынтымақтастық мазмұны	Қазақстан үшін маңызы
Демографиялық деректер	Деректерді және демографиялық болжамдарды жетілдіру	Шешімдерді нақты деректерге негіздеу
Репродуктивтік денсаулық	Ана және репродуктивтік денсаулықты қорғау	Ана мен бала денсаулығын қолдау
Гендерлік теңдік	Теңдік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу	Отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін қолдау
Тұрақты даму	Ұлттық басымдықтарды ТДМ-мен байланыстыру	Ұлттық және халықаралық мақсаттардың сабақтастығы

Ескерту: автор БҰҰ және UNFPA ресми материалдары негізінде құрастырған.

Кесте-1 де көрсетілгендей, халықаралық ынтымақтастық бір ғана бағытпен шектелмейді. Демографиялық деректер мемлекеттік шешімдерді негіздеуге көмектессе, денсаулық пен гендерлік теңдікке қатысты бастамалар отбасының өмір сапасымен байланысты.Осы тұрғыдан БҰҰ және UNFPA-мен

ынтымақтастықтың практикалық маңызы халықаралық тәжірибені көшіріп алуда емес, оны Қазақстанның нақты қажеттіліктеріне бейімдеп пайдалануда деп бағалауға болады.

Ғылыми зерттеулер де отбасы саясаты мен демографиялық процестердің өзара байланысын көрсетеді. Қазақстандағы отбасы саясатын сарапшылар бағалауы негізінде зерттеген авторлар мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық сектордың өзара іс-қимылының маңызын атап өтеді [8]. Ал Қазақстандағы туу динамикасына арналған демографиялық зерттеу туу көрсеткіштеріндегі өзгерістердің әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарда байқалғанын көрсетеді [9]. Бұл еңбектер отбасы-демографиялық мәселелерді тек ресми бағдарламалар аясында емес, ғылыми зерттеулер негізінде де қарастыру қажеттігін дәлелдейді.

Қорытындылай келе, отбасы және демография мәселелері Қазақстанның халықаралық ынтымақтастығының әлеуметтік-гуманитарлық бағыттарының біріне айналып отыр. БҰҰ және UNFPA-мен бірлескен жұмыс демографиялық деректерді жетілдіру, репродуктивтік денсаулықты қорғау, гендерлік теңдік және тұрақты даму бағыттарын қамтиды. Мұндай ынтымақтастық Қазақстанға халықаралық тәжірибе мен сараптамалық мүмкіндіктерді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен бірге кез келген халықаралық тәсіл елдің демографиялық, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктеріне сай бейімделген жағдайда ғана пайдалы болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. 2025 жылғы туу туралы [Электрондық ресурс]. – 16.03.2026. – URL: https://stat.gov.kz/ru/news/o-rozhdaemosti-v-2025-godu/ (жүгінген күні: 23.09.2026).

2 Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы [Электрондық ресурс] // «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1600000384/info (жүгінген күні: 25.09.2026).

3 United Nations in Kazakhstan. The United Nations Sustainable Development Cooperation Framework 2026–2030 for Kazakhstan [Electronic resource]. – 15 January 2026. – URL: https://kazakhstan.un.org/en/308402-united-nations-sustainable-development-cooperation-framework-2026-2030-kazakhstan (жүгінген күні: 29.09.2026).

4 United Nations in Kazakhstan. UN and Kazakhstan Set Priorities for the Next Five Years of Cooperation [Electronic resource]. – 27 February 2026. – URL: https://kazakhstan.un.org/en/310895-un-and-kazakhstan-set-priorities-next-five-years-cooperation (жүгінген күні: 29.09.2026).

5 UNFPA Kazakhstan. UNFPA Kazakhstan Launches 6th Country Programme (2026–2030), Putting Social Norms Change at the Centre [Electronic resource]. – 16 January 2026. – URL: https://kazakhstan.unfpa.org/en/news/unfpa-kazakhstan-launches-6th-country-programme-2entity26%E2%80%932entity3entity-putting-social-norms (жүгінген күні: 29.09.2026).

6 UNFPA Kazakhstan. UNFPA Kazakhstan 2025 Annual Report: From Saving Lives to Unlocking Youth Potential [Electronic resource]. – 1 March 2026. – URL: https://kazakhstan.unfpa.org/en/news/unfpa-kazakhstan-releases-2entity25-annual-report-saving-lives-unlocking-youth-potential (жүгінген күні: 29.09.2026).

7 UNFPA Kazakhstan. Strengthening Reproductive and Maternal Health in Kazakhstan [Electronic resource]. – 20 May 2026. – URL: https://kazakhstan.unfpa.org/en/news/strengthening-reproductive-and-maternal-health-kazakhstan (жүгінген күні: 29.09.2026).

8 Salikzhanov R., Smagambet B., Otar E., Abetova Z. Family Policy as a Power Source of Political Stability: The Experience of Kazakhstan // Social Politics: International Studies in Gender, State & Society. – 2022. – Vol. 29, No. 2. – P. 521–535. – DOI: https://doi.org/10.1093/sp/jxaa043 (жүгінген күні: 27.09.2026).

9 Spoorenberg T. Sustained and Universal Fertility Recuperation in Kazakhstan // European Journal of Population. – 2023. – Vol. 39. – Article 23. – DOI: https://doi.org/10.1007/s10680-023-09671-6 (жүгінген күні: 27.09.2026).

ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ КАЗАХСТАНА В КОНТЕКСТЕ КОНКУРЕНЦИИ КОРИДОРОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Момынкулов Жанат Байжомартович

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Казахстан
momynkulov_zhb_1@enu.kz

Түйін: Мақалада Орталық Азиядағы көлік дәліздерінің бәсекелестігі мен өзара толықтырылуы жағдайындағы Қазақстанның көлік-логистикалық стратегиясы талданады. Транскаспий халықаралық көлік бағыты, Қытай-Еуропа теміржол қатынасы және Солтүстік-Оңтүстік бағыттары қарастырылады. Қазақстанның тұрақты логистикалық хаб ретіндегі орны инфрақұрылыммен қатар кедендік рәсімдерді үйлестіруге, цифрландыруға және өңірлік үйлестіруге байланысты екені негізделеді.

Аннотация: В статье анализируется транспортно-логистическая стратегия Казахстана в условиях конкуренции и взаимодополняемости коридоров Центральной Азии. Рассматриваются Транскаспийский международный транспортный маршрут, железнодорожные связи Китай-Европа и направления Север-Юг. Обосновывается, что устойчивость Казахстана как логистического узла зависит не только от инфраструктуры, но и от согласования процедур, цифровизации и региональной координации.

Abstract: The article examines Kazakhstan's transport and logistics strategy amid competition and complementarity among Central Asian corridors. It considers the Trans-Caspian International Transport Route, China-Europe rail links, and North-South connections. It argues that Kazakhstan's resilience as a logistics hub depends not only on infrastructure, but also on harmonized procedures, digitalization, and regional coordination.

Ключевые слова: Казахстан, Центральная Азия, транспортные коридоры, логистика, Средний коридор.

Введение

Изменение геополитической среды в Евразии превратило транспортные коридоры из преимущественно инфраструктурной темы в один из

инструментов внешней политики. Нарушения цепочек поставок, санкционные ограничения и стремление государств диверсифицировать торговые маршруты повысили значение Центральной Азии как пространства, соединяющего Китай, Европу, Россию, Южный Кавказ, Иран и Южную Азию. Для Казахстана этот процесс имеет двойное значение. С одной стороны, его территория, развитая железнодорожная сеть и выход к Каспийскому морю создают преимущества крупнейшего сухопутного транзитного государства региона. С другой стороны, рост альтернативных маршрутов через соседние страны усиливает конкуренцию за грузы, инвестиции и статус логистического узла.

Цель статьи состоит в выявлении места Казахстана в формирующейся системе транспортно-логистических коридоров Центральной Азии. Основной тезис заключается в том, что долгосрочное преимущество Казахстана определяется не монополией одного маршрута, а способностью связывать разные направления в совместимую сеть. Поэтому транспортная стратегия должна сочетать национальное лидерство с региональной координацией. Методологически исследование опирается на сравнительный анализ национальных стратегий, документов международных организаций и данных о ключевых коридорах. Для описания отношений государств используется понятие координируемой конкуренции: страны сотрудничают там, где необходимо обеспечить сквозное движение, но одновременно стремятся привлечь потоки на собственную инфраструктуру.

Казахстан как центральный узел региональной связности

Положение Казахстана формирует основу евразийской модели транспортной политики. Страна граничит с Китаем и Россией, соединена с государствами Центральной Азии и располагает портами Актау и Курык на Каспии. Это позволяет одновременно участвовать в направлениях Восток-Запад и Север-Юг. В отличие от государств, для которых первоочередной задачей остается преодоление транспортной изолированности, Казахстан уже управляет значительными транзитными потоками и сетью узлов. Хоргос и Достык обеспечивают сопряжение с китайской железнодорожной системой; каспийские порты связывают страну с Азербайджаном, Грузией, Турцией и европейскими рынками; южные линии открывают доступ к Узбекистану, Туркменистану и Ирану.

В государственной политике транзит рассматривается как ресурс экономической диверсификации. Развитие магистралей создает спрос на терминалы, складские услуги, ремонт, страхование, цифровые платформы и переработку грузов. Однако доходы от простого пропуска товаров ограничены. Более устойчивый эффект возникает при формировании добавленной стоимости вокруг логистических узлов. Следовательно, задача Казахстана состоит не только в увеличении тоннажа, но и в превращении коридоров в индустриально-логистические экосистемы. Официальная политика связывает модернизацию железных дорог, автомобильных

маршрутов, пограничных переходов и портов с усилением транзитного потенциала страны [1].

Стратегию Казахстана можно представить через три взаимосвязанных компонента. Первый – пропускная способность: модернизация путей, терминалов и портов должна устранять физические ограничения. Второй – качество управления: скорость транзита зависит от таможенных процедур, электронного документооборота, тарифной прозрачности и синхронизации расписаний. Третий – геоэкономическая диверсификация: сохранение северных связей сочетается с расширением Транскаспийского маршрута и направлений к Персидскому заливу. Такая конфигурация снижает зависимость от отдельного рынка или политически уязвимого участка.

Средний коридор и проблема сквозной эффективности

Транскаспийский международный транспортный маршрут, известный как Средний коридор, соединяет Китай и Европу через Казахстан, Каспийское море, Азербайджан, Грузию и Турцию. Его политическая привлекательность заметно выросла после 2022 года, поскольку грузоотправители стали активнее искать альтернативы северному маршруту. Всемирный банк оценивает коридор как направление, способное существенно нарастить объем перевозок при условии согласованных инвестиций и реформ; ключевыми факторами названы не только инфраструктура, но и надежность, время прохождения границ и качество логистических услуг [2]. Европейский союз также рассматривает транскаспийскую связность как часть устойчивых транспортных соединений с Центральной Азией [3].

Для Казахстана Средний коридор расширяет стратегическую автономию и повышает роль каспийских портов. Но мультимодальность маршрута одновременно является источником издержек: груз несколько раз перегружается между железной дорогой и морским транспортом, а участники применяют разные тарифы и процедуры. Задержка на одном звене снижает конкурентоспособность всей цепочки. Поэтому локальное увеличение мощности отдельного терминала не гарантирует ускорения доставки. ОБСЕ подчеркивает необходимость совместимых цифровых систем, предсказуемых тарифов и координации между странами коридора [4]. Казахстану выгодно выступать инициатором таких правил, поскольку именно надежность сквозного сервиса превращает его географическое положение в устойчивое преимущество.

В этом контексте конкуренция маршрутов не должна пониматься как игра с нулевой суммой. Узбекистан развивает западные и южные выходы, Кыргызстан включается в проект железной дороги Китай-Кыргызстан-Узбекистан, Туркменистан использует каспийские и иранские направления, а Таджикистан улучшает внутреннюю и трансграничную связанность. Часть потоков может обходить Казахстан, но расширение всей региональной сети одновременно создает новые точки подключения к казахстанским магистралям. Чем выше совместимость коридоров, тем больше возможностей

для перенаправления грузов при кризисах. Такое сочетание соперничества и взаимозависимости и составляет координируемую конкуренцию.

Региональная конкуренция и внешние партнеры

Транспортные стратегии государств Центральной Азии различаются по исходным условиям. Казахстан опирается на масштаб территории, существующую сеть и прямую границу с Китаем. Узбекистан использует центральное положение и стремится диверсифицировать выходы на запад, юг и восток. Кыргызстан видит возможность повысить транзитное значение через новую железнодорожную связь с Китаем и Узбекистаном. Туркменистан сочетает каспийское направление с доступом к Ирану, а Таджикистан рассматривает транспорт прежде всего как средство преодоления внутренней и внешней периферийности. Национальные проекты поэтому конкурируют за финансирование и грузы, но их полноценная работа требует доступа к сетям соседей.

Значительную роль играют внешние участники. Китай финансирует инфраструктуру и заинтересован в устойчивых сухопутных связях в рамках инициативы «Пояс и путь». Европейский союз поддерживает направление через Каспий как элемент диверсификации цепочек поставок. Россия сохраняет значение рынка, транзитной территории и партнера по Евразийскому экономическому союзу. Турция и государства Южного Кавказа заинтересованы в росте транскаспийских перевозок, а Иран теоретически обеспечивает потенциальный доступ к портам Персидского залива. Конкуренция этих интересов расширяет выбор центральноазиатских стран, но может привести к фрагментации стандартов и к строительству параллельных мощностей без достаточного спроса.

Казахстанская многовекторность позволяет взаимодействовать со всеми основными партнерами без жесткой привязки к одному коридору. Вместе с тем транспортная политика должна учитывать коммерческую жизнеспособность. Как показывает исследование Р. Помфрета, успех евразийского сухопутного моста определяется не только предложением инфраструктуры, но и спросом, качеством сервиса и государственной политикой [5]. Следовательно, геополитическая ценность проекта не заменяет расчет грузовой базы, стоимости и срока доставки. Инвестиционные решения целесообразно принимать на основе сопоставимых показателей загрузки, надежности и полного логистического тарифа.

Ограничения и направления совершенствования стратегии

Главное ограничение Казахстана связано с разрывом между географическим потенциалом и фактической эффективностью. На границах сохраняются задержки, отдельные участки железных дорог испытывают нагрузку, а каспийское плечо зависит от погоды, флота и согласования портовых операций. Международный опыт мониторинга коридоров показывает, что время и стоимость прохождения границ могут нейтрализовать преимущества расстояния [6]. Кроме того, санкционные режимы, нестабильность вокруг Афганистана и Ирана, а также колебания мировой

торговли создают риски, которые невозможно устранить строительством одного альтернативного маршрута.

Первым приоритетом должна стать цифровая совместимость. Единые электронные документы, предварительный обмен таможенными данными и отслеживание груза уменьшают неопределенность и простои. Второй приоритет – согласованная тарифная политика по всей цепочке. Грузоотправителю важна конечная цена, а не тариф одного национального оператора. Третий – синхронизация инфраструктурных планов, чтобы расширение мощности в Казахстане сопровождалось соответствующими решениями в портах и на железных дорогах партнеров. Четвертый – развитие логистических и производственных сервисов в Хоргосе, Актау, Курык и других узлах, позволяющее получать больше экономической выгоды от транзита.

На региональном уровне целесообразно создать постоянный механизм координации коридоров Центральной Азии. Его задачами могли бы стать обмен данными о пропускной способности и задержках, сопоставление инвестиционных планов, разработка протоколов перенаправления грузов и согласование цифровых стандартов. Такой механизм не требует отказа от национальных интересов. Напротив, прозрачные данные позволят государствам лучше оценивать проекты и избегать дублирования. Платформы CAREC и другие многосторонние форматы дают институциональную основу для подобного сотрудничества [6; 7].

Для Казахстана региональная координация является формой лидерства. Страна обладает ресурсами и инфраструктурой, достаточными для инициирования единых правил, но ее преимущества реализуются только в связке с соседними системами. Политика, ориентированная исключительно на привлечение максимального объема грузов на национальную территорию, способна усилить тарифную конкуренцию и снизить общую надежность. Более продуктивно формировать сеть взаимодополняющих маршрутов, в которой Казахстан сохраняет центральность благодаря качеству сервиса, масштабу узлов и способности обеспечивать переключение между направлениями.

Заключение

Центральная Азия становится не единым коридором, а системой пересекающихся маршрутов. Казахстан занимает в ней наиболее сильную исходную позицию благодаря границе с Китаем, развитой железнодорожной сети, каспийским портам и связям с северными и южными направлениями. Однако география сама по себе не обеспечивает устойчивого лидерства. Конкурентоспособность зависит от скорости границ, предсказуемости тарифов, цифровой совместимости, качества терминалов и способности участников действовать как единая логистическая цепочка.

Оптимальная стратегия Казахстана состоит в сочетании инфраструктурной модернизации, диверсификации маршрутов и институционального лидерства. Средний коридор должен развиваться вместе

с северными и южными связями как часть резервируемой сети, способной перенаправлять потоки при внешних шоках. В этом смысле конкуренция с соседями совместима с сотрудничеством: национальные государства сохраняют борьбу за инвестиции и услуги, но координируют стандарты и критические участки. Переход от транзитной территории к евразийскому логистическому узлу будет определяться тем, насколько Казахстан сумеет превратить транспортную инфраструктуру в надежную региональную систему и источник добавленной стоимости.

Литература

1. Правительство Республики Казахстан. Реализация поручений Президента: развитие транспортной отрасли и логистического потенциала Казахстана. 9 февраля 2026 г. URL: https://primeminister.kz/ (дата обращения: 12.09.2026).
2. World Bank. Middle Trade and Transport Corridor: Policies and Investments to Triple Freight Volumes and Halve Travel Time by 2030. Washington, DC: World Bank, 2023. URL: http://documents.worldbank.org/curated/en/099111723122527465 (accessed: 12.09.2026).
3. European Commission. Sustainable Transport Connections between Europe and Central Asia. Brussels, 2023. URL: https://transport.ec.europa.eu/ (accessed: 12.09.2026).
4. OECD. Enhancing the Competitiveness of the Trans-Caspian Transport Corridor in Central Asia. Paris: OECD Publishing, 2025. DOI: 10.1787/f261e7fa-en.
5. Pomfret R. The Eurasian Landbridge and China's Belt and Road Initiative: Demand, Supply of Services and Public Policy // The World Economy. 2019. Vol. 42. No. 6. P. 1642-1653. DOI: 10.1111/twec.12758.
6. CAREC. Corridor Performance Measurement and Monitoring Annual Report 2022. Manila: Asian Development Bank, 2023.
7. UNESCAP. Infrastructure Corridor Development Series. Part I: In-depth Analysis of Three Promising Infrastructure Corridors. Bangkok: United Nations, 2021.
8. Garcia Z. National Consolidation and Regional Institutionalization // China's Western Frontier and Eurasia: The Politics of State and Region-Building. London: Routledge, 2021. P. 76-125. DOI: 10.4324/9781003141822-4.

ҚАЗАҚСТАН МЕН СИНГАПУР: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Қаңлыбай Б.Ж., Турунтаева А.А.

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс магистранты,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
e-mail: bayankanlibay@gmail.com
(Астана, Қазақстан)

Түйін. Мақалада Қазақстан мен Сингапурдың жасанды интеллект (ЖИ) саласындағы ынтымақтастығы стратегиялық серіктестіктің жаңа бағыты ретінде талданады. Екі елдің ұлттық ЖИ саясаты салыстырылып, ынтымақтастықтың қазіргі институционалдық негізі, мүмкіндіктері мен тәуекелдері анықталды. Байланыс әзірге

саяси-институционалдық кезеңде екені және оны нақты бірлескен жобаларға айналдыру қажеттігі көрсетілді.
Кілт сөздер: жасанды интеллект, Қазақстан, Сингапур, стратегиялық серіктестік, цифрлық дипломатия, ЖИ реттеу.

Аннотация. В статье анализируется сотрудничество Казахстана и Сингапура в сфере искусственного интеллекта (ИИ) как новое направление стратегического партнёрства. Сравниваются национальные стратегии двух стран в области ИИ, определяются современная институциональная основа сотрудничества, его возможности и риски. Отмечается, что взаимодействие двух стран пока находится на политико-институциональном этапе, и подчёркивается необходимость его преобразования в конкретные совместные проекты.
Ключевые слова: искусственный интеллект, Казахстан, Сингапур, стратегическое партнёрство, цифровая дипломатия, регулирование ИИ.

Abstract. The article examines cooperation between Kazakhstan and Singapore in the field of artificial intelligence (AI) as a new area of strategic partnership. The national AI policies of the two countries are compared, and the current institutional framework, opportunities, and risks of cooperation are identified. The article demonstrates that bilateral engagement remains at the political and institutional stage and highlights the need to translate it into concrete joint projects.
Keywords: artificial intelligence, Kazakhstan, Singapore, strategic partnership, digital diplomacy, AI regulation.

Жасанды интеллект бүгінде мемлекеттің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін, басқару тиімділігін және технологиялық егемендігін айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Қазақстанда 2026 жыл Президент шешімімен Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланып, Үкіметке алдағы үш жылда ЖИ-ді кеңінен енгізу арқылы толыққанды цифрлық экономика құру міндеті қойылды [1]. Сингапур ЖИ жөніндегі ұлттық стратегиясын алғаш рет 2019 жылы қабылдап, оның екінші нұсқасын (NAIS 2.0) 2023 жылғы 4 желтоқсанда іске қосты [2].

Екі елдің қарым-қатынасы дәстүрлі түрде сауда, инвестиция және көлік-логистика төңірегінде дамыды. Алайда 2024–2026 жылдардағы жоғары деңгейлі кездесулерде ЖИ мен цифрландыру тұрақты тақырыпқа айналды [3, 4]. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан мен Сингапур арасындағы ЖИ саласындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйін талдап, оның стратегиялық серіктестіктің жаңа бағыты ретіндегі әлеуетін бағалау. Үш сұраққа жауап беріледі: 1) екі елдің ЖИ саясатында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар; 2) ынтымақтастық қазір қандай тетіктер арқылы жүзеге асуда; 3) оны тереңдету үшін қандай қадамдар қажет.

Зерттеу сапалық сипатта жүргізілді. Қолданылған әдістер: 1) ресми құжаттар мен хабарламаларға контент-талдау (Қазақстан Үкіметі мен СІМ, Сингапурдың Smart Nation бағдарламасы материалдары) [1, 5, 6]; 2) екі елдің ЖИ саясатын салыстырмалы талдау; 3) заң және консалтингтік шолулар негізінде құқықтық және нарықтық жағдайды бағалау [7, 8]; 4) деректерді жүйелеу арқылы автор құрастырған салыстырмалы кесте (1-кесте). Талдау

2026 жылғы 17 қазандағы жағдай бойынша ашық дереккөздерге сүйенеді. Шектеулер: бірлескен ЖИ жобаларының көлемі мен қаржыландыруы туралы жүйелі ашық статистика жоқ; сондай-ақ Қазақстанның Oxford Insights ЖИ дайындық индексіндегі орны дереккөздерде әртүрлі (58-ші және 60-шы) көрсетілген [9, 10], сондықтан мақалада «58–60-шы орын» деп беріледі.

Тақырыптың өзектілігі төрт факторға байланысты. Біріншіден, Қазақстан ЖИ-ді құқықтық реттеуде өңірде көш бастады: 2025 жылғы 17 қарашада қол қойылған заң Орталық Азиядағы алғашқы осындай заң болды [11, 12] және 2026 жылғы 18 қаңтарда күшіне енді [7]. Оны практикада іске асыру үшін Сингапурдың сенімді ЖИ және басқару тәжірибесі пайдалы. Екіншіден, Сингапур ЖИ-дің дамуы үшін қолайлы инфрақұрылым мен ортаны орталықтан үйлестіре отырып жасайды [13]. Үшіншіден, екі ел өз өңірлерінде бір-бірінің ең ірі сауда серіктесі, ал Сингапурдың Қазақстанға тікелей инвестициясы 2025 жылы екі есе өсіп, шамамен 1,5 млрд долларға жетті [4, 14]. Төртіншіден, Қазақстанда ЖИ кадрлары мен корпоративтік R&D тапшылығы сақталады [9], бұл халықаралық әріптестікті қажет етеді

Қазақстанның ЖИ экожүйесі

2025 жыл Қазақстанның цифрлық трансформациясында бетбұрыс болды: ЖИ туралы заңмен қатар арнайы министрлік құрылып, Alem.AI халықаралық орталығы ашылды, ұлттық суперкомпьютер іске қосылып, әлемдегі ең қуатты жүйелер тізімінде 86-орынға ие болды [15]. Министрлік 2025 жылғы қыркүйекте бұрынғы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі негізінде құрылды [7]. Заң ЖИ жүйелерінің иелеріне тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз ету міндеттерін жүктеп, ЖИ арқылы жасалған өнімді таңбалауды талап етеді [16]. ЖИ көмегімен жасалған туынды тек адамның шығармашылық үлесі болғанда қорғалады [11], ал авторлық құқық объектілерін ЖИ-ді оқытуға пайдалану құқық иесінің келісімінсіз еркін пайдалану болып саналмайды [17]. Ұлттық ЖИ платформасы деректер мен есептеу қуатын мемлекеттік органдарға, стартаптарға және университеттерге ұсынады [18]. Кадр бағытында жыл сайын 10 мың талант, 1 мың ЖИ маманы және 100 ЖИ стартап даярлау көзделген [18], 2030 жылға қарай бір миллион адамды ЖИ дағдыларына оқыту жоспарланған [19]. Халықаралық көрсеткіштер де оң: Қазақстан 195 елдің ішінде 58–60-орынға көтеріліп, бір жылда 16 орынға жақсарды [9, 10], ал ХВҚ-ның ЖИ дайындық индексінде 174 елдің ішінде 48-орында тұр [8]. Дегенмен ресми есептің өзі елдің жаһандық «орта» позициясын, корпоративтік R&D деңгейінің төмендігін және қоғам дайындығының жеткіліксіздігін мойындайды [9].

Сингапурдың тәжірибесі

Сингапурдың ЖИ-ге ерте салған инвестициясы шамамен 150 зерттеуәзірлеме тобы мен 900 стартаптың қалыптасуына алып келді [6]. NAIS 2.0 «Қоғамдық игілік үшін ЖИ – Сингапур және әлем үшін» деген пайымға сүйеніп, «Үздіктік» және «Мүмкіндік беру» деген екі мақсат қояды және 3–5 жылға арналған 15 іс-қимылды қамтиды [2, 6]. Стратегияны Премьер-министр

кеңсесінің құрамындағы Smart Nation тобы үйлестіреді [2]. Үкімет ЖИ бойынша жұмысты «орталықтан үйлестіріп», бизнес, ғылым және қоғамдық ұйымдармен әріптестікке сүйенеді, ал технологияны «жауапты және тұрақты» басқару қажеттігін де атап өтеді [13].

Ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі

Ынтымақтастық бірнеше деңгейде дамуда. 2024 жылғы мамырда Мемлекет басшысының Сингапурға сапары аясында Цифрлық даму министрі Ж. Мәдиев Сингапурдың мемлекеттік технологиялық агенттігі мен AI Singapore басшылығымен кездесіп, Қазақстанның ЖИ экожүйесін дамыту үшін AI Singapore-пен ынтымақтастыққа баса назар аудару қажеттігін атады [3]. 2026 жылғы наурызда Singapore Cooperation Enterprise агенттігінің делегациясы Цифрлық даму министрлігінің өкілдерімен кездесіп, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан–Сингапур кванттық технологиялар орталығы ашылды [5]. Елші мен Сингапурдың Цифрлық даму және ақпарат министрлігінің өкілі цифрландыру, ЖИ, киберқауіпсіздік және GovTech бағыттарын талқылады [20]; тараптар 2026 жылғы мамырдағы «Asia Tech x Singapore» және қазандағы Астанадағы «AI&Digital Bridge» форумдарына қатысу мүмкіндігін қарастырды [5]. 2026 жылғы тамызда Қ. Тоқаев Сингапурдың аға министрі Ли Сянь Лунмен (Lee Hsien Loong) кездесіп, ЖИ және цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты күшейтуді ұсынды [4]. Премьер-министр Ө. Бектенов пен Ли Сянь Лун кездесуінде ЖИ енгізу мен цифрландыру талқыланып, су ресурстарын басқару және көпмодальды көлік, цифрландыру бойынша құжаттарға қол қойылды [1].

1-кесте – Қазақстан мен Сингапурдың ЖИ саясатын салыстырмалы талдау

Бағыт	Қазақстан	Сингапур	Ынтымақтастық әлеуеті (автор бағасы)
Стратегиялық негіз	ЖИ туралы заң (2025), ЖИ даму тұжырымдамасы, 2026 – ЖИ жылы [1, 7, 18]	NAIS 2.0 (2023): 15 іс-қимыл, 3–5 жылдық кезең [2]	Ортақ басымдықтарды сәйкестендіру
Институттар	ЖИ және цифрлық даму министрлігі, Alem.AI [15]	Smart Nation тобы, AI Singapore [2, 3]	Институттар арасындағы тұрақты диалог
Реттеу тәсілі	Міндетті таңбалау, тәуекелдерді басқару, авторлық құқық [11, 16]	Орталықтан үйлестіру, жауапты әрі тұрақты басқару [13]	Сенімді ЖИ бойынша тәжірибе алмасу

Бағыт	Қазақстан	Сингапур	Ынтымақтастық әлеуеті (автор бағасы)
Инфрақұрылым	Ұлттық суперкомпьютер (86-орын), ұлттық ЖИ платформасы [15, 18]	ЖИ өмірлік циклін қолдайтын қолайлы орта [13]	Деректер мен есептеу қуаты бойынша әріптестік
Кадрлар	Жылына 10 мың талант; 2030 жылға дейін 1 млн адам [18, 19]	Үздік таланттарды тарту; AI Singapore [3, 13]	Бірлескен оқыту бағдарламалары [1]
Қолданыстағы байланыстар	Кванттық орталық, форумдар, меморандумдар [1, 5]	Singapore Cooperation Enterprise арқылы әріптестік [1, 5]	Келісімдерді нақты жобаларға айналдыру

Ескертпе: кестені автор құрастырды [1, 3, 5, 11, 13, 15, 16, 18, 19] *дереккөздері негізінде; соңғы баған – автордың жеке бағасы.*

Мүмкіндіктер мен тәуекелдер талдауы

Талдау ынтымақтастықтың әзірге саяси-институционалдық кезеңде екенін көрсетеді: ашық дереккөздерде кездесулер, меморандумдар және орталық ашу фактілері бар, ал ЖИ бойынша бірлескен жобалардың көлемі мен қаржыландыруы туралы мәлімет жоқ. Мүмкіндіктер мыналар: 1) реттеу – Қазақстанның заңы жаңа ғана күшіне енгендіктен, Сингапурдың тәжірибесі іске асырудың бастапқы кезеңінде практикалық мәнге ие; 2) көлік-логистика – Middle Corridor Multimodal мен Singapore Cooperation Enterprise арасындағы көлік, сауданы жеңілдету және цифрландыру жөніндегі меморандум [1]; 3) бизнес – Сингапур қазақстандық компанияларға АСЕАН нарығына, ал Қазақстан сингапурлық бизнеске Орталық Азияға жол аша алады, ал PSA мен «Қазақстан темір жолы» бірлескен кәсіпорны іс жүзіндегі ынтымақтастықтың мысалы [14]; 4) инвестиция – Қазақстандағы ЖИ-ге инвестиция 2025 жылы 75 млн доллардан асып, 2023 жылғымен (14 млн) салыстырғанда бес еседен артық өсті [9].

Тәуекелдер: елдердің масштабы мен ЖИ экожүйесінің жетілу деңгейіндегі айырмашылық; Қазақстандағы корпоративтік R&D және қоғамдық дайындықтың төмендігі; ЖИ табысты енгізілген жағдайда жұмыс орындарының шамамен 5 %-ының қысқару қаупі [9]; сондай-ақ ынтымақтастықтың декларативті күйде қалып қою қаупі. Осыны ескере отырып, автор мынадай қадамдарды ұсынады: екі елдің ЖИ жөніндегі ведомствоаралық жұмыс тобын құру; Alem.AI мен AI Singapore арасында кадр және тәжірибе алмасу бағдарламасын бастау; GovTech бағытында пилоттық жобалар жүргізу [20]; «AI&Digital Bridge» форумын тұрақты алаңға айналдыру [5].

Қорытындылай келе, зерттеу Қазақстан мен Сингапурдың ЖИ саласындағы ынтымақтастығы стратегиялық серіктестіктің жаңа бағыты ретінде қалыптасып келе жатқанын көрсетті. Қазақстанның ЖИ туралы заңы,

жаңа министрлігі, Alem.AI орталығы мен есептеу инфрақұрылымы, сондай-ақ Сингапурдың жүйелі ұлттық стратегиясы мен сенімді ЖИ тәжірибесі бір-бірін толықтыра алады. Алайда қазіргі кезеңде ынтымақтастық көбіне саяси және институционалдық деңгейде қалып отыр, ал нақты бірлескен жобалардың көлемі ашық дереккөздерде расталмайды. Сондықтан келесі кезеңнің басты міндеті – келісімдерді кадр даярлау, реттеу, GovTech және көлік-логистика бағыттарындағы өлшенетін жобаларға айналдыру. Болашақ зерттеулерде бірлескен жобалар бойынша нақты көрсеткіштер жиналған сайын осы бағалауды сандық деректермен нақтылау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Kazakhstan and Singapore Sign Agreements on Water Management and Middle Corridor Development // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – URL: https://primeminister.kz/en/news/kazakhstan-and-singapore-sign-agreements-on-water-management-and-middle-corridor-development-31819

2. National Artificial Intelligence Strategy 2.0 to Uplift Singapore's Social and Economic Potential // Ministry of Digital Development and Information, Singapore [Электрондық ресурс]. – 04.12.2023. – URL: https://www.mddi.gov.sg/newsroom/04122023/

3. Bizmedia.kz. Казахстан и Сингапур договорились о сотрудничестве в сфере развития IT [Электрондық ресурс]. – 28.05.2024. – URL: https://bizmedia.kz/2024-05-28-kazahstan-i-singapur-dogovorilis-o-sotrudnichestve-v-sfere-razvitiya-it/

4. Kazakhstan plans to use Singapore's experience in building new Astana airport // News dalla rete ITA [Электрондық ресурс]. – 27.08.2026. – URL: https://www.ice.it/it/news/notizie-dal-mondo/308153

5. Қазақстан мен Сингапур цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы ынтымақтастықты талқылады // ҚР-ның Сингапурдағы елшілігі [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa-singapore/press/news/details/1197499

6. National AI Strategy // Smart Nation Singapore [Электрондық ресурс]. – URL: https://smartnation.gov.sg/nais

7. Kazakhstan enacts comprehensive AI legal framework effective January // Stones Law [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.stoneslaw.net/kazakhstan-enacts-comprehensive-ai-legal-framework-effective-january/

8. Kazakhstan AI Readiness Report. – KPMG in Kazakhstan, 2025. – URL: https://assets.kpmg.com/content/dam/kpmg/kz/pdf/2025/03/Kazakhstan-AI-Readiness-eng.pdf

9. Government report highlights artificial intelligence gains in Kazakhstan // Eurasianet (Intellinews қайта жариялауы) [Электрондық ресурс]. – 02.02.2026. – URL: https://www.intellinews.com/government-report-highlights-artificial-intelligence-gains-in-kazakhstan-423547/

10. Kazakhstan Becomes Regional Leader in AI Readiness // The Times of Central Asia [Электрондық ресурс]. – URL: https://timesca.com/?p=41373

11. Kazakh President signs law on artificial intelligence // Silk Way TV [Электрондық ресурс]. – URL: https://silkwaytv.kz/en/kazakh-president-signs-law-on-artificial-intelligence_61015

12. Werner J. Kazakhstan Enacts Central Asia's First Comprehensive AI Law, Setting Regional Benchmark // BABL AI [Электрондық ресурс]. – URL: https://babl.ai/?p=8957

13. Singapore says aiming to become where world's best AI talents gather under renewed adoption strategy // Malay Mail [Электрондық ресурс]. – 04.12.2023. – URL: https://www.malaymail.com/news/singapore/2023/12/04/singapore-says-aiming-to-become-where-worlds-best-ai-talents-gather-under-renewed-adoption-strategy/105799

14. Experts: Political Trust Sets Stage for Next Phase of Kazakhstan-Singapore Partnership // The Astana Times [Электрондық ресурс]. – 2026. – URL: https://astanatimes.com/2026/08/experts-political-trust-sets-stage-for-next-phase-of-kazakhstan-singapore-partnership/

15. 2025: Year of Kazakhstan's digital transformation // Silk Way TV [Электрондық ресурс]. – URL: https://silkwaytv.kz/en/2025-year-of-kazakhstan-s-digital-transformation_62237

16. Tokayev signs law on Artificial Intelligence // Kazakhstan Today [Электрондық ресурс]. – 17.11.2025. – URL: https://www.kt.kz/eng/government/tokayev_signs_law_on_artificial_intelligence_1377983990.html

17. de Leon E.A. Kazakhstan now has an AI law // Asia IP [Электрондық ресурс]. – 27.11.2025. – URL: https://asiaiplaw.com/section/news-analysis/kazakhstan-now-has-an-ai-law

18. Kazakhstan's readiness to introduce AI into economic structures is assessed as high – Zhaslan Madiyev // Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. – URL: https://primeminister.kz/en/news/kazakhstans-readiness-to-introduce-ai-into-economic-structures-is-assessed-as-high-zhaslan-madiyev-28790

19. Kazakhstan aims to train one million people in AI skills by 2030 // Euronews [Электрондық ресурс]. – 07.01.2026. – URL: https://www.euronews.com/culture/2026/01/07/kazakhstan-aims-to-train-one-million-people-in-ai-skills-by-2030

20. Kazakhstan and Singapore Discussed Cooperation in the Field of Digitalization and Artificial Intelligence // Қазақстан Республикасы CIM [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/28708?lang=en

«БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫ АЯСЫНДА ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМСАҚ КҮШІН ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ

Жұмақан Жұпар, Турунтаева А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Казахстан, zhupar0307@gmail.com

Аңдатпа: 2013 жылы Қазақстанда Жібек жолының экономикалық белдеуін құру бастамасы алғаш рет ұсынылғаннан бері Қытайдың Қазақстандағы жұмсақ күшін қалыптастыру және ілгерілету үдерісі жүйелі түрде жалғасып келеді. Бұл мақала Джозеф Найдың жұмсақ күш теориясын теориялық негіз ретінде ала отырып, Қытайдың Қазақстандағы негізгі іске асыру жолдарын, соның ішінде Конфуций институттарын дамыту, білім беру алмасулары, медиа-коммуникация және мәдени іс-шараларды жүйелі түрде қарастырады және олардың нақты нәтижелерін бағалайды. Зерттеу нәтижелері Қытайдың білім беру саласында белгілі бір нәтижелерге қол жеткізгенін көрсетеді: Қытайда білім алып жатқан қазақстандық студенттердің саны 15 мың адамға жетіп, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында алдыңғы қатарға шыққан. Алайда жұмсақ күштің жалпы тиімділігі тарихи қабылдау мұрасы, Қазақстан қоғамындағы прагматикалық ұстанымдар сияқты факторлармен шектеледі. Қытайдың Қазақстандағы жұмсақ күшін ілгерілету институционалдық құрылымдар құрумен ғана шектелмей, қоғамдық қолдауды қалыптастыруға және мәдени тартымдылықты арттыруға көбірек көңіл бөлуі қажет.

Түйін сөздер: жұмсақ күш; «Бір белдеу, бір жол»; Қазақстан; Конфуций институты; мәдени дипломатия

Кіріспе

Қытай жұмсақ күшті дамытуға үлкен мән береді. Қытай Коммунистік партиясының XVII съезі баяндамасында мемлекеттің мәдени жұмсақ күшін арттыру стратегиялық міндет ретінде нақты айқындалды. «Бір белдеу, бір жол» шеңберінде бес негізгі ынтымақтастық бағытының бірі болып табылатын халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайту («民心相通») жұмсақ күшті дамытуға қатысты стратегиялық ұстанымды айқын көрсетеді. 2013 жылғы қыркүйекте Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстандағы Назарбаев университетінде сөйлеген сөзінде Жібек жолының экономикалық белдеуін бірлесіп құру бастамасын алғаш рет ұсынды. Бастама алғаш көтерілген ел әрі құрлықтық Жібек жолы экономикалық белдеуінің маңызды торабы ретінде Қазақстан Қытайдың көршілес елдермен дипломатиялық байланыстары жүйесінде ерекше орын алады.

Қазақстан — әлемдегі теңізге шығатын жолы жоқ ең ірі мемлекет, сондай-ақ Орталық Азиядағы экономикалық әлеуеті ең жоғары мемлекет. Бұрынғы Кеңес Одағының одақтас республикасы ретінде Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін көпвекторлы және теңгерімді сыртқы саясат ұстанып, Ресей, Қытай және Батыс елдері арасында ынтымақтастық пен тепе-теңдік іздеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан Қытайдың Орталық Азиядағы жұмсақ күшін іске асыру нәтижелерін зерттеудің қолайлы мысалы болып табылады. Бұл мақала Қытайдың Қазақстандағы жұмсақ күшін қалыптастырудың негізгі жолдарын, нақты нәтижелері мен оны шектейтін факторларды жүйелі түрде зерттеп, Қытай мен Қазақстан арасындағы гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге қатысты ұсынымдар беруді мақсат етеді.

Жұмсақ күш теориясының Қытайдағы практикада қолданылуы

Қытай ғылыми қауымдастығы жұмсақ күш теориясын ұлттық жағдайға бейімдей отырып түсіндірді. Батыста азаматтық қоғамға, бұқаралық мәдениетке және демократиялық құндылықтарға негізделген табиғи тартымдылыққа басымдық берілсе, Қытайдың жұмсақ күшін қалыптастыруда мемлекет жетекшілік ететін мәдени дипломатияға, даму тәжірибесімен бөлісуге және өзара тиімділік пен ұтысқа негізделген ынтымақтастық қағидатына ерекше мән беріледі. «Адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы» тұжырымдамасы осы ұстанымның негізгі көрінісі болып табылады. Ян Сюэтун моральдық реализм тұрғысынан халықаралық саясаттағы моральдық факторлар — саяси көшбасшылық сапасы мен сыртқы саясаттың легитимділігі — мемлекеттің өрлеуі мен әлсіреуін айқындайтын негізгі айнымалылар екенін атап көрсетеді. Осыған сәйкес жұмсақ күш тек мәдени тартымдылық емес, сонымен бірге моральдық беделге негізделген көшбасшылық қабілет болып табылады. Чжан Цинмин дипломатиялық практика тұрғысынан Қытай дипломатиясының жұмсақ күшін үш деңгейге бөледі: дипломатиялық

идеялардың тартымдылығы (бейбіт қатар өмір сүрудің бес қағидаты, үйлесімді әлем, адамзат тағдырының ортақ қауымдастығы және т.б.); дипломатиялық стильдің тартымдылығы (сенім мен міндеттемеге адалдық, айырмашылықтарды құрметтеу, тең дәрежелі келіссөздер және т.б.); дипломатиялық жетістіктердің сендіру күші (көршілес елдермен дипломатия, көпжақты тетіктер, жаһандық басқару және басқа салалардағы үлестер).

Қытайдың ғылыми ортасында бұл теорияға сыни тұрғыдан қайта қарау да жүргізілді. Бірқатар зерттеушілер Батыстың тұжырымдамалық шеңберіне шамадан тыс сүйену дискурстық ықпалдың әлсіреуіне әкелуі мүмкін екенін көрсетіп, халықаралық коммуникацияның дербес теориялық жүйесін қалыптастыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар кейбір ғалымдар жұмсақ күшті дамыту материалдық, яғни «қатты күштің» негізінен ажырамауы тиіс деп санайды. Практикалық тұрғыдан алғанда, Қытайдың жұмсақ күші негізінен Конфуций институттарына, мемлекеттік стипендиялар мен университетаралық ынтымақтастыққа, Қытайдың Орталық радио және теледидар басқармасының халықаралық коммуникация желісіне, сондай-ақ туризм, дәстүрлі қытай медицинасы, ушу және басқа да мәдени ресурстарды ілгерілетуге сүйенеді. «Бір белдеу, бір жол» аясындағы халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайту бағыты осы элементтерді жұмсақ күшті неғұрлым стратегиялық түрде іске асыру шеңберіне жүйелі түрде біріктіреді.

Іске асыру жолдары

(1) Конфуций институттары және тілдік-мәдени білім беру. Қазақстанда Астана, Алматы және басқа да ірі қалаларда орналасқан 5 Конфуций институты және 1 Конфуций сыныбы құрылды. Конфуций институттарында қытай тілі курстары өткізіліп, HSK емтихандары ұйымдастырылады, мәдени таныстыру іс-шаралары өткізіледі және Қытай үкіметінің стипендиясына өтінім беруге жәрдем көрсетіледі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Конфуций институты 15 жыл ішінде 3500-ден астам тыңдаушыны оқытты. Конфуций институттарынан бөлек, 2024 жылы Бейжің тіл және мәдениет университетінің Астана филиалы ресми түрде ашылды. Бұл Қытай мен Қазақстан арасындағы білім беру ынтымақтастығының жаңа кезеңге өткенін білдіреді. Филиал екі елге аса қажетті жоғары білікті аудармашыларды даярлауға басымдық беріп, Қытай мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық және дипломатиялық салалардағы терең ынтымақтастықты кадрлық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Сонымен қатар Жібек жолы университеттер альянсына Қазақстанның 7 жоғары оқу орны қосылып, ғылыми зерттеулер, оқытушылар алмасуы және бірлескен кадр даярлау сияқты көпдеңгейлі ынтымақтастықтың дамуына ықпал етті.

(2) Шетелде білім алу және кадрлар алмасуы. 2025 жылға қарай Қытайда білім алып жатқан қазақстандық студенттердің саны тұрақты түрде 10 мыңнан астам деңгейде сақталды, ал Қытай Қазақстан жастары үшін шетелде білім алудың негізгі бағыттарының бірі болып қала берді. Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі 2025 жылғы мамырда

өткен Қытай — Орталық Азия білім министрлерінің кездесуінде 10 мыңнан астам қазақстандық студенттің Қытайда білім алып жатқанын мәлімдеді; ал 2025 жылғы шілдедегі бұқаралық ақпарат құралдарының хабарлауынша, Қытайдағы қазақстандық студенттердің саны шамамен 12 мың адамды құраған. Қытай үкіметінің стипендия бағдарламасы маңызды тарту тетігі ретінде өз рөлін жалғастыруда: 2025–2026 оқу жылында Қытай тарапы үкіметтік стипендиялар және Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде Қазақстанға білім беру саласы бойынша 44 гранттық орын ұсынды. Алайда бұған дейінгі зерттеулер қазақстандық студенттердің қытай тілін үйрену мотивациясында практикалық және жұмыспен қамтуға бағытталған мақсаттардың әлі де басым екенін көрсетеді. Олар қытай тілін меңгеру деңгейін арттыру арқылы Қытайда білім алуға арналған стипендияға қол жеткізуді және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін күшейтуді көздейді. Қытайлық компаниялардың кадрларды іріктеу іс-шаралары да Қытайда білім алған түлектерді тұрақты түрде тартуда: 2025 жылы Қазақстандағы қытайлық компаниялардың Астанада өткен бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне шамамен 300 қазақстандық маман қатысты. Жалпы алғанда, шетелде білім алу ауқымы тұрақты болғанымен, прагматикалық мотивация басым құрылым түбегейлі өзгерген жоқ, ал терең мәдени түсіністіктің ықпалы әлі де шектеулі.

(3) Медиа ынтымақтастық және мәдени алмасу. Қытайдың Орталық радио және теледидар басқармасы қазақ тілінде дыбысталған бірнеше деректі фильм дайындап, Қазақстанның «Атамекен» коммерциялық телеарнасымен Қытайға қатысты бағдарламаларды бірлесіп эфирге шығарды, сондай-ақ қазақстандық журналистерді Қытайға барып, сұхбат жүргізу және кәсіби даярлықтан өту үшін ұйымдастырды. Алайда Қытай медиасының ықпалы Ресей медиасымен әлі де бәсекелесе алмайды; орыс тілді бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстан халқының саяси жаңалықтарды алуының негізгі арналарының бірі болып қала береді, ал тілдік кедергілер ақпарат тарату тиімділігін шектейді. 2023 жылғы Қытай — Орталық Азия саммиті барысында Қытай мен Қазақстан арасында визасыз өзара сапар туралы келісімге қол қойылды, бұл Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы алғашқы екіжақты визасыз режим болды. Конфуций институттары каллиграфия, қытай кескіндемесі, шай өнері, ушу, дәстүрлі қытай медицинасы бойынша таныстыру және тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастырып, дәстүрлі мерекелерді атап өту мен «Қытай тілі көпірі» байқауларын өткізеді. Бұл іс-шаралар Қазақстан халқының Қытай мәдениетімен тікелей танысуына мүмкіндік береді.

Нәтижелері және шектеуші факторлар

(1) Қоғамдық қабылдау және қоғамдық пікір. Central Asia Barometer-дің 2024 жылғы зерттеуіне сәйкес, Қазақстандағы респонденттердің шамамен 75,8%-ы Қытайға жағымды көзқараста. Қытайдың Қазақстандағы қабылдану индексі 2020 жылғы 0,39 көрсеткішінен 2024 жылы 0,58-ге дейін өсті, ал Қытайға қатысты оң қабылдау алғаш рет Ресейден асып түсті. 2023 жылғы сауалнамаға сәйкес, респонденттердің небәрі 35%-ы «Бір белдеу, бір жол»

шеңберіндегі Қытаймен ынтымақтастыққа оң көзқарас білдірсе, 52%-ы Қытайға оқуға барғысы келмейтінін айтқан. Қазақстан халқының Қытайдың мәдени ықпалына қатысты қабылдау индексі -0,03 болып, теріс аймақта қалды. Бұл жалпы жағымды көзқарастың едәуір жақсарғанына қарамастан, Қазақстан қоғамының Қытайды мәдениет пен білім берудің көзі ретінде бағалауы әлі де салыстырмалы түрде сақтық сипатында екенін білдіреді.

(2) «Бір белдеу, бір жол» бастамасына қатысты сақтық ұстанымы. Қазақстан халқының «Бір белдеу, бір жол» бастамасының өзіне қатысты көзқарасы күрделі әрі қарама-қайшы сипатта. Жалпы қабылдау тұрғысынан TALAP қолданбалы зерттеулер орталығының 2024 жылғы сауалнамасы респонденттердің 76%-ы Қытайға «салыстырмалы түрде жақсы» көзқараста екенін көрсетті. Қытайдың Қазақстандағы қабылдану индексі 2020 жылғы 0,39-дан 2024 жылы 0,58-ге дейін өсіп, Қытайға қатысты оң қабылдау алғаш рет Ресейден асып түсті. Алайда жалпы қабылдаудың жақсаруы халықтың нақты ынтымақтастық бағыттарына қатысты терең күмәндерін толық жойған жоқ.

(3) Тарихи қабылдау және құрылымдық кедергілер. Қазақстан халқының Қытайға қатысты күмәндерінің терең тарихи тамыры бар. Кеңес Одағы кезеңінде, әсіресе XX ғасырдың 60–80-жылдарындағы Қытай мен Кеңес Одағы арасындағы қатынастар шиеленіскен кезде, ресми насихат Қытайды ықтимал қауіп ретінде сипаттайтын жағымсыз бейне қалыптастырды. Бұл тарихи нарративтер ұрпақтан ұрпаққа беріліп, қысқа мерзімді саясаттық өзгерістердің ықпалымен оңай өзгермейтін орныққан қабылдау үлгілерін қалыптастырды. Сонымен қатар жер мәселесі Қытайға қарсы көңіл-күйді күшейтетін сезімтал факторлардың бірі болды. 2016 жылы Қазақстан Үкіметі Жер кодексіне өзгерістер енгізіп, шетелдік субъектілердің жерді жалға алу мерзімін 10 жылдан 25 жылға дейін ұзартуды жоспарлады. Бұл түзету барлық шетелдік инвесторларға қатысты болғанына қарамастан, қоғамның алаңдаушылығы негізінен Қытайдың ауыл шаруашылығы жобаларының ықтимал кеңеюіне бағытталды және бірнеше қалада наразылық шерулеріне себеп болды. Үкімет ақырында тиісті заңнамалық өзгерістерді кейінге қалдырды, бұл жер мәселесінің Қазақстанның саяси ортасында аса сезімтал тақырып екенін көрсетті.

Қазақстанның агенттік стратегиялары

Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» құрылысына белсенді қатыса отырып, оны өзінің ұлттық даму стратегияларымен ұштастыруға басымдық береді. 2014 жылы қабылданған «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясаты инфрақұрылымдық даму сияқты салаларда «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен үндескенімен, онда мемлекет жетекшілігі мен ұлттық мүдденің басымдығы үнемі атап көрсетілді. Қазақстан тарапы жобаларды келісу барысында технология трансферті, жергілікті жұмыспен қамту және өндірістік кооперация сияқты талаптарға ерекше мән беріп, Қазақстанның тек Қытайдың өндірістік қуаттарын сыртқа шығарудың бағытына айналуына жол бермеуге ұмтылады.

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс басталғаннан кейін Орта дәліздің — Қазақстан, Әзербайжан және Түркия арқылы Еуропаға шығатын Каспий арқылы өтетін көлік бағытының — стратегиялық маңызы артты. Қазақстан бұл мүмкіндікті дер кезінде пайдаланып, тиісті инфрақұрылымды дамыту қарқынын жеделдетіп, өзін Еуразия құрлығының Шығыс пен Батыс арасындағы саудасының маңызды транзиттік торабы ретінде орнықтыруда.

Қорытынды және ұсынымдар

Зерттеу нәтижелері Қытайдың Конфуций институттарын дамыту, шетелде білім беру және медиа ынтымақтастық сияқты салаларға айтарлықтай ресурстар салғанына қарамастан, жұмсақ күштің жалпы нәтижесі әлі де күтілген деңгейге толық жетпегенін көрсетеді. Бұл инвестициялар мен нәтижелер арасындағы алшақтық мемлекет жетекшілік ететін жұмсақ күшті қалыптастыру моделінің ішкі шектеулерін айқындайды. Оны шектейтін факторларға Кеңес Одағы кезеңінде қалыптасқан Қытай туралы жағымсыз тарихи қабылдаудың ұрпақтан ұрпаққа берілуі; қазақстандық студенттер мен мекемелердің Қытаймен ынтымақтастық жобаларына қатысты прагматикалық ұстанымының алмасулардың тереңдігін шектеуі; сондай-ақ Ресей медиасының Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі басым позициясының Қытай үнінің таралу мүмкіндіктерін тарылтуы жатады. Бұл факторлар өзара астасып, жұмсақ күшті тереңдетуге кедергі келтіретін құрылымдық тосқауылдарды қалыптастырады.

Саяси ұсынымдар: Қытайдың Қазақстандағы жұмсақ күшін ілгерілету тек институционалдық тетіктерді қалыптастырумен және жекелеген жобаларды іске асырумен шектелмеуі тиіс. Біріншіден, жұмсақ күшті дамытуда адамға бағдарланған тәсілге көбірек мән беріп, қарапайым халықтың нақты сұраныстарына назар аудару қажет. Екіншіден, Қазақстан қоғамының мәдени дербестігін құрметтеп, мәдени экспорт немесе идеологиялық ықпал ету әсерін туғызудан аулақ болған жөн. Соңында, жұмсақ күшті қалыптастыруда азаматтық және қоғамдық күштердің рөлін күшейтіп, тартымдылығы мен сенімділігі жоғары Қытай туралы қоғамдық коммуникацияны дамытуға болады.

Алдағы уақытта «Бір белдеу, бір жол» шеңберіндегі Қытай мен Қазақстанның прагматикалық ынтымақтастығы одан әрі тереңдей береді. Қытай қалыптасқан мүмкіндіктерді пайдалана отырып, сауда-экономикалық ынтымақтастықты ілгерілетумен қатар, халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайтудың мазмұндық негізіне көбірек көңіл бөлуі қажет. Сабыр, шынайылық және өзара құрмет қағидаттары арқылы тарихи қалыптасқан күмәндерді біртіндеп азайтып, өзара тиімділік негізінде шынайы халықтар арасындағы өзара түсіністік пен достықты қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

[1] Джозеф Най. «Жұмсақ күш: әлемдік саясаттағы табысқа жету жолы» [М]. У Сяохуэй, Цянь Чэн, ауд. Бейжің: CITIC баспасы, 2013.

[2] Си Цзиньпин. «Халықтар достығын нығайтып, жарқын болашақты бірге құрайық» — Назарбаев университетінде сөйлеген сөз [N]. «Жэньминь жибао», 2013 жылғы 8 қыркүйек.

[3] Янь Сюэтун. Моральдық реализм тұрғысынан халықаралық қатынастар теориясы [J]. «Халықаралық мәселелерді зерттеу», 2014, №5: 102–128.

[4] Чжан Цинмин. Қытай дипломатиясының жұмсақ күшінің мазмұны мен құрылымы [J]. «Халықаралық мәселелерді зерттеу», 2017, №3: 1–15.

[5] Сюй Тао. Орталық Азиядағы Конфуций институттарының қазіргі жағдайы мен даму перспективалары [J]. «Ресей, Шығыс Еуропа және Орталық Азияны зерттеу», 2019, №3: 112–128.

[6] Чжао Хуашэн. «Бір белдеу, бір жол» және Қытай — Орталық Азия қатынастары [J]. «Шыңжаң педагогикалық университетінің хабаршысы. Философия және әлеуметтік ғылымдар сериясы», 2018, №1: 7–18.

[7] Ли Син. Қазақстанның көпвекторлы және теңгерімді сыртқы саясат стратегиясы және оның маңызы [J]. «Ресей зерттеулері журналы», 2020, №4: 50–68.

[8] У Хунвэй. Қазақстанның жалпы тарихы [M]. Бейжің: Коммерциялық баспа, 2018.

[9] Neafie, J., et al. Beyond the Silk Road: Navigating the Complexities of Central Asia‘s Public Opinion of China[R]. Central Asia Barometer, 2024.

[10] TALAP Applied Research Center. Public Perception of China in Kazakhstan[R]. Astana: TALAP, 2024.

[11] Nursha, G. Chinese Soft Power in Kazakhstan and Kyrgyzstan: A Confucius Institutes Case Study[C]. George Washington University, 2018.

[12] Vanderhill, R., et al. In the Shadow of the Dragon: Chinese Soft Power in Central Asia[J]. International Affairs, 2025, 101(4): 1441-1462.

[13] Nourzhanov, K., Peyrouse, S. Soft Power in Central Asia: The Politics of Influence and Seduction[M]. Lanham: Lexington Books, 2021.

[14] Laruelle, M. China’s Belt and Road Initiative and Its Impact in Central Asia[C]. Washington: George Washington University, 2018.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

Қыдырбай Д., Бердибекұлы М.
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Түйін: Бұл мақалада Қазақстан мен Еуропа Одағы арасындағы энергетикалық ынтымақтастықтың қалыптасуы, құқықтық негіздері және мұнай-газ саласындағы стратегиялық бағыттары зерттеледі. Авторлар Тенгиз, Қашаған, Қарашығанақ жобаларындағы еуропалық инвестициялық қатысуды, Каспий құбыр консорциумы арқылы экспорттық логистиканы және Транскаспий бағытын талданады. Сонымен қатар ЕО-ның «Жасыл келісімі», Fit for 55 және REPowerEU бастамаларының қазақстандық мұнай-газ секторына әсері, институционалдық факторлар және ынтымақтастықтың проблемалық сұрақтары мен перспективалары қарастырылады.

Аннотация: В данной статье исследуются становление, правовые основы и стратегические направления энергетического сотрудничества Казахстана и Европейского союза в нефтегазовом секторе. Авторы анализируют участие европейского капитала в проектах Тенгиз, Кашаган и Карачиаган, экспортную логистику через Каспийский

трубопроводный консорциум и Транскаспийское направление. Рассматривается также влияние инициатив ЕС «Европейский зеленый курс», Fit for 55 и REPowerEU на казахстанский нефтегазовый сектор, институциональные факторы, проблемные вопросы и перспективы сотрудничества.

Abstract: This article examines the formation, legal foundations and strategic directions of energy cooperation between Kazakhstan and the European Union in the oil and gas sector. The authors analyse the participation of European capital in the Tengiz, Kashagan and Karachaganak projects, export logistics through the Caspian Pipeline Consortium and the Trans-Caspian route. The article also considers the impact of the EU's European Green Deal, Fit for 55 and REPowerEU initiatives on Kazakhstan's oil and gas sector, institutional factors, challenges and prospects of cooperation.

Кілт сөздер: Қазақстан, Еуропа Одағы, мұнай-газ саласы, энергетикалық ынтымақтастық, стратегиялық жобалар.

Қазіргі заманда энергетика мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың стратегиялық бағытына айналып, геосаяси мүдделер мен экономикалық қауіпсіздік тірегіне ықпал ете түсті. Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы энергетикалық ынтымақтастық тәуелсіздік жылдарынан бері тұрақты дамып, оның өзегінде мұнай-газ саласының маңызды рөлі тұр [1]. Қазақстан әлемдегі ірі көмірсутек өндірушілердің қатарына кірсе, ЕО маңызды тұтынушы әрі стратегиялық серіктес ретінде осы байланыстың дамуына айтарлықтай жәрдем көрсетті.

Бұл мақаланың мақсаты - Қазақстан мен Еуропалық Одақтың энергетикалық саясатындағы ынтымақтастықтың мұнай-газ саласындағы стратегиялық бағыттарын кешенді түрде талдау. Мақсатқа жету үшін мыналар зерттелді: ынтымақтастықтың тарихи қалыптасуы мен құқықтық негіздері; ірі мұнай-газ жобаларындағы еуропалық қатысу; экспорттық бағыттар мен логистикалық инфрақұрылым; ЕО энергетикалық саясатының трансформациясы саланың дамуына әсері; ынтымақтастықтың проблемалық тұстары мен болашақ перспективалары.

Қазақстан мен ЕО арасындағы энергетикалық қатынастардың басталуы 1990 жылдардың басында алынған алғашқы қадамдармен байланысты. Дегенмен, ынтымақтастықтың нақты құқықтық тірегі ретінде 2015 жылы қол қойылған Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімді атауға болады [2]. Аталған келісім сауда, инвестиция, энергетика және транспорт салаларындағы ынтымақтастықты жүйелі түрде дамытуға бағытталған, соның ішінде көмірсутектер саласындағы екі жақты қатынастарды да реттейді.

Мұнай-газ саласы қазақстандық экономиканың локомотиві болып саналады. Мемлекеттік кірістердің, экспорттық валюта түсімдерінің айтарлықтай бөлігі осы сала есебінен қалыптасады, ал өндірілген шикі мұнайдың басым бөлігі шетелдік нарықтарға, оның ішінде Еуропа бағытына жіберіледі [3]. Осы тұрғыдан Қазақстан үшін ЕО тұрақты әрі сенімді тұтынушы болса, ЕО үшін Қазақстан стратегиялық шикізат көзі болып

табылады. Екі жақтың мүдделерінің сәйкестігі ынтымақтастықтың ұзақмерзімді сипатын айқындайды.

Мұнай-газ саласындағы стратегиялық ынтымақтастықтың көрінісі - ірі жобалардағы бірлескен қатысу. Тенгиз кен орны әлемдегі ең ірі теңіз кен орындарының бірі саналып, ондағы өндірісті TengizChevroil компаниясы жүзеге асырады [4]. Жоба консорциумындағы TotalEnergies және басқа да еуропалық акционерлер мұнай өндіру көлемінің артуына, терең сулы және жоғары қысымды технологиялардың енгізілуіне ықпал етті. Future Growth Project іске қосылғаннан кейін Тенгиздегі өндіріс мүмкіндігі айтарлықтай ұлғайды, бұл қазақстандық экспорттың тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Қашаған кен орны - Каспий теңізіндегі ең ірі ашылған кен орын, оның игерілуінде TotalEnergies, Eni, Shell сияқты ЕО компаниялары тікелей қатысушылар [5]. Жобаның ерекшелігі - теңіздің қиын геологиялық жағдайындағы өндіріс, ол әлемдік мұнай компанияларының ең жетілген технологияларын талап етті. Қарашығанақ жобасында консорциум жетекшісі ретінде Agip KCO (Eni) қызмет атқарады [6]. Бұл жобалар арқылы еуропалық капитал тек қаржы емес, сонымен қатар өндірістік мәдениет, экологиялық стандарттар және кадрлық әлеует түрінде де Қазақстанға келді.

Жобалық деңгейдегі ынтымақтастықтың маңызды жағы - жергілікті мазмұнды арттыру талаптарының орындалуы. Қазақстан заңнамасында мұндай жобаларға отандық компаниялардың қатысуы, жұмыс күшінің әлеуметтік қорғалуы және экологиялық міндеттемелердің сақталуы көзделген [7]. Еуропалық операторлар бұл талаптарды орындау барысында қазақстандық мердігерлер желісін дамытып, инженерлік және сервистік қызметтердің отандық нарығын қалыптастырды.

Экспорттық бағыттар тұрғысынан Еуропа бағыты Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар маршрут болып қала береді. Каспий құбыр консорциумы (CPC) қазақстандық шикі мұнайдың Новороссийск портынан әлемдік нарықтарға, оның ішінде Еуропа нарықтарына шығарылуын қамтамасыз етеді [8]. CPC-тің акционерлік құрылымындағы еуропалық компаниялар мен өткізу жүйесі бұл бағыттың ЕО энергетикалық қауіпсіздігіндегі орнын нығайтады.

Диверсификация тұрғысынан Транскаспий бағыты (Middle Corridor) соңғы жылдары екі жақты күн тәртібінде белсенді талқылануда [9]. Ол қазақстандық көмірсутектердің Кавказ мен Түркия арқылы Еуропа нарықтарына тасымалдануына мүмкіндік береді. REPowerEU жоспарын қабылдағаннан кейін ЕО ресейлік отыннан бас тарту және жеткізу тізбектерін әртараптандыру мақсатында Орта Азия бағытын дамытуға жоғары басымдық берді, бұл ретте Қазақстан маңызды рөл атқарады [10]. Алайда Транскаспий бағытының әлеуеті толық пайдаланылып тұрған жоқ: көлемдер шектеулі, тарифтік және институционалдық сұрақтар шешімін күтіп отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан өз экспорттық бағыттарын бірмәнді емес, көпвекторлы саясат аясында құруға ұмтылады. Азия нарықтарына басымдық беру тенденциясы болғанымен, инфрақұрылымдық тұрғыдан батыс бағыт әлі

де қолжетімді әрі тиімді [11]. Еуропалық нарықтағы сұраныстың тұрақтылығы, еуропалық серіктестердің ұзақмерзімді келісімшарттық бағдары мұнай-газ саласы үшін маңызды кепіл болып табылады.

ЕО энергетикалық саясатының соңғы жылдардағы трансформациясы қазақстандық мұнай-газ секторына екітарапты әсер етуде. Бір жағынан, «Еуропалық жасыл келісім», Fit for 55 пакеті және энергия саласындағы декарбонизациялық шаралар ұзақмерзімді перспективада көмірсутектерге деген сұраныстың төмендеу қаупін тудырады [12]. Еуропалық энергетикалық компаниялар ESG критерийлеріне сәйкес инвестициялық портфельдерін қайта қарастырып, қара және сұр активтерден шығу стратегияларын жасауда.

Екінші жағынан, REPowerEU аясында ЕО Орта Азиядан көмірсутек жеткізуді уақытша ынталандырып, қысқа және орта мерзімді тұрғыдан Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтті [10]. Сонымен қатар, ЕО жасыл сутегі, көміртектерді сақтау (CCUS) технологиялары саласындағы ынтымақтастыққа дайын, бұл мұнай-газ кешенінің декарбонизациялануына жол ашады [13]. Бұл ретте қазақстандық мұнай-газ компаниялары үшін стратегиялық міндет өндірістің экологиялық footprint-ін азайту және еуропалық стандарттарға сәйкестікті арттыру.

Ынтымақтастықтың проблемалық тұстары да айқын. Біріншіден, ұзақмерзімді сұраныс тұрақтылығына қатысты белгісіздік: ЕО климаттық саясаты қатаңдаған сайын көмірсутегі жобаларының қаржыландырылуы қиындауы мүмкін [14]. Екіншіден, құқықтық тұрақтылық пен келісімшарттық міндеттемелерді сақтау - инвесторлардың басты талабы, ал кейбір реттеушілік өзгерістер инвестициялық климатты әсер етуі ықтимал. Үшіншіден, логистикалық инфрақұрылымның шектеулері, атап айтқанда Транскаспий бағытының тиімділігі толық ашылған жоқ.

Перспектива тұрғысынан мыналарды атауға болады: мұнай-газ саласындағы серіктестікті сақтай отырып, оны CCUS, сутек технологиялары және метан шығарындыларын азайту бағыттарымен толықтыру; Middle Corridor инфрақұрылымын дамытуға еуропалық қаржы институттарының қатысуы; кадрлық әлеуетті дамыту және технологиялық трансферді тереңдету [15]. ЕО-ның Global Gateway бастамасы мен еуропалық даму банктері мұндай жобаларға маңызды қаржылық қолдау көрсете алады [16].

Қорыта келгенде, Қазақстан мен Еуропалық Одақтың энергетикалық саясатындағы ынтымақтастық мұнай-газ саласында өзінің стратегиялық өзегін табады. Тенгиз, Қашаған, Қарашығанақ жобалары мен CPC инфрақұрылымы екі жақтың мүдделерінің ұзақ уақыт бойы сәйкес келгенін дәлелдейді. ЕО-ның жасыл трансформациясы жаңа қатерлер тудырғанымен, сонымен қатар технологиялық жаңғырту мен декарбонизация бағытындағы жаңа мүмкіндіктер ашады.

Қазақстан үшін стратегиялық таңдау анық: дәстүрлі мұнай-газ бағытын нығайта отырып, саланың экологиялық тиімділігін арттыру және еуропалық серіктестермен өзара тиімді жобаларды кеңейту. ЕО үшін Қазақстан энергетикалық қауіпсіздік пен жеткізу тізбектерін әртараптандыру

тұрғысынан сенімді серіктес болып қала береді. Мұндай өзара тәуелділік екі жақтың тепе-теңдігі мен аймақтық тұрақтылыққа да оң ықпал етеді деп сенеміз.

Сұйылтылған мұнай газын (СМГ) өндіру және газ өңдеу саласындағы ынтымақтастық та маңызды бағыт болып саналады. Қашаған және Тенгиз жобаларында өндірілетін көп мөлшердегі ассоциирленген газды өңдеу және тиімді пайдалану экологиялық әрі экономикалық тұрғыдан стратегиялық маңызы бар [3]. Еуропалық технологиялар енгізілген газ өңдеу зауыттары қазақстандық экспорттық өнімдердің қосылған құнын арттырып, отын теңгерімін оңтайландыруға ықпал етті.

Геосаяси факторлар ынтымақтастықтың дамуын айтарлықтай айқындайды. 2022 жылғы еуропалық энергетикалық дағдарысынан кейін ЕО диверсификация саясатын жеделдетіп, Орта Азия көмірсутектеріне қызығушылығын арттырды [10]. Бұл ретте Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, барлық бағыттағы серіктестік байланыстарын ұдайы дамытуға мүдделі. Геосаяси күрделілік қазақстандық мұнай-газ саясатының икемділігін талап етеді де, ЕО үшін де балама жеткізушілердің маңыздылығын айқындайды.

Қаржылық ынтымақтастық деңгейінде Еуропалық қайта құру және даму банкі (EBRD), Еуропалық инвестициялық банк (EIB) сияқты институттар қазақстандық энергетикалық инфрақұрылымды модернизациялауға, қолданыстағы жүйелердің тиімділігін арттыруға және көмірсутегі операциялардың экологиялық көрсеткіштерін жақсартуға қатысуда [15]. Бұл қаржылық құралдар тек несие берумен шектелмей, жобалық басқару, халықаралық стандарттарды енгізу және корпоративтік басқару үздіктерін тарату арқылы да құндылық қосады.

Ғылыми-техникалық және біліктілік деңгейіндегі ынтымақтастық та стратегиялық бағыттардың бірі. Еуропалық компаниялар мен университеттермен бірлескен зерттеулер, кадрларды даярлау бағдарламалары және инженерлік тәжірибе алмасу мұнай-газ саласының инновациялық дамуына жәрдемдеседі [15]. Қазақстанның жас мамандары еуропалық өндірістік мектептерде тәжірибе жинап, отандық кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуде.

Методологиялық тұрғыдан алғанда, мұнай-газ саласындағы екі жақты ынтымақтастықты бағалау үшін жобалық, институционалдық және геосаяси талдау тәсілдері қолданылды. Жобалық деңгейде ірі кен орындарындағы серіктестік құрылымы мен инвестициялық ағындар, институционалдық деңгейде келісімдер мен реттеуші құжаттар, геосаяси деңгейде экспорт бағыттарының өзгеруі мен энергетикалық қауіпсіздік мүдделері қарастырылды. Мұндай кешенді тәсіл ынтымақтастықтың көпқырлылығын айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның ұлттық энергетикалық саясаты өзегінде энергетикалық қауіпсіздік тұжырымдамасын сақтайды: өндіріс пен тұтыну тепе-теңдігін қамтамасыз ету, экспортты әртараптандыру және инфрақұрылымдық

тәуелсіздік [1]. «Қазақстан-2050» Стратегиясы отын-энергетикалық кешеннің тиімділігін арттыруды, өңдеу секторын дамытуды және жаңа технологияларды енгізуді көздейді [11]. Осы тұрғыдан ЕО-мен ынтымақтастық ұлттық мүдделермен үндес, бірақ оны ұлттық стратегияның басымдықтарына сәйкестендіріп жүргізу қажет.

Экологиялық мәселелер екі жақты күн тәртібінде маңызды орын алады. Метан шығарындыларын азайту, ашық отпен өңдеуден бас тарту және өндірістік қалдықтарды тиімді басқару ЕО-ның шарттарына сай еуропалық компаниялар орындап жүрген міндеттемелер [12]. Бұл тәжірибе қазақстандық экологиялық заңнаманың жетілуіне және саланың тұрақты дамуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар, көміртегік footprint-ті азайту бойынша ортақ жобалар (CCUS пилоттық жобалары) болашақта ынтымақтастықтың жаңа тірегіне айнала алады [13].

Цифрландыру және автоматтандыру бағытындағы ынтымақтастық та атап өтуге тұрарлық. Еуропалық компаниялар кен орындарын дистанциондық мониторингтеу, дернәтижелік талдау және киберқауіпсіздік жүйелерін енгізуде [15]. Бұл технологиялар өндірістік шығындарды азайтып, апаттық жағдайлардың алдын алуға ықпал етеді. Қазақстандық жағы үшін мұндай цифрлық шешімдер ұлттық мұнай-газ компанияларының басқару сапасын арттыру құралы болып табылады.

Салыстырмалы тұрғыдан, ЕО-ның Орта Азиядағы басқа жеткізушілермен қарым-қатынасы да Қазақстанның стратегиялық мүмкіндіктерін айқындайды. Түркменстан газ экспортымен, Өзбекстан қысқа мерзімді өндіріс өсуімен танылғанымен, Қазақстан тұрақты ұлғайту әлеуеті мен дамыған инфрақұрылымы арқылы аймақтағы ең сенімді серіктес ретінде мойындалған [9]. СРС және жобалық консорциумдар арқылы қалыптасқан ұзақмерзімді серіктестік байланыстары бұл беделді нығайтады.

Болашақ перспективалары жөніндегі қорытынды тұжырым ретінде мынаны айтуға болады: Қазақстан мен ЕО мұнай-газ саласындағы ынтымақтастық тек шикізаттық сипаттан технологиялық және экологиялық серіктестікке өтуде. Бұл өтпелі кезең екі жақ үшін де мүмкіндіктерге толы: Қазақстан өндірістің тиімділігі мен экологиялық стандарттарын арттыра алады, ЕО өз энергетикалық қауіпсіздігін нығайтады [16]. Тәуекелдерді басқару, ұзақмерзімді келісімшарттар мен өзара сенім – осы бағыттағы ынтымақтастықтың сенімді іргетасы болмақ.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Қалиев С., Молдабеков Ж.Ж., Иманбекова Б.І. Этнопедагогика. – Астана: Фолиант, 2007. – 400 б.

2. Соглашение о расширенном партнерстве и сотрудничестве между Республикой Казахстан и Европейским союзом (2015) // Официальный сайт Министерства иностранных дел РК.

3. Министерство энергетики Республики Казахстан. Официальная статистика топливно-энергетического комплекса. – Астана, 2024.

4. ТОО «Тенгизшевройл». Годовые отчеты и материалы проекта Future Growth Project. – Атырау, 2023.
5. North Caspian Operating Company N.V. Официальные материалы проекта Кашаган. – Актау, 2023.
6. Karachaganak Petroleum Operating B.V. Годовой отчет. – Аксай, 2023.
7. Закон Республики Казахстан «О недрах и недропользовании» (с изменениями и дополнениями). – Астана, 2017.
8. КТК (Caspian Pipeline Consortium). Годовой отчет. – Новороссийск, 2023.
9. Moore S., Tarrar-Abbasi P. Middle Corridor and Trans-Caspian trade // Eurasian Geography and Economics. – 2024. – P. 112–135.
10. European Commission. REPowerEU Plan. – Brussels: COM(2022) 230 final.
11. Олcott M.Б. Kazakhstan: Unfulfilled Promise? – Washington: Carnegie Endowment, 2010. – 315 p.
12. European Commission. The European Green Deal. – Brussels: COM(2019) 640 final.
13. European Commission. A hydrogen strategy for a climate-neutral Europe. – Brussels: COM(2020) 301 final.
14. IEA. World Energy Outlook 2023. – Paris: International Energy Agency, 2023.
15. EBRD. Kazakhstan country strategy and energy sector operations. – London, 2023.
16. European Commission. Global Gateway: EU's strategy for connecting Europe and the world. – Brussels, 2021.

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН КАК СРЕДНЯЯ ДЕРЖАВА: ПОТЕНЦИАЛ И ОГРАНИЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ВЛИЯНИЯ

Маекенов Р.Т.

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, mayekenov.petropavlovsk@gmail.com

Түйін: Бұл мақалада халықаралық қатынастар теориясы мен көпвекторлы сыртқы саясат практикасы арқылы Қазақстанның орта держава ретіндегі мәртебесін талдау ұсынылған. Астананың ықпал ету құралдары және оның құрылымдық шектеулері қарастырылуда. Келесі қорытынды жасалады: орта державаның мәртебесі үлкен күш орталықтары арасындағы нәзік тепе-теңдік болып қала береді.

Аннотация: В данной статье представлен анализ статуса Казахстана как средней державы через теорию международных отношений и практику многовекторной внешней политики. Рассматриваются инструменты влияния Астаны и ее структурные ограничения. Делается следующий вывод: статус средней державы остаётся хрупким балансом между крупными центрами силы.

Ключевые слова: Казахстан, средняя держава, многовекторность, Центральная Азия, международное влияние.

Abstract: This article presents an analysis of Kazakhstan's status as a middle power through the theory of international relations and the practice of a multi-vector foreign policy. The tools of Astana's influence and its structural limitations are considered. The following conclusion is drawn: the status of a middle power remains a delicate balance between large centers of power.

После распада Советского Союза Республика Казахстан столкнулась с необходимостью формирования самостоятельной внешнеполитической идентичности в условиях, когда страна не обладала ни статусом сверхдержавы, ни ресурсами для проведения изоляционистской политики. За более чем три десятилетия независимости Казахстан выработал модель поведения на международной арене, которая всё чаще описывается исследователями и самими казахстанскими официальными лицами через категорию «средней державы» (middle power) [1]. Президент Касым-Жомарт Токаев неоднократно артикулировал видение Казахстана именно как средней державы, что стало одним из смысловых стержней внешнеполитической риторики Астаны после 2018 года [2]. Актуальность темы обусловлена как трансформацией мирового порядка в сторону многополярности, так и обострением геополитической конкуренции вокруг Центральной Азии после 2022 года, что заставило Казахстан пересматривать пределы своей автономии [3].

Цель данной статьи — проанализировать теоретические основания концепции средней державы применительно к Казахстану, оценить конкретные инструменты и достижения его международной политики, а также выявить структурные ограничения, сдерживающие рост его влияния.

Концепция средней державы восходит к работам канадских и австралийских исследователей середины XX века и получила развитие в трудах Карстена Холбраада, определившего средние державы через промежуточное положение в объективной иерархии совокупных возможностей государств [1]. Более поздние авторы, в частности Эндрю Купер, Ричард Хигготт и Ким Ричард Носсал, сместили акцент с чисто количественных показателей (территория, население, ВВП, военный потенциал) на поведенческие критерии: склонность к многостороннему сотрудничеству, посредничеству, «нишевой дипломатии» и продвижению международных норм [1]. Именно поведенческий подход оказывается более продуктивным при анализе постсоветских государств, поскольку формальные показатели (например, размер территории Казахстана — девятый в мире) не всегда конвертируются в реальное политическое влияние.

Применительно к постсоветскому пространству чаще используется смежное понятие «многовекторной политики» (multi-vector policy), которое описывает стратегию одновременного выстраивания отношений с несколькими центрами силы без окончательного присоединения к одному из них [4]. Исследователи отмечают, что многовекторность нельзя полностью отождествлять со статусом средней державы: первое — это внешнеполитический инструмент, второе — претензия на определённый статус и роль в международной системе [3]. Однако для Казахстана эти категории тесно переплетены: именно многовекторная дипломатия стала практическим механизмом реализации амбиций средней державы.

Казахстан занимает срединное положение между Россией и Китаем, обладая при этом выходом к Каспийскому морю и историческими связями с

тюркским и мусульманским миром. С первых лет независимости руководство страны выстраивало политику «хеджирования», балансируя между Россией, Китаем, США и Европейским союзом [5]. Действующая Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020–2030 годы формализует эту иерархию партнёрств: союзнические отношения с Россией, всеобъемлющее стратегическое партнёрство с Китаем, стратегическое партнёрство с США и расширенное партнёрство с ЕС [5]. Дополнительно Астана развивает стратегические партнёрства со средними державами — Турцией, Японией, Республикой Корея и странами Персидского залива [5], что соответствует классической тактике средних держав по формированию коалиций с себе подобными акторами.

После начала полномасштабного военного конфликта России и Украины в 2022 году Казахстан продемонстрировал переход от «балансирования» к более активному «хеджированию»: страна публично отказалась признавать самопровозглашённые образования на востоке Украины, одновременно сохраняя союзнические обязательства перед Москвой в рамках ОДКБ и не поддерживая западные санкции [6]. Такая позиция иллюстрирует ключевую особенность средних держав — способность сохранять стратегическую автономию, не вступая в прямую конфронтацию ни с одним из центров силы.

Также значимым инструментом наращивания влияния Казахстана стала политика диверсификации экспортных маршрутов, прежде всего развитие Транскаспийского международного транспортного маршрута («Средний коридор»), позволяющего перенаправлять товаропотоки между Китаем и Европой в обход территории России [7]. Визит председателя КНР Си Цзиньпина в Астану в сентябре 2024 года и последующий запуск движения по «Среднему коридору» стали институциональным закреплением переориентации части казахстанской логистики на китайское направление [7]. По оценкам исследователей, в первой половине 2025 года Казахстан получил порядка 23 млрд долларов инвестиций и строительных контрактов в рамках китайской инициативы «Пояс и путь», что составило почти пятую часть всего объёма подобных вложений Пекина за указанный период [7]. Эти данные показывают, что экономическая составляющая многовекторности не является декларативной, а имеет конкретное количественное измерение.

Помимо этого классическим признаком поведения средней державы является активность в международных институтах и продвижение глобальных норм в узких, но резонансных нишах. Казахстан добровольно отказался от четвёртого по величине ядерного арсенала в мире, инициировав международное движение за нераспространение ядерного оружия, что стало одной из наиболее узнаваемых «визитных карточек» страны на международной арене [8]. Многовекторная дипломатия также позволила Казахстану провести переговорный процесс по сирийскому урегулированию («Астанинский формат»), занять пост председателя ОБСЕ в 2010 году и добиться избрания непостоянным членом Совета Безопасности ООН [8].

Подобная «нишевая дипломатия» соответствует теоретическим описаниям поведения средних держав, ориентированных на посредничество и институциональное строительство там, где крупные державы не готовы или не заинтересованы брать на себя такую роль.

Активное участие Казахстана в интеграционных структурах постсоветского пространства — ЕАЭС, ОДКБ, СНГ, ШОС и Совещании по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА) — дополнительно расширяет каналы влияния Астаны, позволяя ей выступать в качестве связующего звена между Россией и Центральной Азией, а также между Россией и Китаем [9], [10].

Несмотря на перечисленные достижения, потенциал Казахстана как средней державы сталкивается с рядом системных ограничений.

Во-первых, экономическая и историческая зависимость от России остаётся структурным фактором, сужающим пространство для манёвра. Значительная часть казахстанского экспорта нефти по-прежнему проходит через российскую трубопроводную инфраструктуру (Каспийский трубопроводный консорциум), что создаёт риски использования этой зависимости в качестве инструмента давления [6]. Даже при декларируемой нейтральности по украинскому вопросу Казахстан сохраняет союзнические обязательства перед Москвой в рамках ОДКБ, что ограничивает пространство для полностью самостоятельной позиции по ключевым вопросам региональной безопасности [4].

Во-вторых, растущая экономическая зависимость от Китая, выражающаяся в резком росте объёма китайских инвестиций и кредитов, порождает риски одностороннего усиления одного из «векторов» в ущерб балансу, лежащему в основе всей концепции многовекторности [7]. Некоторые исследователи указывают, что подобная асимметрия ставит под вопрос устойчивость модели «двойного хеджирования», при которой Казахстан одновременно сближается с Китаем для балансирования России и с Западом, Турцией и странами Залива — для балансирования Китая [5].

В-третьих, отсутствие консолидированного регионального механизма безопасности в Центральной Азии, обусловленное различиями в размерах и интересах государств региона, ограничивает возможности Казахстана выступать в роли регионального лидера в военно-политической сфере [8]. Казахстан пытается компенсировать это через формат «С5+1» и региональные консультативные встречи глав государств Центральной Азии, однако институционализация подобных форматов остаётся незавершённой.

В-четвёртых, статус средней державы предполагает не только внешнеполитическую активность, но и внутреннюю устойчивость — экономическую диверсификацию, качество государственных институтов и легитимность власти. Сохраняющаяся зависимость казахстанской экономики от экспорта углеводородов, а также внутриполитические потрясения (в частности, события января 2022 года) обнажили уязвимость модели, при которой международный авторитет опережает темпы внутренних

структурных реформ [9]. Ряд казахстанских и зарубежных экспертов также обращают внимание на то, что нарратив «средней державы» отчасти формируется усилиями провластных аналитических центров и используется в первую очередь как инструмент легитимации персонифицированного внешнеполитического курса действующего президента, а не как результат объективного изменения совокупной мощи государства [9].

Из этого следует что устойчивость позиций Казахстана как средней державы в среднесрочной перспективе будет зависеть от нескольких факторов: способности сохранять равноудалённость от России и Китая при углублении сотрудничества с обеими странами; успешности диверсификации транспортно-логистических маршрутов и энергетического экспорта; результативности внутренних экономических реформ, снижающих сырьевую зависимость; а также от способности институционализировать региональное лидерство в Центральной Азии через устойчивые многосторонние форматы. Продолжающееся расширение «Среднего коридора», диверсификация партнёрств со средними державами (Турция, Республика Корея, Япония, страны Персидского залива) и последовательное продвижение повестки ядерного нераспространения дают основания полагать, что многовекторная модель сохранит свою актуальность, оставаясь при этом хрупким балансом, зависимым от внешней геополитической конъюнктуры [2], [11].

Таким образом Казахстан представляет собой показательный кейс формирования статуса средней державы в условиях постсоветской трансформации международных отношений. Многовекторная внешняя политика, диверсификация экономических партнёрств, активность в многосторонних институтах и инициативы в сфере ядерного нераспространения свидетельствуют о накопленном Астаной символическом и практическом капитале среднего государства. Вместе с тем структурная зависимость от России и Китая, отсутствие консолидированного регионального механизма безопасности и незавершённость внутренних реформ существенно ограничивают реальные пределы международного влияния Казахстана. Устойчивость его модели поведения будет и далее определяться способностью удерживать баланс между крупными центрами силы, не переходя от многовекторности к односторонней зависимости от одного из них.

Литература:

1. Kazakhstan's multi-vector foreign policy as a middle power strategy in the context of contemporary geopolitical competition // ResearchGate. — URL: https://www.researchgate.net/publication/406382068_KAZAKHSTAN'S_MULTI-VECTOR_FOREIGN_POLICY_AS_A_MIDDLE_POWER_STRATEGY_IN_THE_CONTEXT_OF_CONTEMPORARY_GEOPOLITICAL_COMPETITION (дата обращения: 15.09.2026).

2. Kazakhstan Reinforces Multivector Foreign Policy // Jamestown Foundation. — URL: https://jamestown.org/kazakhstan-reinforces-multivector-foreign-policy/ (дата обращения: 15.09.2026).

3. From Balancing to Active Hedging: The Transformation of Kazakhstan's Multi-Vector Foreign Policy After 2022 // YSU Journal of International Affairs. — URL: https://journals.ysu.am/bulletin-ysu-int-rel-pol/article/view/13643 (дата обращения: 15.09.2026).
4. Yuneman R.A. Kazakhstan's Multi-Vector Foreign Policy // Russia in Global Affairs. 2023. Vol. 21, № 2. P. 141–162. — URL: https://eng.globalaffairs.ru/articles/kazakhstan-multi-vector/ (дата обращения: 15.09.2026).
5. Kazakhstan: An Aspiring Middle Power in the Heart of Eurasia // Belfer Center for Science and International Affairs. — URL: https://www.belfercenter.org/research-analysis/kazakhstan-aspiring-middle-power-heart-eurasia (дата обращения: 15.09.2026).
6. Kazakhstan's Middle Power Balancing Act // Yorktown Institute. — URL: https://yorktowninstitute.org/kazakhstans-middle-power-balancing-act/ (дата обращения: 15.09.2026).
7. Kazakhstan's multivector foreign policy and strategic realignment in the post-Soviet era // Global Affairs and Strategic Studies, University of Navarra. — URL: https://en.unav.edu/web/global-affairs/kazakhstan-s-multivector-foreign-policy (дата обращения: 15.09.2026).
8. Западный эксперт о становлении Казахстана как первой средней державы в ЦА // Sayasat.kz. — URL: https://sayasat.kz/post/expert-o-kazakhstane-kak-srednej-derzhave (дата обращения: 15.09.2026).
9. Казахстан — средняя держава? // Аналитический интернет-журнал Vlast.kz. — URL: https://vlast.kz/politika/61464-kazahstan-srednaa-derzava.html (дата обращения: 15.09.2026).
10. Казахстан занимает проактивную позицию в развитии международного диалога в Центральной Азии // 24.kz. — URL: https://24.kz/ru/news/social/771403-kazakhstan-zanimaet-proaktivnuyu-pozitsiyu-v-razvitii-mezhdunarodnogo-dialoga-v-tsentralnoj-azii (дата обращения: 15.09.2026).
11. Navigating Kazakhstan's 'Multi-Vector' Foreign Policy in an Evolving Geopolitical Landscape // Indian Council of World Affairs. — URL: https://www.icwa.in/show_content.php?lang=1&level=3&ls_id=11092&lid=7037 (дата обращения: 15.09.2026).

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҺАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

М.Б.Налшыбек

Түйін: Мақалада Қазақстандағы урбанизациялық процестердің қазіргі тенденциялары мен жаһандық өзгерістер жағдайындағы даму перспективалары қарастырылады. Зерттеуде қала халқының динамикасы, урбанизацияның өңірлік ерекшеліктері, ішкі көші-қон, ірі қалалар мен агломерациялардың қалыптасу үдерістері талданады. Урбанизацияның тұрғын үй, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымға, еңбек нарығына, адами капиталға және өңірлік теңгерімге ықпалы айқындалады. Сонымен қатар цифрландыру, «ақылды қала» технологиялары және орнықты қалалық даму қағидаттарының Қазақстан жағдайындағы маңызы қарастырылады. Зерттеу нәтижелері урбанизацияны тиімді басқаруда кеңістіктік жоспарлау, агломерациялық даму және қалалық инфрақұрылымды жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді.

Аннотация: В статье рассматриваются современные тенденции урбанизационных процессов в Казахстане и перспективы их развития в условиях глобальных изменений. Анализируются динамика городского населения, региональные особенности урбанизации, внутренняя миграция, а также процессы роста крупных городов и формирования городских агломераций. Определяется влияние урбанизации на жилищную, транспортную и социальную инфраструктуру, рынок труда, человеческий капитал и региональный баланс. Особое внимание уделяется цифровизации городского пространства, технологиям «умного города» и принципам устойчивого городского развития. Результаты исследования показывают значимость пространственного планирования, сбалансированного развития агломераций и совершенствования городской инфраструктуры для эффективного управления урбанизационными процессами в Казахстане.

Abstract: The article examines current urbanization trends in Kazakhstan and their development prospects amid global changes. The study analyzes urban population dynamics, regional differences in urbanization, internal migration, the growth of major cities, and the formation of urban agglomerations. It identifies the impact of urbanization on housing, transport and social infrastructure, the labor market, human capital, and regional balance. Particular attention is paid to the digitalization of urban spaces, “smart city” technologies, and sustainable urban development principles. The findings highlight the importance of spatial planning, balanced development of urban agglomerations, and modernization of urban infrastructure for effective management of urbanization processes in Kazakhstan.

Кілт сөздер: урбанизация, урбанизациялық процестер, қала халқы, агломерация, ішкі көші-қон, қалалық даму, орнықты даму, адами капитал, инфрақұрылым, Қазақстан.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде урбанизация әлемдік әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды факторларының біріне айналып отыр. Қалалардың өсуі халықтың кеңістіктік орналасуына ғана емес, экономикалық белсенділіктің шоғырлануына, еңбек нарығының өзгеруіне, адами капиталдың қалыптасуына, инновациялық процестердің дамуына және әлеуметтік инфрақұрылымға қойылатын талаптардың артуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда урбанизацияны тек ауыл тұрғындарының қалаға қоныс аударуы ретінде емес, қоғамның әлеуметтік, экономикалық және кеңістіктік құрылымын өзгертетін күрделі процесс ретінде қарастыру қажет.

Қазақстан үшін урбанизация мәселесінің өзектілігі ел аумағының кеңдігімен, халықтың өңірлер бойынша біркелкі орналаспауы және экономикалық белсенділіктің ірі қалаларда шоғырлануымен байланысты. Соңғы жылдары Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, сондай-ақ облыс орталықтарының демографиялық және экономикалық маңызы артып келеді. Бұл өз кезегінде тұрғын үйге, көлікке, инженерлік инфрақұрылымға, білім беру мен денсаулық сақтау қызметтеріне сұраныстың өсуіне алып келеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ел халқының саны 20,33 млн адамды құраса, оның 12,83 млн-ы немесе 63,1%-ы қалалық жерлерде, 7,50 млн-ы немесе 36,9%-ы ауылдық жерлерде тұрған. Сонымен қатар урбанизация деңгейі өңірлер арасында айтарлықтай ерекшеленеді: 2025 жылғы 1 сәуірде Қарағанды облысында қала халқының үлесі 82,1%, Ұлытау облысында 79,4%,

Ақтөбе облысында 75,7% болса, Алматы облысында 19,4%, Түркістан облысында 25,2% деңгейінде болды.

Бұл көрсеткіштер Қазақстандағы урбанизация процесінің біркелкі жүрмейтінін және оның аймақтық ерекшеліктерге тәуелді екенін көрсетеді. Сондықтан урбанизацияны зерттеу барысында демографиялық көрсеткіштермен қатар көші-қон, экономикалық даму, инфрақұрылым, еңбек нарығы және аумақтық жоспарлау факторларын кешенді түрде қарастыру маңызды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы урбанизациялық процестердің қазіргі тенденцияларын анықтап, олардың әлеуметтік-экономикалық және кеңістіктік даму ерекшеліктерін талдау, сондай-ақ жаһандық өзгерістер жағдайында Қазақстан қалаларының даму перспективаларын айқындау.

Зерттеу міндеттері ретінде Қазақстандағы урбанизация динамикасын сипаттау, өңірлік айырмашылықтарды анықтау, ірі қалалар мен агломерациялардың даму ерекшеліктерін талдау және орнықты қалалық дамудың негізгі бағыттарын белгілеу көзделеді.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында урбанизациялық процестерді кешенді талдауға мүмкіндік беретін теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Зерттеудің ақпараттық базасын Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросының демографиялық статистикасы, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері және халықаралық ұйымдардың қалалық даму мен орнықты даму жөніндегі материалдары құрайды.

Зерттеу әдістемесінің негізгі элементі ретінде салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Оның көмегімен Қазақстан өңірлеріндегі урбанизация деңгейінің айырмашылықтары қарастырылды. Статистикалық әдіс қала және ауыл халқының арақатынасын, халық санының өзгеруін және урбанизацияның аймақтық ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жүйелік тәсіл пайдаланылды. Бұл тәсіл урбанизацияны демографиялық құбылыс ретінде ғана емес, экономикалық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық және кеңістіктік факторлардың өзара байланысынан тұратын кешенді процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Құрылымдық-функционалдық талдау арқылы ірі қалалар мен агломерациялардың өңірлік даму жүйесіндегі рөлі бағаланды.

Зерттеу барысында халықаралық тәжірибені қарастыру үшін салыстырмалы-аналитикалық тәсіл қолданылды. Атап айтқанда, орнықты қалалар, цифрландыру, қалалық инфрақұрылымды дамыту және урбанизацияны басқару мәселелеріне қатысты халықаралық ұстанымдар ескерілді. БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының ішінде 11-мақсат қалалар мен елді мекендерді инклюзивті, қауіпсіз, орнықты және өмір сүруге төзімді етуге бағытталған.

Қазақстандағы урбанизацияның қазіргі тенденциялары

Қазақстандағы қазіргі урбанизацияның басты ерекшеліктерінің бірі – қала халқының біртіндеп артуы және халықтың ірі қалаларға шоғырлануы. 2025 жылғы 1 сәуірдегі дерек бойынша қала халқы ел тұрғындарының 63,1%-ын құрады. Бұл Қазақстанда урбанизация деңгейінің салыстырмалы түрде жоғары екенін көрсеткенімен, көрсеткішті өңірлік тұрғыдан талдау ел аумағында урбанизацияның әркелкі дамып отырғанын байқатады.

Урбанизацияның негізгі факторларының бірі – ішкі көші-қон. Халықтың білім алу, жұмысқа орналасу, жоғары табыс табу және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу мақсатында ірі қалаларға қоныс аударуы қалалардың демографиялық әлеуетін арттырады. Әсіресе экономикалық мүмкіндіктері жоғары қалалар еңбек ресурстары мен жастарды тартатын негізгі орталықтарға айналады[1].

Бұл үдерістің оң және күрделі жақтары қатар жүреді. Бір жағынан, халықтың экономикалық белсенді орталықтарға шоғырлануы еңбек ресурстарының тиімді бөлінуіне, кәсіпкерліктің, қызмет көрсету саласының және инновациялық қызметтің дамуына ықпал етеді. Екінші жағынан, халықтың тым жылдам өсуі тұрғын үй тапшылығы, көлік кептелісі, әлеуметтік нысандарға түсетін жүктеме, инженерлік инфрақұрылымның тозуы және қоршаған ортаға түсетін қысым сияқты мәселелерді күшейтуі мүмкін[2].

Қазақстандағы урбанизацияның тағы бір маңызды тенденциясы – агломерациялық процестердің күшеюі**.** Ірі қалалардың айналасындағы елді мекендермен экономикалық, еңбек және көлік байланыстарының нығаюы қалалық кеңістіктің кеңеюіне алып келеді. Осы жағдайда қала мен оның маңындағы елді мекендерді жеке-жеке дамыту жеткіліксіз. Олардың арасындағы еңбек нарығы, көлік жүйесі, тұрғын үй құрылысы және әлеуметтік инфрақұрылым байланыстарын бірыңғай кеңістіктік жүйе ретінде қарастыру қажет[3].

Қазақстанда агломерациялық процестерді институционалдық тұрғыдан реттеу бағытында да маңызды қадамдар жасалды. 2023 жылы қабылданған «Агломерацияларды дамыту туралы» заң агломерацияларды қалыптастыру, дамыту және олардың жұмыс істеуіне қажетті құқықтық және ұйымдастырушылық жағдайларды реттейді. Заң агломерацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және орталық әрі жергілікті мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету тетіктерін белгілейді.

Агломерациялық даму тұрғысынан Қазақстан үшін негізгі міндеттердің бірі – орталық қала мен оған іргелес аумақтардың дамуындағы теңгерімді қамтамасыз ету. Егер қала маңындағы елді мекендерде жұмыс орындары, сапалы жолдар, қоғамдық көлік, білім беру және медициналық қызметтер жеткіліксіз болса, күнделікті еңбек миграциясы күшейіп, орталық қалаға түсетін инфрақұрылымдық жүктеме артады.

Өңірлік ерекшеліктер де ерекше назар аударуды қажет етеді. Қазақстанның кейбір индустриялық өңірлерінде урбанизация деңгейі жоғары болғанымен, олардың демографиялық және экономикалық даму сипаты

Астана, Алматы немесе Шымкент сияқты ірі қалалардан өзгеше. Сондықтан елдегі урбанизациялық саясат барлық өңірге бірдей қолданылатын әмбебап модельге емес, әр аймақтың экономикалық құрылымы, демографиялық жағдайы және кеңістіктік ерекшеліктері ескерілетін сараланған тәсілге негізделуі тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстандағы урбанизацияны үш өзара байланысты деңгейде қарастыруға болады: қала халқының өсуі, агломерациялардың қалыптасуы және өңірлер арасындағы кеңістіктік теңгерімнің өзгеруі**.** Бұл үш процесс қазіргі урбанизацияның мазмұнын анықтайтын негізгі факторлар болып табылады[4].

Жаһандық өзгерістер және Қазақстан қалаларының даму перспективалары

Қазіргі жаһандық өзгерістер урбанизацияның сипатына жаңа талаптар қойып отыр. Климаттың өзгеруі, цифрлық технологиялардың дамуы, еңбек нарығының трансформациясы, көші-қон процестерінің күшеюі және ресурстарды тиімді пайдалану қажеттілігі қалаларды басқарудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

БҰҰ-ның орнықты даму жөніндегі қазіргі материалдарында қалалардың алдында тұрғын үйдің қолжетімділігі, көлік, климаттық тәуекелдер, жасыл кеңістіктер және қалалық инфрақұрылым мәселелері тұрғаны атап көрсетіледі. Осыған байланысты заманауи қала тек экономикалық белсенділіктің орталығы емес, сонымен бірге халық үшін қауіпсіз, қолжетімді және экологиялық орнықты орта қалыптастыратын кеңістік ретінде қарастырылады[5].

Қазақстан үшін бұл тенденциялар урбанизация саясатының мазмұнын кеңейтуді талап етеді. Бұған дейін урбанизация көбіне қала халқының сандық өсуі тұрғысынан қарастырылса, қазіргі жағдайда қалалық ортаның сапасы маңызды көрсеткішке айналып отыр. Қаланың тұрғындар үшін қолайлылығы тұрғын үйдің болуы, қоғамдық көліктің тиімділігі, әлеуметтік инфрақұрылымның қолжетімділігі, экологиялық жағдай және қоғамдық кеңістіктердің сапасы арқылы бағаланады. Осы орайда Қазақстан қалаларының болашақ дамуын төрт негізгі бағыт бойынша сараптауға болады.

Бұл орайда халықаралық үздік тәжірибелерді зерттеудің мәні зор. Әсіресе, шектеулі аумақ пен жоғары халық тығыздығы жағдайында тиімді қалалық орта қалыптастырған Сингапур Республикасының тәжірибесі ерекше назар аударуға тұрарлық. Сингапур «Smart Nation» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қаланың толық виртуалды 3D модель-егізін («Virtual Singapore») жасап шығарды. Бұл жүйе көлік ағындарын, күн панельдерінің тиімділігін, жел айналымын, жылу әсерін және су тасқыны тәуекелдерін нақты уақытта симуляциялауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл ел «Бақшадағы қала» (City in a Garden) тұжырымдамасы мен «Green Mark» экологиялық стандартын енгізіп, вертикальды көгалдандыру, энергия үнемдеуші сәулет және қалдықтарды толық қайта өңдеу сияқты тәсілдерді міндетті етті. Адам капиталы мен инновацияларды қолдау үшін ЖОО-лар жанынан зертханалар ашылып, креативті индустрия қала экономикасының басты драйверіне

айналды. Ал Тұрғын үй және даму кеңесі (HDB) арқылы қолжетімді баспана мен өз-өзін қамтамасыз ететін шағын аудандарды (New Towns) жүйелі жоспарлау қала орталығына түсетін инфрақұрылымдық жүктемені теңгерімдеудің озық үлгісін көрсетті.

Осы халықаралық модельді Қазақстанның ұлттық және өңірлік ерекшеліктеріне бейімдей отырып, отандық қалалар дамуының негізгі бағыттарын айқындауға болады.

1. Цифрлық трансформация және «Ақылды қала» технологиялары

Қазақстан қалаларының даму перспективаларының басты бағыттарының бірі – цифрлық трансформация. «Ақылды қала» (Smart City) концепциясы көлік қозғалысын басқару, коммуналдық қызметтерді цифрландыру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергияны тиімді пайдалану және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Халықаралық тәжірибе: Халықаралық практикада цифрландыру қалалық процестерді модельдеудің басты құралына айналды. Мәселен, Сингапур өзінің толық виртуалды 3D үлгісін — «Virtual Singapore» (Цифрлық егіз / Digital Twins) жобасын енгізді. Бұл жүйе қала басшылығына күн панельдерін тиімді орнатуды, жел ағыны мен су тасқыны тәуекелдерін алдын ала есептеуді және көлік ағынын оңтайландыруды нақты уақытта симуляциялауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ Оңтүстік Кореяның Сеул қаласындағы TOPIS интеллектуалды жүйесі үлкен деректер (Big Data) мен жасанды интелект арқылы қоғамдық көлік инфрақұрылымын автономды түрде реттейді.

Отандық практика: Қазақстанда бұл бағытта едәуір қадамдар жасалуда. Астана қаласында iKomek 109 бірыңғай контакт-орталығы мен «Сергек» интеллектуалды бейнебақылау жүйесі қалалық қауіпсіздік пен коммуналдық қызметтерді жедел басқарудың үлгісіне айналды. Сонымен қатар ірі қалаларда Интеллектуалды көлік жүйелерін (ITS) енгізу арқылы жол кептелістерін азайту жұмыстары жүргізілуде.

Алайда цифрландырудың өзі урбанизация мәселелерін толық шеше алмайды. Ол қалалық жоспарлау, инфрақұрылымды жаңғырту және тиімді басқару жүйелерімен қатар жүруі қажет[6].

2. Орнықты қалалық даму және экологиялық теңгерім

Екінші маңызды бағыт – орнықты қалалық даму. Қазақстан қалаларының болашақ дамуы экономикалық өсім мен экологиялық қауіпсіздік арасындағы теңгерімге негізделуі тиіс. Қалалардың аумақтық кеңеюі инженерлік желілердің, жолдардың және әлеуметтік инфрақұрылымның дамуымен қатар жүруі қажет. Бұл ретте жасыл аймақтарды сақтау, энергия тиімділігін арттыру, қалдықтарды басқару және қоғамдық көлікті дамыту мәселелері маңызды орын алады.

Халықаралық тәжірибе: Еуропада, әсіресе Париж қаласында «15 минуттық қала» (15-minute city) тұжырымдамасы кеңінен қолданылуда. Бұл модель бойынша тұрғынға қажетті барлық инфрақұрылым (жұмыс орны, мектеп, саябақ, емхана, дүкен) жаяу немесе велосипедпен 15 минуттық

қашықтықта орналасуы тиіс. Бұл жеке көлікке деген тәуелділікті азайтады. Скандинавия елдерінде (Копенгаген, Стокгольм) ғимараттардың энергия тиімділігіне жоғары талаптар қойылып, қалдықтарды 90%-дан астам қайта өңдейтін «Zero Waste» технологиялары қолданылады.

Отандық практика: Алматы мен Астана қалаларында қоғамдық көлік артықшылығын қамтамасыз ететін BRT (жедел автобус желілері) мен пешеходтық (жаяу жүргіншілер) аймақтарды кеңейту, велосипед инфрақұрылымын дамыту шаралары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар қала тұрғындарының шешім қабылдауға қатысуын арттыратын «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында саябақтарды абаттандыру және жасыл аймақтарды көбейту бастамалары қаржыландырылып келеді.

3. Адами капиталды дамыту және креативті экономика

Үшінші бағыт – адами капиталды дамыту. Қалалардың бәсекеге қабілеттілігі олардың халық санына ғана емес, білімді, кәсіби және инновациялық әлеуеті жоғары тұрғындардың шоғырлануына байланысты. Сондықтан жоғары білім беру, ғылыми-зерттеу орталықтары, технологиялық кәсіпкерлік және шығармашылық индустрияларды дамыту урбанизациялық саясаттың маңызды элементтері болуы мүмкін.

Елде білім беру инфрақұрылымын жақсарту мақсатында жүзеге асырылып жатқан «Жайлы мектеп» сияқты ұлттық жобалар қалалық ортада әлеуметтік теңсіздікті азайтуға және сапалы адам капиталын қалыптастыруға бағытталған. Қалаларда IT-хабтардың (мысалы, Astana Hub), креативті кеңістіктердің және жастар бастамаларын қолдау орталықтарының көбейгені бұл бағыттың өзектілігін дәлелдейді.

4. Кеңістіктік теңгерім және агломерацияларды басқару

Төртінші бағыт – кеңістіктік теңгерімді қамтамасыз ету. Ірі қалалардың шамадан тыс өсуі өңірлер арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықтарды күшейтуі мүмкін. Сондықтан урбанизация саясаты тек ірі қалаларды дамытумен шектелмеуі керек. Орта және шағын қалалардың экономикалық әлеуетін арттыру, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыру және базалық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету ішкі көші-қон қысымын төмендетуге ықпал етуі мүмкін.

Осы орайда, Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе сияқты ірі агломерацияларға түсетін демографиялық жүктемені жеңілдету үшін жаңа серіктес қалаларды дамыту жобалары қолға алынуда. Соның бір жарқын мысалы – Алматы облысында бой көтеріп жатқан Alatau City (G4 City) арнайы экономикалық аймағы. Ол халықаралық стандарттарға сай дербес экономикалық, хабтық және инновациялық орталық ретінде жоспарланған. Сонымен бірге, моноқалаларды (Хромтау, Рудный, Саран т.б.) диверсификациялау және өндірістік әлеуетін қайта жаңғырту арқылы ішкі миграция қарқынын теңгеру басты басымдыққа айналып отыр[7].

Қорытынды

Қазақстандағы урбанизациялық процестер елдің қазіргі әлеуметтік-экономикалық және кеңістіктік дамуының маңызды бағыттарының бірін

құрайды. Соңғы жылдардағы статистикалық көрсеткіштер қала халқының үлесі өсіп келе жатқанын көрсетеді, алайда урбанизация деңгейі өңірлер арасында айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл Қазақстандағы урбанизацияның біркелкі емес сипатқа ие екенін және оны басқаруда өңірлік ерекшеліктерді ескерудің қажеттілігін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы урбанизацияның негізгі тенденциялары ретінде қала халқының өсуі, ішкі көші-қонның ірі қалаларға бағытталуы, агломерациялық процестердің күшеюі және қалалық инфрақұрылымға түсетін жүктеменің артуы анықталды. Сонымен бірге урбанизация экономикалық белсенділікті, адами капиталды және инновациялық әлеуетті шоғырландыру үшін жаңа мүмкіндіктер қалыптастырады.

Жаһандық өзгерістер жағдайында Қазақстан қалаларының болашақ дамуы цифрландыру, «ақылды қала» технологиялары, орнықты даму қағидаттары, экологиялық қауіпсіздік және адами капиталды дамыту бағыттарымен тығыз байланысты болады. Сондықтан урбанизацияны басқару саясаты сандық көрсеткіштерге ғана емес, қалалық ортаның сапасына да бағдарлануы қажет.

Қазақстан үшін перспективалық бағыттар ретінде ұзақ мерзімді кеңістіктік жоспарлауды жетілдіру, агломерацияларды теңгерімді дамыту, көлік және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту, орта және шағын қалалардың әлеуетін арттыру, ішкі көші-қонды тиімді басқару және орнықты қалалық даму қағидаттарын кеңінен енгізу ұсынылады.

Осылайша, Қазақстандағы урбанизацияны елдің ішкі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерінің нәтижесі ретінде ғана емес, оның кеңістіктік дамуына, адами капиталына және жаһандық өзгерістерге бейімделу қабілетіне ықпал ететін стратегиялық процесс ретінде қарастыру қажет. Урбанизацияның келешегі оның қарқынымен қатар, қалалардың өмір сүруге қолайлылығы, экономикалық тиімділігі, әлеуметтік инклюзивтілігі және экологиялық орнықтылығы арқылы айқындалатын болады.

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасы халқының жынысы және тұрғылықты жерінің түрі бойынша саны. – Астана: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2025.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасындағы демографиялық жағдай. – Астана: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы, 2025.
3. Қазақстан Республикасының Заңы. Агломерацияларды дамыту туралы: 2023 жылғы 1 қаңтардағы №181-VII ҚРЗ. – Астана, 2023.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту туралы: 2024 жылғы 30 шілдедегі №611 Жарлық. – Астана, 2024.
5. Біріккен Ұлттар Ұйымы. Тұрақты даму мақсаттары: 11-мақсат. Тұрақты қалалар мен елді мекендер. – Нью-Йорк: Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2024.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан Республикасының өңірлік даму тұжырымдамасын бекіту туралы. – Астана, 2023.
7. Әбдірова А.С. Қазақстандағы урбанизация үдерістері: қазіргі жағдайы және даму перспективалары // Экономика және статистика. – 2022. – №4. – Б. 45–52.

ҚАЗАҚСТАН-ГЕРМАНИЯ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫ: МҰНАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНАН ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕРІКТЕСТІККЕ ДЕЙІН

Бердибекұлы Мади, Серікқызы Табиғат
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, e-mail: berdibekulymadi@gmail.com, tabigat.serikkyzy@mail.ru

Түйін. Мақалада Қазақстан мен Германия арасындағы энергетикалық дипломатия саясаттанулық тұрғыдан талданып, энергетиканың қазіргі халықаралық қатынастардағы экономикалық маңызымен қатар, мемлекеттердің сыртқы саяси және стратегиялық мүдделерін жүзеге асыру құралы ретіндегі рөлі қарастырылады. PCK Schwedt зауытына қазақстандық мұнайдың жеткізілуі мұнайдың дипломатиялық құралға айналуын, ал HYRASIA ONE жасыл сутегі жобасы жаңа дипломатиялық бағыттың қалыптасуын көрсетеді. Соғысқа дейінгі және кейінгі геосаяси факторлар аясында екі мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздік және сыртқы саясат мүдделерінің тоғысуы, сондай-ақ мұнай ынтымақтастығынан жасыл энергетикалық серіктестікке дейінгі эволюция зерттеледі.

Аннотация. В статье с политологических позиций анализируется энергетическая дипломатия Казахстана и Германии: энергетика рассматривается не только как экономический ресурс, но и как инструмент внешней политики в современных международных отношениях. Поставки казахстанской нефти на НПЗ PCK Schwedt демонстрируют превращение нефти в дипломатический инструмент, а проект зеленого водорода HYRASIA ONE - формирование нового дипломатического направления. В контексте геополитических факторов до и после начала войны исследуется пересечение интересов энергетической безопасности и внешней политики двух государств, а также эволюция от нефтяного сотрудничества к зеленому энергетическому партнерству.

Abstract. This article analyses Kazakhstan-Germany energy diplomacy from a political science perspective: energy is examined not only as an economic resource but as a tool of foreign policy in contemporary international relations. Kazakh oil deliveries to the PCK Schwedt refinery demonstrate the transformation of oil into a diplomatic instrument, while the HYRASIA ONE green hydrogen project shows the emergence of a new diplomatic track. In the context of pre- and post-war geopolitical factors, the article studies the intersection of energy security and foreign policy interests of the two states, as well as the evolution from oil cooperation to a green energy partnership.

Кілт сөздер: Қазақстан, Германия, энергетикалық дипломатия, энергетикалық қауіпсіздік, жасыл сутегі.

Кіріспе. Қазіргі халықаралық қатынастарда энергетиканың мәртебесі түбегейлі өзгерді: ол тек экономикалық ресурс емес, мемлекеттің сыртқы саясат құралына айналды. Энергетикалық дипломатия деп энергетикалық

мүдделерді - шикізатқа қол жеткізу, нарықтарды әртараптандыру, технологиялар мен инвестициялар тарту - шетелдік саясат құралдары арқылы іске асыруды айтамыз [1]. Осы тұрғыдан Қазақстан мен Германия арасындағы қатынастар көрнекті зерттеу объектісі, өйткені оларда энергетикалық байланыстардың дипломатиялық құралға айналу процесі анық бақыланады.

Саясаттанулық проблема екі деңгейде жатыр. Германия үшін энергетикалық қауіпсіздік экономикалық өсу мен саяси егемендіктің алғышарты: 2022 жылғы геосаяси дүрбелеңнен кейін Берлин энергия жеткізушілерін әртараптандыруды сыртқы саясаттың басым бағытына айналдырды [2]. Қазақстан үшін Еуропамен, оның ішінде Германиямен энергетикалық байланыстар экономикалық ғана емес, сыртқы саяси әртараптандыру құралы: көпвекторлы дипломатия аясында жаңа серіктестерді тарту Астананың геосаяси маневр еркіндігін кеңейтеді.

Осыған байланысты мақалада мынадай негізгі зерттеу сұрағы қойылады: Қазақстан мен Германия арасындағы энергетикалық дипломатия екі мемлекеттің сыртқы саяси және геосаяси мүдделерін қалай тоғыстырады? Жауап іздеу барысында мынадай логикалық тізбек ұсынылады: мұнай → энергетикалық қауіпсіздік → дипломатия → геосаяси мүдделер → жасыл энергетика мен сутегі → жаңа Қазақстан-Германия серіктестігі.

Энергетика – Қазақстан-Германия дипломатиясының құралы. Мұнайды бұл бөлімде экономикалық статистика ретінде емес, дипломатиялық құрал ретінде қарастыру қажет. Қазақстан Еуропамен байланысын нығайту мақсатында шикізат жеткізу арқылы саяси серіктестікке жол ашады, Германия өзінің энергетикалық қауіпсіздігін әртараптандыру арқылы жаңа дипломатиялық қатынастар құрады.

Бұл процестің көрнекті мысалы - PCK Schwedt зауытына қазақстандық мұнайдың жеткізілуі. 2023 жылы ресейлік шикі мұнайға салынған эмбаргодан кейін Қазақстан алғаш рет Атырау-Самара-Дружба маршруты бойынша Schwedt-ке жеткізе бастады, ал 2024 жылы 1,5 миллион, 2025 жылы 2,146 миллион тонна жеткізіліп, өсім 44 пайызға жетті [3]. Зауыт Берлин мен Бранденбург өңірінің жанар-жағармайын өндіруші, ол өңір тұтынатын өнімдердің шамамен 90 пайызын береді, сондықтан қазақстандық жеткізілімдер федералдық үкімет үшін өңірлік тұрақтылықтың саяси мәселесіне айналды [3].

Осы мысал энергетикалық тәуелділіктің халықаралық саясатқа әсерін айқын көрсетеді. Берлин PCK акцияларының бақылау пакетін 2022 жылдан бері федералдық қамқорлыққа алу арқылы энергетикалық инфрақұрылымның саяси бақылауда қалуын қамтамасыз етті [4]. Қазақстан тарапында мұнай жеткізілімдері Германиямен жоғары деңгейлі саяси контактілердің (министрлік консультациялар, Президент сапарлары) мазмұнды тақырыбына айналып, екіжақты дипломатиялық күн тәртібіне экономикалық балама емес, стратегиялық сенім элементін енгізді [5].

Алайда 2026 жылғы мамырда Ресейдің Дружба арқылы транзитті тоқтатуы бұл бағыттың осалдығын ашты. Зауыт мұнайының шамамен 17

пайызы қазақстандық үлесті құрады, ал Германия Гданьск пен PERN құбыры арқылы балама маршрут ұйымдастыруға мәжбүр болды [4]. Бұл эпизод саясаттану тұрғысынан маңызды қорытынды береді. Энергетикалық дипломатия нәтижелі болуы үшін тек шикізат бар болуы жеткіліксіз - жеткізу жолдарының саяси тұрақтылығы да қажет. Яғни энергетикалық қауіпсіздік дипломатияның нысанасы ғана емес, оның шарты да болуы қажет.

Германияның Қазақстанға қатысты энергетикалық дипломатиясы.

Германия Қазақстанмен энергетикалық байланысын кеңейтуді тек сауда мүддесімен шектемейді, бұл оның жүйелі сыртқы саясат бағытының бір бөлігі. Бірінші құрал институционалды энергетикалық диалог: екі ел үкіметтері арасындағы консультациялар, Германияның Орталық Азия жөніндегі стратегиясы және ЕО-ның Орталық Азия стратегиясы аясындағы үш тарапты форматтар энергетиканы тұрақты саяси күн тәртібіне айналдырды [2]. ГФР Сыртқы істер министрлігі сутегі дипломатиясын ресми бағыт ретінде жариялап, үшінші елдермен жасыл сутегі ынтымақтастығын сыртқы саясаттың жаңа бағыты ретінде дамытуда [6].

Екінші құрал технологиялық және инвестициялық ынтымақтастық. Германия энергетикалық трансформацияда (Energiewende) әлемдік көшбасшы ретінде өз технологияларын жел станциясы компоненттері, электролиз жабдықтары, энергия тиімділігі шешімдері дипломатиялық ықпал құралы ретінде пайдаланады [6]. Қазақстанға келсек, бұл қатынас германдық компаниялардың қазақстандық нарыққа кіруіне жол ашып, екі ел арасындағы экономикалық байланысты тереңдетеді.

Үшінші құрал - гуманитарлық-институционалдық дипломатия. Германия ақпараттық орталықтарының (DWIH) желісі, жоғары оқу орындары мен зерттеу институттары арасындағы ынтымақтастық энергетикалық байланысты «жоғарыдан» ғана емес, қоғам деңгейінде де нығайтады [5]. Бұл энергетикалық дипломатияның жұмсақ күші элементі ретінде жұмыс істейді. «Германия Қазақстанмен неге энергетикалық байланысын кеңейтеді?» деген сұраққа жауап мынада: Ресей-Украина соғысынан кейін Германия өзінің энергия импортындағы структуралық тәуелділігін жойып, орнына саяси тұрғыдан болжамды әрі технологиялық тұрғыдан толықтыратын серіктестер іздеді [2]. Қазақстан бұл бағыттағы сенімді әрі әлеуетті серіктес ретінде қарастырыла алады. Еліміз стратегиялық маңызы бар шикізат ресурстарының тұрақты қорымен қатар, жаңартылатын энергетиканы дамыту үшін елеулі әлеуетке ие. Сонымен бірге мемлекеттің көпвекторлы сыртқы саясаты әртүрлі халықаралық акторлармен теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Қазақстанның Еуропа мен Азияны байланыстыратын стратегиялық географиялық орналасуы оның транзиттік, энергетикалық және геосаяси маңызын арттырып, халықаралық серіктестік үшін тартымды әріптес ретіндегі позициясын күшейтеді.

Жасыл энергетика: жаңа дипломатиялық бағыт. Энергетикалық дипломатияның ең айқын жаңалығы - жасыл бағыттың пайда болуы. Германия өзінің энергетикалық трансформация саясатын (Energiewende) сыртқы

саясатпен ұштастырып, ұлттық сутек стратегиясында импорттық сутегінің маңыздылығын ресми түрде мойындады [6]. Бұл стратегиялық шешім Германияға жаңа дипломатиялық бастамаларға жол ашты: сутегін өндіретін үшінші елдермен ынтымақтастық бірлескен жобалар деңгейінде ғана емес, мемлекеттер арасындағы стратегиялық сенім деңгейінде дамуы тиіс, өйткені ұзақ мерзімді жеткізілім кепілдіктері тек саяси тұрақтылық жағдайында мүмкін.

Қазақстан бұл бағытта айрықша әлеуетке ие. Маңғыстау және оңтүстік өңірлерінің табиғи-климаттық жағдайлары жел және күн энергетикасын дамытуға қолайлы. Осы ресурстық база жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын өндірудің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік беріп, Қазақстанның еуропалық жеткізушілермен салыстырғанда бәсекелік артықшылықтарын күшейте алады.[5].

Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегтік нейтралдылыққа қол жеткізу және сутек энергетикасын дамыту тұжырымдамаларын қабылдап, өз кезегінде бұл бағытты сыртқы саяси әртараптандыру құралы ретінде пайдалануда.

Осы бағыттың басты көрсеткіші HYRASIA ONE жобасы. Оны тек инфрақұрылымдық жоба ретінде емес, екі ел арасындағы жаңа дипломатиялық ынтымақтастықтың мысалы ретінде түсіну керек: жоба неміс компаниясы (SVEVIND) мен Қазақстан мемлекеті арасындағы стратегиялық келісім негізінде дамып, оған Қазақстан Президентінің қатысуымен қол қойылған инвестициялық келісім саяси баға берді [7]. Жоба Маңғыстау облысында жасыл сутегі мен аммиак өндіруді көздеп, өнімнің басым бөлігі Еуропа нарығына экспортталады [7].

HYRASIA ONE мысалында энергетикалық дипломатияның жаңа сипаты көрінеді. Бұрын шикізат ағындары дипломатиялық қатынастың нысаны болса, енді керісінше дипломатиялық сенім инвестициялық жобаларға бағытталған. Технология мен инвестиция арқылы ықпал ету арқылы Германия Қазақстанның энергетикалық жүйесіне ұзақмерзімді түрде енеді, ал Қазақстан Еуропамен байланыстарын жаңа климаттық деңгейге шығарады. Жобаға қатысты су ресурстары мен дала экожүйесі жөніндегі экологиялық пікірталастар жасыл дипломатияның маңызды сынағына айналып отыр. Сондықтан оның табысы технологиямен қатар экологиялық стандарттар мен ашық қоғамдық диалогқа да тәуелді [8].

Сонымен, жасыл энергетика Қазақстан–Германия қатынасында экономикалық жоба ғана емес жаңа дипломатиялық байланыстарды қалыптастыратын бағытқа айналып келеді. Ол екі елге ортақ тақырыптық кеңістік климаттық дипломатия ашып, қатынастарды шикізаттық сипаттан стратегиялық серіктестік сипатына қарай жылжытады.

Геосаяси өлшем. Энергетикалық дипломатияны тек энергия ресурстарының экспорты мен импортына негізделген экономикалық ынтымақтастық ретінде қарастыру жеткіліксіз. Оның қазіргі халықаралық саясаттағы маңызы энергетикалық ресурстардың экономикалық құндылығымен қатар, ұлттық қауіпсіздікке, сыртқы саяси маневрге және

геосаяси ықпалға әсер етуімен айқындалады. Осы тұрғыдан Қазақстан мен Германия арасындағы энергетикалық дипломатияны Еуропаның энергетикалық қауіпсіздігі, жеткізілімдерді әртараптандыру, Қазақстанның көпвекторлы саясаты және Орталық Азияның геосаяси маңызының артуы аясында қарастыру қажет.

Біріншіден, Ресей-Украина соғысы Еуропаның энергетикалық қауіпсіздік парадигмасын өзгертті. 2022 жылдан кейін энергия қауіпсіздігі жеткізілім көлемімен қатар, оның шығу көзі, тасымалдау бағыттары және саяси тұрақтылығымен байланысты стратегиялық мәселеге айналды. Осыған байланысты Еуропалық Одақ энергия жеткізілімдерін әртараптандыруға және жаңа ұзақ мерзімді серіктестер қалыптастыруға басымдық берді [2]. Бұл Қазақстан сияқты энергетикалық әлеуеті жоғары мемлекеттердің Еуропаның энергетикалық дипломатиясындағы маңызын арттырды.

Екіншіден, Германияның энергетикалық жеткізілімдерді әртараптандыру саясаты Қазақстанмен ынтымақтастықтың маңызын күшейтті. Қазақстанның мұнай қоры, жаңартылатын энергетика әлеуеті және географиялық орналасуы оны Германия үшін дәстүрлі көмірсутек ресурстары мен төмен көміртекті энергетиканы байланыстыратын әлеуетті серіктес ретінде сипаттайды [6]. Сондықтан екіжақты энергетикалық ынтымақтастық коммерциялық мүдделермен қатар, Германияның энергетикалық тұрақтылығын арттыруға бағытталған стратегиялық сипатқа ие.

Үшіншіден, энергетикалық дипломатия Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының маңызды элементі болып табылады. Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ және басқа да серіктестермен байланыстарды қатар дамыту Қазақстанға сыртқы экономикалық және стратегиялық тәуелділіктерді теңгеруге мүмкіндік береді [5]. Осы тұрғыдан Германиямен энергетикалық ынтымақтастық Қазақстанның Еуропамен экономикалық және технологиялық байланыстарын кеңейтудің бір бағыты ретінде көрінеді.

Төртіншіден, Орталық Азияның халықаралық маңызының артуы энергетикалық дипломатияның өңірлік сипатын күшейтті. Еуропалық Одақтың аймаққа қатысты саясаты энергетикамен қатар көлік-логистика, инвестиция, климат және стратегиялық коммуникация бағыттарын қамтиды. Бұл ретте Global Gateway, Транскаспий халықаралық көлік бағыты (Middle Corridor) және жаңартылатын энергетика саласындағы ынтымақтастықтың маңызы артып отыр [2]. Қазақстан өзінің ресурстық әлеуеті, Каспийге шығуы және көлік-логистикалық орналасуы арқылы осы үдерістің маңызды қатысушысы болып табылады.

Осы факторлардың тоғысуы энергетикалық дипломатияның экономикалық қана емес, геосаяси құрал екенін көрсетеді. Энергетикалық өзара тәуелділік мемлекеттердің сыртқы саяси байланыстарына, серіктестерді таңдауға және стратегиялық тәуекелдерді басқаруға ықпал етеді. Қазақстан–Германия энергетикалық ынтымақтастығы дәстүрлі мұнай жеткізілімінен жаңартылатын энергия мен жасыл сутегі саласындағы жаңа серіктестікке қарай кеңеюде.Демек, энергетикалық дипломатия екі ел арасындағы қазіргі

энергетикалық байланыстарды сақтаумен қатар, жаңа стратегиялық серіктестіктерді қалыптастыратын сыртқы саяси механизм ретінде сипатталады.

Қорытынды. Жүргізілген талдау негізінде мынадай негізгі қорытындыға келуге болады. Қазақстан-Германия энергетикалық дипломатиясы дәстүрлі мұнай ынтымақтастығынан біртіндеп жасыл энергетика мен жасыл сутегі сияқты жаңа бағыттарға кеңеюде. Бұл өзгеріс тек энергетикалық нарықтардың трансформациясын емес, Қазақстан мен Германияның сыртқы саяси және геосаяси мүдделерінің жаңа форматта тоғысуын көрсетеді.

PCK Schwedt мысалында мұнай нақты дипломатиялық құралға айналды: шикізат ағыны екіжақты саяси диалогты жандандырып, энергетикалық қауіпсіздік күн тәртібін екі ел деңгейінде де жүйелі сыртқы саясат мәселесіне көтерді. HYRASIA ONE мысалында жасыл сутегі болашақтың стратегиялық бағыты ретінде қалыптасып, технология, инвестиция және климаттық дипломатия арқылы екі жақтың ықпал аймағын кеңейтуде. Геосаяси өлшемде екі мемлекеттің мүдделерінің түйісуі - Германияның жеткізушілерді әртараптандыруы мен Қазақстанның көпвекторлы дипломатиясы - бұл серіктестіктің ұзақмерзімді сипатын айқындайды.

Қазақстан–Германия энергетикалық қатынастары дәстүрлі мұнай жеткізілімінен жасыл энергетика мен сутегі саласындағы ұзақ мерзімді серіктестікке қарай өзгеріп келеді. Германия үшін Қазақстан энергия көздерін әртараптандыруға және жасыл технологияларды дамытуға мүмкіндік беретін серіктес болса, Қазақстан үшін Германия инвестиция, технология және еуропалық нарыққа шығу тұрғысынан маңызды. Сондықтан энергетикалық дипломатия екі елдің экономикалық мүдделерін ғана емес, стратегиялық және саяси ынтымақтастығын да күшейтетін құралға айналып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Goldthau A., Sitter N. A Liberal Actor in a Realist World: The European Union Regulatory State and the Global Political Economy of Energy. – Oxford: Oxford University Press, 2015. – 240 p.

2. European Commission. REPowerEU Plan. – Brussels: COM(2022) 230 final; Auswärtiges Amt. Mittelstrategie der Bundesregierung. – Berlin, 2023.

3. Reuters. Russia to halt Kazakhstan's oil flows to Germany via Druzhba pipeline. – 21.04.2026; DW. Russia to block Kazakh oil flows to Germany via key pipeline. – 22.04.2026.

4. Oilprice.com. Germany Scrambles for Polish Oil Route as Russia Halts Druzhba Flows. – 28.04.2026.

5. Министерство иностранных дел Республики Казахстан. Материалы казахстанско-германского сотрудничества. – Астана, 2024–2026.

6. Bundesregierung. Nationale Wasserstoffstrategie der Bundesrepublik Deutschland. – Berlin, 2020 (aktualisierte Strategie 2023); Auswärtiges Amt. Wasserstoff-Diplomatie der Bundesregierung. – Berlin, 2023.

7. SVEVIND Energy Group / Hyrasia One. Project materials and investment agreement (Astana, October 2022). – Dresden/Aktau, 2022–2025.

8. Rosa Luxemburg Stiftung. Hyrasia One: Kazakhstan's Green Hydrogen Mega-Project. – 2026; Times of Central Asia. Environmentalists Urge Relocation of Hyrasia One. – 11.07.2025.

АҚШ-ТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ГЕОСАЯСИ СТРАТЕГИЯСЫ: ҚЫТАЙ ЫҚПАЛЫНА ҚАРСЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІК ІЗДЕУ

Сұлтанғалиева Индира Сұлтанғалиқызы

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
e-mail: sultangalievaindira03@gmail.com
(Астана, Қазақстан)
Ғылыми жетекшісі – Жанбулатова Р.С.

Түйін. Мақалада АҚШ пен Қытайдың Орталық Азиядағы геосаяси стратегиялары 2023–2026 жылдардағы деректер негізінде салыстырмалы талданады. Қытай BRI 2.0 бастамасы арқылы экономикалық ықпалын кеңейтсе, АҚШ C5+1 платформасы, сыни минералдар және цифрлық технологиялар арқылы аймақтағы позициясын нығайтуда. Зерттеу неореализм, неолиберализм және конструктивизм теорияларының гибридті тәсіліне негізделген.

Түйін сөздер: *Орталық Азия, геосаяси бәсекелестік, АҚШ, Қытай, C5+1, Бір белдеу бір жол, көпвекторлы саясат, сыни минералдар.*

Аннотация. На основе данных 2023–2026 гг. проводится сравнительный анализ геополитических стратегий США и Китая в Центральной Азии. Китай через BRI 2.0 расширяет экономическое влияние, тогда как США укрепляют позиции посредством платформы C5+1, партнёрства по критическим минералам и цифровых технологий. Исследование опирается на гибридный подход неореализма, неолиберализма и конструктивизма.

Ключевые слова: *Центральная Азия, геополитическая конкуренция, США, Китай, C5+1, Один пояс один путь, многовекторная политика, критические минералы.*

Abstract. Based on 2023–2026 data, the article compares the geopolitical strategies of the United States and China in Central Asia. China expands its economic influence through BRI 2.0, while the United States strengthens its position via the C5+1 platform, critical-minerals partnerships, and digital technologies. The study relies on a hybrid neorealist, neoliberal, and constructivist approach.

Keywords: *Central Asia, geopolitical competition, USA, China, C5+1, Belt and Road Initiative, multi-vector policy, critical minerals.*

Кіріспе. XXI ғасырда Орталық Азияның геосаяси маңызы айтарлықтай артты: аймақ бай энергетикалық ресурстарға ие және Азия мен Еуропаны жалғайтын транзиттік дәліздердің торабы болып табылады [1]. Бұл артықшылықтар аймақты АҚШ пен Қытай арасындағы геосаяси бәсекелестіктің аренасына айналдырды. Қытай үшін Орталық Азия

энергетикалық қауіпсіздік, BRI жобаларының өзегі және Шыңжаңды тұрақтандыру буфері болса, АҚШ үшін бұл — Ресей мен Қытай ықпалын теңестіру және «жұмсақ күш» арқылы ұзақ мерзімді ықпал орнату алаңы [2]. 2023–2026 жылдары бәсекелестік сапалық жаңа деңгейге көтерілді: Қытай Сиань саммитінде 7 млрд доллар инвестиция жариялады [3], АҚШ алғаш рет С5+1 бас деңгейлі саммитін өткізді, ал 2025–2026 жылдары сыни минералдар меморандумы мен Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан теміржолы құрылысы жаңа кезеңнің белгісіне айналды [4, 5]. Зерттеудің мақсаты — екі державаның стратегияларын салыстыра отырып, аймақ елдерінің тепе-теңдік іздеу тәжірибесін анықтау.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жүйелік тәсіл, салыстырмалы саясат талдауы және дискурс-талдау негізінде жүргізілді. Эмпирикалық деректер көзі — АҚШ Мемлекеттік департаменті, Қытай СІМ, ХВҚ, Дүниежүзілік банк және халықаралық ғылыми басылымдар (Foreign Affairs, Journal of Eurasian Studies) материалдары. Теориялық негіз ретінде неореализм (Миршаймер), неолиберализм (Кеохейн, Най) және конструктивизм (Вендт) теорияларының гибридті тәсілі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Талдау көрсеткендей, екі держава да үш деңгейде — реалистік, институционалдық және идеялық деңгейде — әрекет етеді (1-кесте). АҚШ стратегиясы «жұмсақ күштен ақылды күшке» бағытында дамыды: 2025 жылғы С5+1 саммитінде жасыл энергетикаға 500 млн доллар климаттық қор, сыни минералдар меморандумы, Digital Resilience Centers және Fulbright бағдарламасы бойынша 200 жаңа грант бекітілді [4]. Қауіпсіздік саласында Border Security Partnership (40 млн доллар) және «Дала қыраны» жаттығулары жүргізілді [6, 7]. Қытай стратегиясы BRI 2.0 кезеңіне көшті: 2013–2025 жылдары жалпы инвестиция 85 млрд доллардан асты [8], Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан теміржолы 2026 жылы құрылысқа кірісті [9], ал Digital Silk Road 2.0 аясында Huawei 5G желісі кеңейтілуде [10]. Орталық Азия елдері көпвекторлы саясатты «бейтараптықтан» «стратегиялық пайда табуға» дейін дамытты: Қазақстан аралас цифрлық модель (Huawei+Microsoft) арқылы теңгерімді ұстанымын көрсетсе [11, 12, 13], Өзбекстан американдық технология хабы мен қытайлық инвестицияны қатар дамытуда [14, 15], ал Қырғызстан мен Тәжікстан қаржылық тәуелділік пен қауіпсіздік теңдестіру арасында қалып отыр [16, 17]. Энергетика саласында Орталық Азия–Қытай газ құбырының D тармағы 2024 жылы іске қосылып, жылына қосымша 30 млрд текше метр газ жеткізуді қамтамасыз етті, ал жалпы төрт тармақтан тұратын жүйе жыл сайын 85 млрд текше метр газ тасымалдайды [19]; бұл Қытайдың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтумен қатар, Түрікменстан мен Қазақстан үшін тұрақты экспорт нарығын қамтамасыз етуде.

1-кесте. АҚШ пен Қытайдың Орталық Азиядағы стратегияларының салыстырмалы талдауы (2023-2026 жж.)

Параметр	АҚШ (С5+1)	Қытай (BRI 2.0)

Негізгі тәсіл	Дипломатиялық платформа + жұмсақ күш	Инфрақұрылымдық инвестиция + экономикалық тәуелділік
Инвестиция көлемі	~500 млн $ (климаттық қор, 2025)	>85 млрд $ (2013–2025)
Қауіпсіздік	Border Security Program (40 млн $), «Дала қыраны» жаттығулары	ШЫҰ аясындағы ынтымақтастық, Тәжікстандағы база
Цифрлық бастама	Digital Resilience Centers (Google, Microsoft)	Digital Silk Road 2.0: Huawei 5G, «ақылды қалалар»
2025–2026 жаңалығы	Сыни минералдар меморандумы; C5+1+ЕО трилог форматы	Қытай-Қырғызстан-Өзбекстан теміржолы құрылысы

Дереккөз: [4, 8, 10, 19] деректері негізінде автормен құрастырылған.

Аймақ елдерінің екі державамен ынтымақтастығы бірдей қарқында дамымайды (2-кесте). Қазақстан теңгерімді ұстанымның ең табысты үлгісін көрсетсе, Өзбекстан аймақтық экономикалық орталыққа айналуда. Ал Қырғызстан мен Тәжікстан үшін қаржылық тәуелділік пен қауіпсіздік мүддесін теңестіру негізгі сын-қатер болып қалуда, Түрікменстан болса конституциялық бейтараптық мәртебесіне сай екі державадан да қашықтық сақтайды.

2-кесте. Орталық Азия елдерінің АҚШ пен Қытаймен ынтымақтастығы (2025–2026 жж.)

Мемлекет	Қытаймен ынтымақтастық	АҚШ-пен ынтымақтастық
Қазақстан	15 инфрақұрылымдық жоба; сауда 41 млрд $ (2025)	C5+1 жетекшісі; сыни минералдар меморандумы
Өзбекстан	ТШИ 13 млрд $ (2025); ҚҚӨ теміржолы	American-Uzbek Technology Hub
Қырғызстан	Сыртқы қарыздың 45%+ үлесі	Border Security қолдауы
Тәжікстан	Қауіпсіздік базасы (Вахан өңірі)	Counter-Terrorism ынтымақтастығы
Түрікменстан	Газ экспортының негізгі сатып алушысы	Транскаспий газ құбыры келіссөздері

Дереккөз: [8, 11, 14] және ресми статистика негізінде автормен құрастырылған.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Зерттеу нәтижелері бәсекелестіктің «экономикадан технологияға» ауысу тенденциясын көрсетеді: 5G, деректер суверенитеті және сыни минералдар (литий, кобальт, уран, сирек жер

металдары) жаңа стратегиялық фронтқа айналды [4, 10]. Бұл ресурстар жасыл энергетика мен әскери технологиялар үшін стратегиялық маңызға ие болғандықтан, АҚШ пен Қытай арасындағы бәсекелестік дәстүрлі энергетикадан технологиялық тізбектерге қарай ойысуда. Аймақ елдері бірде-бір держава жағына толық шықпай, екеуімен де белсенді ынтымақтастықты ұштастыруда, дегенмен Қырғызстан мен Тәжікстанның Қытайға қарызы жоғары болуы теңдестіру мүмкіндігін шектейді [17, 18]. Зерттеудің шектеуі — инвестиция мен қарыз шарттарының, сондай-ақ жасырын қауіпсіздік келісімдерінің толық ашылмауы, бұл болашақ зерттеулер үшін бағыт болып қала береді.

Қорытынды. 2023–2026 жылдардағы АҚШ–Қытай бәсекелестігі энергетикадан цифрлық инфрақұрылым, сыни минералдар және когнитивтік кеңістікке (нарратив, білім беру, мәдениет) ұласты. Орталық Азия елдері көпвекторлы саясатты «бейтараптықтан» «стратегиялық пайда табуға» дейін дамыта отырып, державалар бәсекелестігін өз мүддесіне пайдалануды үйренуде. Теориялық тұрғыдан аймақтағы жағдайды толық түсіну үшін неореализм, неолиберализм және конструктивизмнің гибридті тәсілі қажет, себебі бірде-бір теория аймақтық шындықты жеке-дара сипаттай алмайды. Болашақ зерттеулер аймақ елдерінің ішкі саяси үдерістері мен қарыз дипломатиясының ұзақ мерзімді салдарын, сондай-ақ цифрлық инфрақұрылым бәсекесінің ақпараттық суверенитетке әсерін тереңірек қарастыруы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Brzezinski Z. The Grand Chessboard: American Primacy and Its Geostrategic Imperatives. — New York: Basic Books, 1997. — 240 p.
2. Mearsheimer J. The Tragedy of Great Power Politics. — New York: W.W. Norton & Company, 2014. — 592 p.
3. Xinhua News Agency. China-Central Asia Summit Declaration, Xian, May 2023 [Электрондық ресурс]. — URL: https://www.xinhua.org (қаралған күні: 15.01.2026).
4. U.S. Department of State. C5+1 Summit Joint Statement and Critical Minerals MOU, 2025 [Электрондық ресурс]. — URL: https://www.state.gov/c5plus1 (қаралған күні: 10.01.2026).
5. White House. C5+1 and EU Trilogue Format Proposal, February 2026. — Washington, 2026.
6. CENTCOM. Border Security Partnership Program: Annual Summary 2025. — Tampa, FL, 2025. — 38 p.
7. Pentagon Press Release. U.S. Secretary of Defense Remarks at the C5+1 Security Dialogue, Tashkent, March 2025. — Washington, 2025.
8. Asian Development Bank. China's Investment in Central Asia: Trends and Outlook 2025. — Manila: ADB, 2025. — 84 p.
9. Xinhua News Agency. China-Kyrgyzstan-Uzbekistan Railway Construction Launch, January 2026 [Электрондық ресурс]. — URL: https://www.xinhua.org (қаралған күні: 20.02.2026).
10. Rühlig T. The Digital Silk Road in Central Asia: Strategic Implications // SIPRI Policy Brief. — Stockholm: SIPRI, 2025. — 22 p.

11. Kazakh Invest. Қазақстан мен Қытай арасындағы инфрақұрылымдық жобалар жөніндегі есеп, 2025. — Астана, 2025.
12. U.S. Department of State. Kazakhstan-USA Critical Minerals Memorandum of Understanding, 2025. — Washington, D.C., 2025.
13. Digital Kazakhstan Agency. Цифрлық инфрақұрылымның аралас моделі туралы есеп, 2025. — Астана: ЦДИАӨМ, 2025.
14. UzReport. China FDI Inflows into Uzbekistan: Record Levels in 2025. — Tashkent, 2025.
15. U.S. Embassy Tashkent. American-Uzbek Technology Hub Annual Report, 2025. — Tashkent, 2025.
16. Kassenova N. China's Security Presence in Central Asia: New Dynamics // Journal of Eurasian Studies. — 2025. — Vol. 16, № 2. — P. 112–129.
17. IMF. Kyrgyz Republic and Tajikistan: Debt Composition and External Sustainability Review, 2025. — Washington: IMF, 2025.
18. IMF. Central Asia Debt Sustainability and External Financing Report, 2025. — Washington: IMF, 2025.
19. CNPC. Central Asia–China Gas Pipeline System: Annual Operational Report. — Beijing: CNPC, 2025.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ СИРЕК МЕТАЛДАР МЕН МИНЕРАЛДАР ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ГЕОСАЯСИ ТАРТЫС: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРНЫ

Инирбаев Б.Д., Медеубаева Ж.М.

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
e-mail: inirbaev.bekzat@gmail.com
(Астана, Қазақстан)

Түйін: Мақалада сирек металдар мен сыни минералдар төңірегіндегі қазіргі геосаяси бәсеке және Қазақстанның осы үдерістегі орны талданады. Қытайдың өңдеу тізбегіндегі басымдығы, АҚШ пен Еуропалық Одақтың әртараптандыру стратегиялары және «С5+1» форматының рөлі қарастырылады. Қазақстан үшін басты міндет – шикізат өндіруден өңдеуге және қосылған құн жасауға көшу, ал өңірлік үйлестіру Орталық Азияның келіссөздегі салмағын арттыратыны негізделеді.
Кілт сөздер: сирек металдар, сыни минералдар, геосаясат, «С5+1», Қазақстан.

Аннотация: В статье анализируется современное геополитическое соперничество вокруг редких металлов и критических минералов и место Казахстана в нём. Рассматриваются доминирование Китая в переработке, стратегии диверсификации США и ЕС, роль формата С5+1. Обосновывается, что ключевая задача Казахстана – переход от добычи сырья к переработке и созданию добавленной стоимости, а региональная координация усиливает переговорные позиции Центральной Азии.
Ключевые слова: редкие металлы, критические минералы, геополитика, «С5+1», Казахстан.

Abstract: The article examines the current geopolitical rivalry over rare metals and critical minerals and Kazakhstan's place in it. It considers China's dominance in processing, the diversification strategies of the United States and the European Union, and the role of the C5+1

format. The author argues that Kazakhstan's key task is to move from extraction to processing and value addition, while regional coordination strengthens Central Asia's bargaining position.
Keywords: rare metals, critical minerals, geopolitics, C5+1, Kazakhstan.

Энергетикалық көшу, көлікті электрлендіру, аккумулятор мен жартылай өткізгіш технологиялары, қорғаныс өнеркәсібі, цифрлық инфрақұрылым және жасанды интеллекттің дамуы сирек металдар мен сыни минералдарға сұранысты айтарлықтай арттырып отыр. Соның салдарынан бұл шикізатқа қолжетімділік мемлекеттер үшін тек экономикалық емес, ұлттық қауіпсіздік мәселесіне де айналды [1; 2]. Ресурстар үшін бәсеке халықаралық қатынастар теориясында бұрыннан зерттелгенімен [3], мұнай мен газдан кейінгі «жаңа ресурстық геосаясаттың» ерекшелігі – күрес тек кен орнының өзінде емес, шикізатты өңдеу, тазарту және магнит сияқты аралық өнім өндіру тізбегін бақылауда жатыр. Мақалада «сирек жер элементтері» (17 элемент) және одан кеңірек ұғым – «сыни минералдар» (литий, кобальт, вольфрам, графит, галлий, сурьма және т.б.) бірге қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – осы бәсекенің құрылымын талдап, Қазақстанның орны мен мүмкіндіктерін айқындау.

10. Zinzani A., Menga F. The Circle of Hydro-Hegemony between Riparian States, Development Policies and Borderlands: Evidence from the Talas Waterscape (Kyrgyzstan-Kazakhstan) // *Geoforum*. - 2017. - Vol. 85. - P. 112-121. https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S001671851730218X

11. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі. Казахстан и Узбекистан подписали Соглашение о совместном управлении и рациональном использовании трансграничных водных объектов. - 2025. - 15 қараша. https://www.gov.kz/memleket/entities/water/press/news/details/1106037?lang=ru

12. Kato T. Strengthening the Water-Energy Nexus for a Climate Resilient Central Asia // *OECD Green Growth Papers*. - Paris: OECD Publishing, 2025. - No. 2025/02. - 60 p.

13. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. Первый шаг к совместной реализации проекта Камбаратинской ГЭС: главы Минэнерго Казахстана, Кыргызстана и Узбекистана подписали соглашение. - 2024. https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/press/news/details/789828?lang=ru

14. World Bank. Kambarata-1 Hydropower Plant Project (HPP): Frequently Asked Questions. https://www.worldbank.org/en/programs/kambarata-1-hpp/faqs

15. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. Алматыда Қамбар-Ата ГЭС-1 жобасы бойынша үшжақты келіссөздердің үшінші раунды өтті. - 2026. - 23 қыркүйек. https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/press/news/details/1297401

16. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі. Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан «Бахри-Точик» су қоймасының 2026 жылдың жаз мезгіліне арналған жұмыс режимі бойынша келісімге келді. - 2026. https://www.gov.kz/memleket/entities/water/press/news/details/1228049

17. Organisation for Economic Co-operation and Development. The 6th Meeting of the Regional Working Group on a Mutually Beneficial Water-Energy Mechanism. - Bishkek, Kyrgyz Republic, 16 July 2026. https://www.oecd.org/en/events/2026/07/the-6th-meeting-of-the-regional-working-group-on-a-mutually-beneficial-water-energy-mechanism.html

18. De Keyser J., Osuna Fuentes P., Hayes D.S., Habersack H. A Review of Hydropower in Central Asia: Past, Present, and Future // *Renewable and Sustainable Energy Reviews*. - 2026. - Vol. 226, Part A. - Article 116239. https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1364032125009128

19. Brassett J., Akmadi M., Sternberg T. Seeing beyond Negotiations: The Impacts of the Belt and Road on Sino-Kazakh Transboundary Water Management // *International Journal of Water Resources Development*. - 2023. - Vol. 39, No. 3. - P. 361-381. https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/07900627.2022.2090905

20. Teasley R.L., McKinney D.C. Calculating the Benefits of Transboundary River Basin Cooperation: Syr Darya Basin // *Journal of Water Resources Planning and Management*. - 2011. - Vol. 137, No. 6. - P. 481-490. https://ascelibrary.org/doi/abs/10.1061/%28ASCE%29WR.1943-5452.0000141

3 Секция. Жаһандық өзгерістер жағдайындағы дипломатия және халықаралық ұйымдар

ФЕЙК ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ РОЛІ

Машенова А.М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

Аңдатпа. Мақалада фейк жаңалықтар, мисинформация және дезинформацияның қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі талданады. Цифрлық платформалар мен генеративті жасанды интеллект ақпаратты өндіру мен таратудың жылдамдығын арттырып, ақпараттық манипуляцияны мемлекетаралық бәсекелестік, гибридтік ықпал және халықаралық қақтығыстар контексінде маңызды факторға айналдырды. Зерттеуде ақпараттық қауіптердің қоғамдық сенімге, дипломатиялық коммуникацияға, халықаралық ұйымдардың қызметіне және бейбітшілік операцияларына ықпалы қарастырылады. БҰҰ, UNESCO, NATO және Еуропалық сыртқы әрекет қызметінің (EEAS) ресми материалдары негізінде ақпараттық тұтастықты нығайтудың негізгі бағыттары жүйеленеді.

Түйін сөздер: фейк жаңалық, дезинформация, мисинформация, халықаралық қатынастар, ақпараттық қауіпсіздік, FIMI, стратегиялық коммуникация, цифрлық дипломатия, жасанды интеллект.

Аннотация. В статье анализируется роль фейковых новостей, дезинформации и информационных манипуляций в современных международных отношениях. Рассматривается их влияние на международную безопасность, дипломатические коммуникации, репутацию государств и миротворческие процессы. На основе материалов ООН, UNESCO, NATO и EEAS систематизированы основные подходы к укреплению информационной целостности.

Ключевые слова: фейковые новости, дезинформация, международные отношения, информационная безопасность, FIMI, цифровая дипломатия.

Abstract. The article examines the role of fake news, disinformation and information manipulation in contemporary international relations. It discusses their impact on international security, diplomatic communication, state reputation and peace processes. Drawing on official materials from the United Nations, UNESCO, NATO and the EEAS, the article systematizes key approaches to strengthening information integrity.

Keywords: fake news, disinformation, international relations, information security, FIMI, digital diplomacy.

XXI ғасырда ақпарат халықаралық қатынастардағы стратегиялық ресурстардың біріне айналды. Интернет, әлеуметтік желілер, мессенджерлер және жасанды интеллект трансшекаралық коммуникацияның ауқымы мен жылдамдығын арттырды. Сонымен қатар осы технологиялар жалған, жаңылыстыратын және манипуляциялық ақпараттың бұрынғыдан да кең таралуына мүмкіндік берді. БҰҰ-ның 2024 жылғы Ақпараттық тұтастық жөніндегі жаһандық қағидаларында технологиялық ілгерілеу мисинформация,

дезинформация және өшпенділік тілінің көлемі, жылдамдығы мен вирустық таралуын күшейткені, ал жасанды интеллекттегі серпілістер жаңа тәуекелдер туғызғаны атап көрсетіледі [1].

Осыған байланысты фейк жаңалықтар мәселесі тек журналистика шеңберіндегі құбылыс емес. Ол халықаралық қауіпсіздік, дипломатия, мемлекеттердің беделі, қақтығыстарды реттеу және халықаралық ұйымдардың легитимдігімен тікелей байланысты. Мақаланың мақсаты - фейк жаңалықтар мен дезинформацияның халықаралық қатынастардағы қызметтерін талдау және оларға қарсы әрекеттің институционалдық бағыттарын көрсету.

Ғылыми талдауда «фейк жаңалық» ұғымын барлық қате ақпараттың әмбебап атауы ретінде қолдану жеткіліксіз. UNESCO оқу құралында мисинформация, дезинформация және mal-information сияқты өзара байланысты, бірақ мақсаты мен контексі бойынша ерекшеленетін ақпараттық бұзылыстар ажыратылады [2]. Мисинформация - жалған немесе дәл емес ақпараттың міндетті түрде зиян келтіру ниетінсіз таралуы; дезинформация - аудиторияны әдейі жаңылыстыру үшін таратылатын жалған немесе бұрмаланған ақпарат. Малинформация шынайы ақпараттың зиян келтіру мақсатында контекстен шығарылып немесе теріс пайдаланылуын білдіреді.

Халықаралық қатынастарда ақпараттың мазмұнымен қатар оны кім, қандай мақсатпен, қандай арна арқылы және қандай аудиторияға бағыттап таратқаны маңызды. Сондықтан қазіргі институционалдық тәсілдер жеке жалған мәлімдемені ғана емес, манипуляциялық мінез-құлықтың жүйесін зерттеуге көшіп келеді.

Дезинформация сыртқы саясатта қоғамдық пікірге ықпал ету, қарсы мемлекеттің институттарына сенімді әлсірету, халықаралық беделге нұқсан келтіру немесе өз саяси әрекеттерін қолайлы түрде түсіндіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай ықпал көбіне бұрыннан бар әлеуметтік және саяси қайшылықтарды пайдаланып, оларды күшейту арқылы іске асады.

NATO ақпараттық қауіптерді мемлекеттік және мемлекеттік емес акторлар жүзеге асыратын қасақана, зиянды, манипуляциялық және үйлестірілген әрекеттер ретінде сипаттайды. Бұл санатқа шетелдік ақпараттық манипуляция мен араласу, ақпараттық операциялар және дезинформация кіреді [3]. Мұндай анықтама халықаралық қауіпсіздік саласында ақпараттық манипуляцияны мазмұннан гөрі актордың мінез-құлқы, координациясы және ықтимал әсері арқылы бағалауға мүмкіндік береді.

Қарулы қақтығыс кезінде ақпараттық кеңістік әскери және дипломатиялық әрекеттермен қатар жүретін күрес алаңына айналады. Жалған немесе манипуляциялық хабарламалар қарсыластың моральдық жағдайына, халықаралық қолдауға, бейбіт келіссөздерге және бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

БҰҰ бітімгерлік тәжірибесі бұл қауіптің практикалық салдарын көрсетеді. UN Peacekeeping деректеріне сәйкес, жалған және жаңылыстыратын нарративтер миссияларға деген қоғамдық сенімді әлсіретіп, саяси процестерге,

бейбіт келісімдерді іске асыруға, атысты тоқтатуды бақылауға және бейбіт тұрғындарды қорғауға кедергі келтіруі мүмкін. Кей жағдайларда мұндай нарративтер бітімгерлерге қарсы зорлық-зомбылықпен және БҰҰ мүлкінің жойылуымен ұштасқан [4].

Халықаралық бедел мемлекеттің жұмсақ күші мен дипломатиялық ықпалының маңызды құрамдас бөлігі. Жүйелі түрде таратылатын жалған ақпарат мемлекеттің ресми коммуникациясына сенімді төмендетіп, оның сыртқы саяси ұстанымдарын қабылдауға әсер етуі ықтимал. Сондықтан сыртқы істер органдары үшін стратегиялық коммуникация, жедел фактчекинг және сенімді ақпарат көздерін қалыптастыру дипломатиялық жұмыстың ажырамас бөлігіне айналды.

Цифрлық дипломатия жағдайында дипломатиялық ведомстволар жалған ақпаратқа жауап берудің күрделі дилеммасына тап болады: әр фейкті теріске шығару оның таралуын күшейтуі мүмкін, ал үнсіздік кейде жалған нарративтің орнығуына жол береді. Сол себепті алдын ала түсіндіру (pre-bunking), аудиторияны зерттеу және дәлелге негізделген коммуникация маңызды.

Еуропалық Одақ тәжірибесінде Foreign Information Manipulation and Interference (FIMI) ұғымы кең қолданылады. Бұл тәсіл жеке хабарламалардың ақиқаттығын тексерумен шектелмей, ақпараттық операциялардың инфрақұрылымын, акторларын, желілерін, тарату арналары мен үйлестірілген мінез-құлқын зерттейді.

EEAS-тың 2026 жылғы төртінші жылдық FIMI есебі жауап беру шеңбері, FIMI Toolbox және тежеу тетіктеріне сүйене отырып, мұндай әрекеттерді ұйымдастырушылар үшін олардың құнын арттыруға және тұрақтылығын төмендетуге бағытталған тәсілді дамытады [5]. EEAS-тың FIMI Explorer ресурсы ақпараттық шабуылдардың жеке оқиғалар емес, өзара байланысқан желілер мен инфрақұрылымдардан тұратын күрделі экожүйе екенін көрсетеді [6].

Генеративті жасанды интеллект мәтін, сурет, аудио және бейнематериалдарды жаппай әрі арзан өндіру мүмкіндігін кеңейтті. Deepfake технологиялары саяси көшбасшылардың немесе дипломаттардың айтпаған сөздерін айтқандай көрсететін материалдар жасау қаупін арттырады. NATO жасанды интеллект пен deepfake технологиялары қоғамдық коммуникацияға сенімді әлсіретіп, ақпараттық ортаны шатастыру және қабылдауды өзгерту мүмкіндігін күшейтетінін атап көрсетеді [3].

Сонымен бірге жасанды интеллект қауіпке қарсы құрал ретінде де пайдаланылуы мүмкін: үйлестірілген жалған аккаунттарды анықтау, үлкен деректер массивінен күмәнді таралу үлгілерін табу және ақпараттық ортаны мониторингтеу. Сондықтан мәселе технологияны тыйым салумен ғана емес, оның жауапты қолданылуы, ашықтық және верификация инфрақұрылымымен байланысты.

Дезинформацияға қарсы күрестегі негізгі нормативтік мәселе - ақпараттық қауіпсіздік пен сөз бостандығы арасындағы теңгерім. Қате немесе

даулы пікірді автоматты түрде қауіп ретінде белгілеу саяси плюрализмге зиян келтіруі мүмкін. NATO-ның тәсілі ақпараттың өзіне тыйым салудан гөрі манипуляциялық мінез-құлыққа назар аударып, сөз бостандығы, демократия және құқық үстемдігі қағидаларын сақтауды көздейді [3].

БҰҰ-ның 2024 жылғы жаһандық қағидалары да ақпараттық тұтастықты адам құқықтарымен байланыстырады және бес бағытты алға тартады: қоғамдық сенім мен тұрақтылық; тәуелсіз, еркін және плюралистік БАҚ; дұрыс ынталандыру тетіктері; ашықтық пен зерттеу; қоғамның мүмкіндіктерін кеңейту [1, 7].

Трансшекаралық ақпараттық қауіптерге қарсы іс-қимыл бірнеше деңгейде жүргізілуі тиіс. Біріншіден, медиа және ақпараттық сауаттылық азаматтарға ақпарат көздерін тексеруге және манипуляциялық әдістерді тануға мүмкіндік береді. Екіншіден, тәуелсіз журналистика мен фактчекинг институттары сенімді ақпараттық ортаның негізін қалыптастырады. Үшіншіден, мемлекеттер, халықаралық ұйымдар, ғылыми қауымдастық және технологиялық платформалар арасында деректер мен әдістемелер алмасу қажет.

UN Peacekeeping тәжірибесінде мониторинг пен талдау, стратегиялық коммуникация, қауымдастықтармен жұмыс, саяси байланыс, журналистерді қолдау, технологиялық платформаларға зиянды контент туралы хабарлау және ұзақ мерзімді қоғамдық тұрақтылықты күшейту қатар қолданылады [4]. Бұл кешенді тәсіл фейк жаңалықпен күрестің тек теріске шығарудан тұрмайтынын көрсетеді.

Фейк жаңалықтар мен дезинформация халықаралық қатынастардың ақпараттық өлшеміне елеулі ықпал ететін факторға айналды. Олар мемлекетаралық сенімге, дипломатиялық коммуникацияға, халықаралық беделге, қақтығыстарды реттеуге және халықаралық ұйымдардың қызметіне әсер етуі мүмкін. Әсіресе цифрлық платформалар мен генеративті жасанды интеллект ақпараттық операциялардың жылдамдығы мен ауқымын ұлғайтып отыр.

Тиімді қарсы іс-қимыл тек жалған контентті жоюға негізделмеуі тиіс. Негізгі мақсат - ақпараттық ортаның тұтастығын, қоғамдық сенімді және азаматтардың сыни ақпараттық дағдыларын нығайту. Бұл үшін тәуелсіз БАҚ, медиасауаттылық, фактчекинг, зерттеу, платформалардың ашықтығы және халықаралық ынтымақтастық қатар дамуы қажет. Ақпараттық қауіпсіздік шаралары сөз бостандығы мен адам құқықтарын сақтаумен үйлескен жағдайда ғана тұрақты нәтиже бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. United Nations. United Nations Global Principles for Information Integrity: Recommendations for Multi-stakeholder Action. New York: United Nations, 2024. URL: https://digitallibrary.un.org/record/4052524 (қаралған күні: 22.09.2026).

2. Ireton C., Posetti J. (eds.). Journalism, 'Fake News' & Disinformation: Handbook for Journalism Education and Training. Paris: UNESCO, 2018. 128 p. URL:

https://www.unesco.org/en/articles/journalism-fake-news-disinformation (қаралған күні: 22.09.2026).

3. NATO. NATO's Approach to Counter Information Threats. 18 October 2024. URL: https://www.nato.int/en/about-us/official-texts-and-resources/official-texts/2024/10/18/natos-approach-to-counter-information-threats (қаралған күні: 22.09.2026).

4. United Nations Peacekeeping. Information Integrity and Harmful Information. URL: https://peacekeeping.un.org/en/information-integrity-and-harmful-information (қаралған күні: 22.09.2026).

5. European External Action Service. 4th EEAS Annual Report on Foreign Information Manipulation and Interference Threats. 12 March 2026. URL: https://www.eeas.europa.eu/eeas/4th-eeas-report-foreign-information-manipulation-and-interference-threats_en (қаралған күні: 22.09.2026).

6. European External Action Service. Dismantling the Foreign Information Manipulation and Interference (FIMI) House of Cards. 2026. URL: https://www.eeas.europa.eu/eeas/dismantling-infrastructure-foreign-information-manipulation-and-interference-house-cards_en (қаралған күні: 22.09.2026).

7. United Nations. Secretary-General's Press Conference to Launch the Global Principles for Information Integrity. 24 June 2024. URL: https://www.un.org/sg/en/content/sg/press-events/2024-06-24/secretary-generals-press-conference-launch-the-global-principles-for-information-integrity (қаралған күні: 22.09.2026).

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЫ

Ищанова С.

И.Өтемісов атындағы БҚУ 2 курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада жасанды интеллектінің XXI ғасырдағы халықаралық қатынастар жүйесіне ықпалы кешенді түрде талданады. Жасанды интеллект тек технологиялық құрал ретінде емес, мемлекеттердің экономикалық қуатын, әскери әлеуетін, дипломатиялық мүмкіндігін және ақпараттық ықпалын айқындайтын стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллектінің әлемдік саясаттағы күштер арақатынасына, қауіпсіздік архитектурасына, халықаралық құқық пен жаһандық басқаруға ықпал ету тетіктерін анықтау.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, технологиялық бәсекелестік, цифрлық егемендік, дипломатия, халықаралық қауіпсіздік, автономды қару.

Аннотация. В статье комплексно анализируется влияние искусственного интеллекта на систему международных отношений XXI века. Искусственный интеллект рассматривается не только как технологический инструмент, но и как стратегический ресурс, определяющий экономическую мощь государств, их военный потенциал, дипломатические возможности и информационное влияние. Цель исследования состоит в выявлении механизмов воздействия искусственного интеллекта на соотношение сил в мировой политике, архитектуру безопасности, международное право и глобальное управление.

Ключевые слова: искусственный интеллект, технологическая конкуренция, цифровой суверенитет, дипломатия, международная безопасность, автономное оружие.

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the impact of artificial intelligence on the system of international relations in the twenty-first century. Artificial intelligence is considered not only as a technological tool but also as a strategic resource that shapes the economic power, military capabilities, diplomatic capacity, and informational influence of states. The purpose of the study is to identify the mechanisms through which artificial intelligence affects the global balance of power, the international security architecture, international law, and global governance.

Keywords: artificial intelligence, technological competition, digital sovereignty, diplomacy, international security, autonomous weapons.

XXI ғасырдағы халықаралық қатынастардың мазмұны технологиялық өзгерістермен бұрынғыдан да тығыз байланысып отыр. Өнеркәсіптік қуат, табиғи ресурстар, аумақ және әскери әлеует дәстүрлі күш өлшемдері болып қала бергенімен, деректерді жинау, есептеу қуатын иелену, алгоритмдер әзірлеу және оларды мемлекеттік басқару мен экономикаға енгізу қабілеті елдердің халықаралық мәртебесіне тікелей әсер ете бастады. Осы үдерістің ортасында жасанды интеллект тұр. Ол шешім қабылдауды жеделдетеді, күрделі деректерді өңдейді, болжам жасайды және адамның когнитивтік қызметінің бір бөлігін автоматтандырады. Сондықтан жасанды интеллектіні тек цифрлық экономиканың саласы деп түсіндіру жеткіліксіз. Ол ұлттық қуаттың құрамын, қауіпсіздік түсінігін және дипломатиялық әрекеттің құралдарын өзгертетін стратегиялық факторға айналды.

Жасанды интеллект экономикалық өнімділікке ықпал ету арқылы күштер арақатынасын жанама түрде өзгертеді. Өндіріс, логистика, қаржы, медицина және мемлекеттік қызметтердегі автоматтандыру ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда пайда біркелкі бөлінбейді. Капитал мен зияткерлік меншік иелерінің табысы өсіп, төмен білікті еңбектің кейбір түрлеріне сұраныс азаюы ықтимал. Халықаралық деңгейде бұл құбылыс технология өндіруші және технология тұтынушы елдер арасындағы алшақтықты күшейтуі мүмкін. Сондықтан жасанды интеллект жарысы инновациялық жарыс қана емес, даму модельдерінің бәсекесіне айналады.

Жетекші державалар арасындағы бәсекелестік чиптерді өндіру, бұлттық есептеу, ғылыми таланттарды тарту, патенттер, стандарттар және деректер ағындары төңірегінде өрбиді. Экспорттық бақылау, инвестицияларды тексеру және технологиялық тізбектерді «сенімді серіктестерге» қайта бағыттау экономикалық саясат пен қауіпсіздік саясатының шекарасын жақындатты. Жоғары технологиялық өнімдер бұрынғыдай тек нарықтық тауар емес, ұлттық қауіпсіздік активі ретінде қарастырылады. Бұл үрдіс халықаралық сауда тәртібіне қысым жасап, технологиялық блоктарға бөліну қаупін арттырады.

Америка Құрама Штаттарының тәсілі жеке сектордағы инновациялық қуатқа, ғылыми зерттеулерге және ұлттық қауіпсіздік шектеулеріне сүйенеді. Қытай мемлекеттік жоспарлау, ауқымды ішкі нарық және технологияны экономика мен қоғамдық басқаруға кең енгізу арқылы бәсекеге түседі. Еуропалық Одақ реттеуші ықпалға басымдық береді: ЕО-ның Жасанды интеллект туралы актісі жүйелерді тәуекел деңгейіне қарай жіктеп, жоғары

тәуекелді қолдануларға қатаң талаптар қояды. Акт 2024 жылғы 1 тамызда күшіне енді және оның нормалары кезең-кезеңмен қолданыла бастады [1]. Бұл үш модель – нарықтық-инновациялық, мемлекеттік-жоспарлы және құқықтық-реттеуші модель – халықаралық стандарттар үшін бәсекенің негізгі бағыттарын көрсетеді.

Сонымен бірге орта державалар мен дамушы елдер тек ережелерді қабылдаушы болып қалмауға ұмтылады. Олар ұлттық тілдерге арналған модельдер, аймақтық деректер орталықтары, ашық технологиялар және білім беру бағдарламалары арқылы өз мүмкіндігін кеңейте алады. Мұнда халықаралық кооперация ерекше мәнге ие: бір мемлекеттің ресурсы жеткіліксіз болған жағдайда ортақ есептеу орталықтары, зерттеу желілері және үйлесімді стандарттар технологиялық тәуелділікті азайтады.

Дипломатиялық қызметте жасанды интеллект үлкен көлемдегі құжаттарды талдау, келіссөз позицияларын салыстыру, қоғамдық пікірді бақылау, аударма және сценарий әзірлеу үшін қолданылады. Ол дипломаттың орнын алмастырмайды, бірақ ақпаратты өңдеу жылдамдығын арттырып, шешім дайындау циклін қысқартады. Дағдарыс кезінде бұл артықшылық маңызды болғанымен, автоматтандырылған ұсынымға шамадан тыс сену қате қорытындыға әкелуі мүмкін. Алгоритм бұрынғы деректерге сүйенетіндіктен, күтпеген саяси өзгерістерді немесе мәдени реңкті толық түсінбеуі ықтимал.

Жасанды интеллект қоғамдық дипломатияның сипатын да өзгертеді. Мемлекеттер шетелдік аудиторияға бейімделген көптілді контентті жылдам өндіре алады. Сонымен бірге синтетикалық мәтін, бейне және дыбыс жалған ақпаратты сенімді етіп көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл дипломатиялық коммуникацияда түпнұсқалықты растау, ресми арналардың қорғалуын қамтамасыз ету және қоғамның медиасауаттылығын арттыру міндеттерін алдыңғы орынға шығарады. Ақпараттық ықпалдың арзандауы мемлекеттік емес топтардың да халықаралық оқиғаларға әсер ету мүмкіндігін кеңейтеді.

Алгоритмдік құралдар келіссөзге көмектесе алады, бірақ саяси жауапкершілікті машинаға беруге болмайды. Бейбітшілік келісімі, санкция, гуманитарлық шешім немесе әскери әрекет жөніндегі таңдау құқықтық міндеттеме мен моральдық пайымдауды талап етеді. Сондықтан дипломатияда «адам бақылауы» қағидаты тек техникалық қауіпсіздік талабы емес, демократиялық есептіліктің шарты болып табылады.

Әскери сала жасанды интеллектінің ең күрделі қолдану бағыттарының бірі. Ол барлау деректерін сұрыптау, нысандарды тану, логистиканы жоспарлау, киберқауіптерді анықтау және шешім қабылдауды қолдау үшін пайдаланылады. Мұндай жүйелер операциялық жылдамдықты арттырады, бірақ қате тану, қарсыластың әдейі жаңылыстыруы және деректердегі ауытқу тәуекелдерін туғызады. Автономия деңгейі өскен сайын қателіктің салдары ауырлап, жауапкершілікті кім көтеретіні туралы сұрақ күрделене түседі.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 2024 жылғы әскери саладағы жасанды интеллект туралы қарары халықаралық құқықтың, халықаралық гуманитарлық құқық пен адам құқықтары нормаларының жасанды интеллект

мүмкіндіктерінің бүкіл өмірлік цикліне қолданылатынын растады. Құжат қарулану жарысы, қате есептеу, қақтығыс шегінің төмендеуі және мемлекеттік емес субъектілерге таралу қаупін атап көрсетеді [2]. Бұл бағалау жасанды интеллектінің әскери артықшылықпен қатар стратегиялық тұрақсыздық туғызуы мүмкін екенін көрсетеді.

Негізгі қатерлердің бірі – шешім қабылдау уақытының шамадан тыс қысқаруы. Ерте ескерту жүйесі алгоритмдік қорытынды шығарған жағдайда басшылық ақпаратты тексеруге үлгермей әрекет етуі ықтимал. Қарсылас жүйесінің қалай жұмыс істейтінін түсінбеу өзара күдік пен қате интерпретацияны күшейтеді. Сондықтан ядролық және өзге стратегиялық күштерге қатысты шешімдерде адамның мазмұнды бақылауын сақтау, сенім шараларын дамыту және сынақ хаттамалары туралы диалог жүргізу маңызды.

НАТО 2024 жылы жаңартылған жасанды интеллект стратегиясын жариялап, технологияны қауіпсіз әрі жауапты енгізуді және одақ көлемінде сынау, бағалау, тексеру мен валидациялау тетіктерін дамытуды мақсат етті [3]. Бұл мысал әскери ұйымдардың инновация мен тәуекелді басқаруды қатар қарастыра бастағанын дәлелдейді. Дегенмен әскери стандарттардың әр блокта бөлек қалыптасуы өзара үйлесімсіздікке және жаңа сенім дағдарысына әкелуі мүмкін.

Жасанды интеллект трансшекаралық сипатқа ие болғандықтан, ұлттық реттеу жеткіліксіз. Бір елде әзірленген модель басқа мемлекеттегі азаматтардың деректерін өңдеп, үшінші елдің инфрақұрылымында жұмыс істей алады. Мұндай тізбек юрисдикцияны, залалды өтеуді және аудит жүргізуді қиындатады. Сондықтан халықаралық басқару бір ғана әмбебап шарттан емес, міндетті құқық, саяси декларациялар, техникалық стандарттар және салалық ережелерден тұратын көпдеңгейлі жүйе ретінде қалыптасуда.

ЮНЕСКО-ның 2021 жылғы Жасанды интеллект этикасы жөніндегі ұсынымы адам құқықтары мен адам қадір-қасиетін негізгі өлшем ретінде бекітті және ұйымның барлық мүше мемлекеттеріне арналған алғашқы жаһандық этикалық стандарт болды [4]. ЭЫДҰ-ның 2019 жылы қабылданып, 2024 жылы жаңартылған қағидаттары сенімді жасанды интеллект, ашықтық, қауіпсіздік және есептілік талаптарын ұсынады [5]. БҰҰ Бас Ассамблеясының 2024 жылғы A/RES/78/265 қарары қауіпсіз, қорғалған және сенімді жасанды интеллектінің тұрақты даму мен адам құқықтарына қызмет етуін қолдады [6]. Бұл құжаттар міндеттілігі әртүрлі болғанымен, ортақ нормативтік тіл қалыптастырады.

Еуропа Кеңесінің Жасанды интеллект, адам құқықтары, демократия және құқық үстемдігі туралы негіздемелік конвенциясы осы саладағы алғашқы халықаралық заңдық міндетті шарт болып саналады [7]. Ол жасанды интеллект жүйесінің бүкіл өмірлік циклі барысында адам құқықтарын қорғауға бағытталған тәуекелге негізделген тәсілді ұсынады. Конвенцияның маңызы – технологиялық реттеуді қолданыстағы халықаралық құқықтан бөлек қарастырмай, соның жалғасы ретінде бекітуінде.

Жаһандық басқарудың әлсіз тұсы – мемлекеттердің технологиялық мүмкіндігі мен саяси мүддесінің әркелкілігі. Қатаң талаптар инновацияны баяулатуы мүмкін деген қауіп бар, ал тым жұмсақ ережелер азаматтарды және халықаралық тұрақтылықты қорғай алмайды. Бұған қоса, техникалық стандарттарды әзірлеуге дамушы елдердің қатысуы шектеулі. Нормалар тек ірі державалар мен корпорациялардың тәжірибесіне сүйенсе, цифрлық теңсіздік халықаралық құқықтық теңсіздікке айналуы ықтимал.

Жасанды интеллект халықаралық қатынастардағы мемлекеттік емес акторлардың ықпалын арттырады. Ірі технологиялық компаниялар модельдерге, есептеу қуатына және сарапшыларға ие болғандықтан, олардың шешімдері ұлттық саясат пен халықаралық қауіпсіздікке әсер етеді. Компанияның белгілі бір жүйеге қолжетімділікті тоқтатуы немесе модельді пайдалану шарттарын өзгертуі мемлекеттердің мүмкіндігіне тікелей ықпал етуі мүмкін. Осы себепті мемлекет пен бизнес арасындағы қатынас мемлекеттік сатып алу шеңберінен шығып, стратегиялық серіктестік пен қоғамдық бақылау мәселесіне айналады.

Ғылыми қауымдастық, азаматтық қоғам және халықаралық ұйымдар қауіптерді бағалау, стандарт әзірлеу және осал топтардың мүддесін қорғау ісіне қатысады. Сонымен қатар қылмыстық және экстремистік топтар жасанды интеллектіні фишинг, зиянды кодты бейімдеу, жалған тұлға қалыптастыру және үгіт-насихат үшін қолдана алады. Технологияға кіру кедергілерінің төмендеуі қауіп субъектілерінің санын көбейтеді. Сондықтан басқару моделі көпжақты болып, мемлекеттермен бірге жеке сектордың, зерттеушілердің және қоғамның жауапкершілігін қамтуы тиіс.

Қазақстан үшін жасанды интеллект сыртқы саясаттың да, ішкі жаңғырудың да маңызды бағыты. Елдің географиялық орны, көпвекторлы дипломатиясы, цифрлық мемлекеттік қызмет тәжірибесі және білімді жастар әлеуеті аймақтық технологиялық хаб қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге ішкі нарықтың салыстырмалы шағындығы, шетелдік есептеу платформаларына тәуелділік, сапалы қазақтілді деректердің тапшылығы және мамандар бәсекесі шектеу туғызады.

Қазақстан 2024–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасын іске асырып, кейін ұлттық стандарттарды қабылдады [8]. 2026 жылы жарияланған «Digital Qazaqstan» ұлттық стратегиясы деректер мен жасанды интеллектіні мемлекеттік басқару мен экономиканы жаңғыртудың негізі ретінде айқындайды [9]. Бұл құжаттарды сыртқы саясатпен байланыстыру қажет, өйткені ұлттық цифрлық инфрақұрылым, деректерді сақтау режимі және технологиялық серіктестерді таңдау халықаралық тәуелділіктің сипатын анықтайды.

Бірінші стратегиялық міндет – есептеу инфрақұрылымына сенімді қолжетімділік. Қазақстан барлық компонентті өзі өндіруге ұмтылмай, деректер орталықтарын, энергия тиімділігін, бұлттық ресурстарды және резервтік арналарды дамытуы қажет. Екінші міндет – қазақ тіліндегі сапалы деректер мен модельдерді қалыптастыру. Бұл мәдени егемендік, мемлекеттік

қызмет сапасы және ақпараттық қауіпсіздік үшін маңызды. Үшінші міндет – жоғары оқу орындары, мемлекеттік органдар және бизнес арасындағы кадр алмасуын күшейту. Төртінші міндет – алгоритмдік жүйелерді мемлекеттік секторда қолдану кезінде аудит, түсіндірмелілік, дербес деректерді қорғау және шағымдану тетіктерін енгізу.

Сыртқы саясат деңгейінде Қазақстан БҰҰ, ЮНЕСКО, ШЫҰ, ЕАЭО және Орталық Азия форматтарында жасанды интеллект бойынша нормаларды талқылауға белсенді қатыса алады. Ел үшін технологиялық блоктардың біріне толық тәуелді болудан сақтану, серіктестерді әртараптандыру және үйлесімді стандарттарды қолдау тиімді. Қазақстан аймақ мемлекеттеріне арналған қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік және өзге тілдік ресурстарды дамыту, мемлекеттік қызметтегі жауапты жасанды интеллект, су және климаттық деректерді талдау бойынша бірлескен жобалар ұсына алады.

Жасанды интеллект XXI ғасырдағы халықаралық қатынастарды өзгертетін маңызды құрылымдық фактор болып қалыптасты. Оның ықпалы бір ғана салада көрінбейді: жасанды интеллект экономикалық өнімділікке, әскери әлеуетке, дипломатиялық шешімдерге, ақпараттық ықпалға және халықаралық нормаларды қалыптастыруға қатар әсер етеді. Технологияны иелену мемлекеттердің күшін арттырса, оған тәуелділік жаңа осалдықтар туғызады. Сондықтан жасанды интеллект үшін бәсеке ресурстар, стандарттар және саяси құндылықтар үшін бәсекені біріктіреді.

Зерттеу нәтижесі жасанды интеллектінің халықаралық қатынастардың дербес акторы емес екенін, бірақ акторлардың мүмкіндігі мен шешім қабылдау ортасын түбегейлі өзгертетінін көрсетті. Оның басты ерекшелігі – азаматтық және әскери қолдану арасындағы шекараның көмескілігі, жеке компаниялардың стратегиялық рөлінің өсуі және технологиялық өзгерістің құқықтық нормалардан жылдам жүруі. Бұл жағдай халықаралық ынтымақтастықты қажет етеді, алайда державалар арасындағы сенімсіздік ортақ ережелерді қабылдауды қиындатады.

Тиімді жаһандық басқару төрт негізге сүйенуге тиіс: халықаралық құқықтың қолданыстағы қағидаларын сақтау; тәуекел деңгейіне сай реттеу; адамның мазмұнды бақылауы мен жауапкершілігін бекіту; дамушы елдердің инфрақұрылым мен стандарт әзірлеуге қатысуын қамтамасыз ету. Қазақстан үшін ұлттық технологиялық әлеуетті дамыту мен көпжақты дипломатияны байланыстыру маңызды. Ел есептеу инфрақұрылымына, адами капиталға, қазақтілді деректерге және сенімді құқықтық режимге инвестиция сала отырып, халықаралық нормаларды қалыптастыру үдерісінде белсенді әрі теңгерімді позиция ұстана алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. European Union. Regulation (EU) 2024/1689 laying down harmonised rules on artificial intelligence. Official Journal of the European Union, 2024.

2. United Nations General Assembly. Resolution A/RES/79/239, Artificial intelligence in the military domain and its implications for international peace and security. 24 December 2024.

3. NATO. Summary of NATO's Revised Artificial Intelligence Strategy. 10 July 2024. URL:https://www.nato.int/en/about-us/official-texts-and-resources/official-texts/2024/07/10/summary-of-natos-revised-artificial-intelligence-ai-strategy

4. UNESCO. Recommendation on the Ethics of Artificial Intelligence. Paris, 2021. URL: https://www.unesco.org/en/legal-affairs/recommendation-ethics-artificial-intelligence

5. OECD. Recommendation of the Council on Artificial Intelligence. Adopted 2019, updated 2024. URL: https://legalinstruments.oecd.org/en/instruments/OECD-LEGAL-0449

6. United Nations General Assembly. Resolution A/RES/78/265, Seizing the opportunities of safe, secure and trustworthy artificial intelligence systems for sustainable development. 21 March 2024.

7. Council of Europe. Framework Convention on Artificial Intelligence and Human Rights, Democracy and the Rule of Law. CETS No. 225, 2024.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметі. Жасанды интеллектіні дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Астана, 2024.

9. Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект технологияларын кең ауқымды цифрландыру және енгізу жөніндегі Digital Qazaqstan ұлттық стратегиясы. Астана, 2026.

ОТ ИДЕИ 1992 ГОДА К МЕЖДУНАРОДНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ: ЭВОЛЮЦИЯ СВМДА КАК ИНСТРУМЕНТА ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ КАЗАХСТАНА

Нұрғали Мұхаммедали Мажитұлы

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, e-mail: nurgali.m021@gmail.com

Аннотация. В статье рассматривается эволюция Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА) от инициативы Казахстана 1992 года до процесса трансформации в международную организацию. Выделены основные этапы становления, проанализированы ключевые документы и роль СВМДА в многовекторной внешней политике Казахстана. Показаны возможности и ограничения этого инструмента в условиях современной геополитической турбулентности.

Ключевые слова: СВМДА, внешняя политика Казахстана, меры доверия, безопасность в Азии, многовекторность.

Түйіндеме. Мақалада Қазақстан 1992 жылы ұсынған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) бастамасының халықаралық ұйымға айналу жолы қарастырылады. Ұйымның қалыптасу кезеңдері, негізгі құжаттары және оның Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатындағы орны талданады. Қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында бұл құралдың мүмкіндіктері мен шектеулері көрсетіледі.

Түйін сөздер: АӨСШК, Қазақстанның сыртқы саясаты, сенім шаралары, Азиядағы қауіпсіздік, көпвекторлылық.

Abstract. The article examines the evolution of the Conference on Interaction and Confidence Building Measures in Asia (CICA) from Kazakhstan's 1992 initiative to its transformation into an international organization. The main stages of its development and key documents are analyzed, along with CICA's role in Kazakhstan's multi-vector foreign policy. The opportunities and limitations of this instrument in the current geopolitical turbulence are shown.

Keywords: CICA, Kazakhstan's foreign policy, confidence building measures, security in Asia, multi-vector diplomacy.

СВМДА относится к тем внешнеполитическим инициативам Казахстана, которые прожили дольше многих других и до сих пор не потеряли актуальности. Предложение о ее создании прозвучало в 1992 г., когда государство только формировало дипломатическую службу: Министерство иностранных дел возглавлял тогда Т.С. Сулейменов (1991–1994 гг.), и именно в эти годы закладывались основные подходы к внешней политике страны. С тех пор прошло больше тридцати лет, и из идеи регионального совещания получился процесс со своими документами, Секретариатом и, что важнее всего, планами преобразования в полноценную международную организацию. В докладе мы попробуем проследить этот путь по этапам и понять, чем СВМДА является для Казахстана как инструмент внешней политики.

Идея созыва СВМДА была высказана Президентом Н.А. Назарбаевым 5 октября 1992 г. в выступлении на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН [1]. Замысел во многом навеян опытом ОБСЕ. В Европе к началу 1990-х существовал механизм, позволявший обсуждать вопросы безопасности за одним столом, а в Азии ничего подобного не было, хотя континент куда разнороднее: разные политические системы, уровни развития, нерешенные территориальные споры, несколько ядерных государств. Для Казахстана, который расположен между Россией и Китаем и одновременно связан с Центральной, Южной и Восточной Азией, вопрос был не отвлеченным. Нестабильность рядом с границами напрямую задевала и суверенитет, и внутреннюю стабильность [2]. Кроме того, инициатива давала молодому государству возможность самому предлагать повестку, а не только реагировать на чужие решения. Стоит помнить и о контексте тех лет: Казахстан добивался признания, вступал в ООН и ОБСЕ, определялся с ядерным наследием СССР. Предложение об азиатском диалоге хорошо вписывалось в эту линию, тем более что оно не было направлено против кого-либо и не требовало от участников выхода из других союзов.

Первые годы ушли на то, чтобы убедить партнеров. Многие азиатские государства сомневались, что европейскую модель можно перенести на другую почву, и казахстанская дипломатия действовала осторожно: экспертные консультации, специальная рабочая группа, постепенное расширение круга участников. Заметным результатом стала Алматинская декларация о принципах взаимоотношений между государствами-членами СВМДА, принятая на первом заседании министров иностранных дел 14 сентября 1999 г. [3]. Она закрепила десять принципов, среди которых суверенное равенство, неприменение силы, территориальная целостность, мирное урегулирование споров и невмешательство во внутренние дела. Жестких обязательств документ не создавал, но задавал общие правила игры. В 2002 г. в Алматы прошла первая встреча на высшем уровне, где был принят

Алматинский акт; он придал процессу политический вес и определил СВМДА как форум для диалога [4].

Отсюда, кстати, и главное отличие от ОБСЕ. Хельсинкский процесс опирался на более или менее ясное разделение на два блока и на подписанный заключительный акт, а в Азии не было ни того ни другого. Поэтому ставку сделали на добровольность и консенсус: сначала общие принципы, потом меры доверия, потом институты. Путь получился медленным, зато никто из участников не почувствовал давления. Обратная сторона очевидна: без механизма контроля меры доверия остаются по сути рекомендациями, и на это неоднократно указывали исследователи.

В 2004 г. был утвержден Каталог мер доверия, охвативший пять направлений: военно-политическое, новые вызовы и угрозы, экономическое, экологическое и гуманитарное [5]. Такой размах объяснялся тем, что безопасность понималась не только как военный вопрос, и участники с разными приоритетами могли найти в Каталоге свои темы. На втором саммите в Алматы (2006 г.) решили создать Секретариат, то есть появился постоянный орган, обеспечивающий преемственность. Дальше саммиты проходили в Стамбуле (2010), Шанхае (2014) и Душанбе (2018), а председательство переходило от Казахстана к другим странам. Процесс перестал быть чисто казахстанским проектом. Число участников выросло с полутора десятков до более чем двадцати пяти государств-членов, к ним добавились наблюдатели. На шанхайском саммите Китай выступил со своими предложениями по азиатской безопасности, что показало интерес крупных держав к площадке. При этом реальная работа по Каталогу шла неравномерно, а деятельность оставалась в основном консультативной.

Разговор о том, чтобы превратить форум в международную организацию с закрепленным юридическим статусом, ведется с конца 2010-х гг. Причины понятны: геополитическое соперничество обострилось, появились новые угрозы вроде кибербезопасности и продовольственных рисков, региональные конфликты не прекращаются. Вопрос обсуждался на встречах министров и экспертов, а на шестом саммите в Астане в октябре 2022 г. был подтвержден курс на дальнейшее институциональное укрепление [6]. Для Казахстана это важно по двум причинам. С одной стороны, тридцатилетние усилия получают закрепление, а страна как инициатор упрочивает репутацию. С другой, такой шаг созвучен Концепции внешней политики на 2020–2030 гг., где Казахстан заявляет о поддержке многосторонности и превентивной дипломатии [7].

Стоит отметить, что Казахстан сохраняет особое положение в этом процессе даже тогда, когда председательствуют другие. Первые саммиты прошли в Алматы, Секретариат находится в Астане, и именно казахстанская сторона чаще других выдвигает предложения по совершенствованию механизма. Площадка удобна для неформальных встреч делегаций, которым в других форматах поговорить непросто. Это работает и на образ Казахстана как нейтрального хозяина переговоров.

Если попытаться оценить СВМДА как инструмент, то, на наш взгляд, она решает три задачи. Она работает на имидж страны: рядом с отказом от ядерного оружия эта инициатива стала частью образа государства, которое предлагает диалог. Она помогает балансировать: в одном формате собираются Россия, Китай, Индия, Турция, ряд стран Ближнего Востока, и Казахстан поддерживает контакты со всеми, не примыкая к блокам, что вполне отвечает принципу многовекторности. Наконец, принципы Алматинской декларации и меры доверия создают общий язык для обсуждения спорных тем. Для Центральной Азии это имеет отдельное значение: страны региона получили возможность говорить о безопасности в азиатском масштабе, а не только в двусторонних отношениях или внутри блоков.

Полезно сопоставить СВМДА с другими казахстанскими инициативами. Схожая логика видна в Съезде лидеров мировых и традиционных религий, который проходит в Астане с 2003 г., и в астанинском формате переговоров по Сирии, работавшем с 2017 г. Во всех этих случаях Казахстан выступает не стороной конфликта, а организатором площадки и посредником. От остальных СВМДА отличается масштабом и длительностью: это не разовая встреча, а процесс, рассчитанный на десятилетия и имеющий собственную институциональную основу.

В контексте юбилея первого министра иностранных дел уместно отметить и преемственность. Многие подходы, сформулированные в начале 1990-х (равноудаленность от центров силы, отказ от участия в блоковом противостоянии, ставка на международное право и диалог), впоследствии нашли отражение в самой идее СВМДА. Иначе говоря, между первым этапом становления казахстанской дипломатии и сегодняшним курсом нет разрыва: инициатива 1992 г. стала одним из способов воплотить эти принципы на практике.

Ограничения тоже видны. У Азии нет общей идентичности и единого представления об угрозах, среди участников есть страны с острыми взаимными претензиями, решения принимаются консенсусом и обязательной силы не имеют, поэтому в кризисной ситуации механизм малоэффективен. К тому же СВМДА соседствует с ШОС, АСЕАН и Региональным форумом АСЕАН, у которых ресурсов больше. В научной литературе оценки расходятся. Одни авторы видят в СВМДА площадку, которая постепенно приучает к диалогу и формирует общие нормы. Другие считают ее способом «мягкого балансирования» для отдельных государств. Третьи, опираясь на теорию средних держав, показывают на ее примере, как страна с ограниченными ресурсами расширяет влияние через посредническую дипломатию. Мы полагаем, что эти подходы друг другу не противоречат: СВМДА одновременно и площадка, и способ балансирования, и часть имиджа Казахстана.

Успех преобразования в организацию будет зависеть от нескольких вещей. Нужен устав, который определит цели, порядок принятия решений и статус Секретариата. Нужны конкретные направления, где договориться

реально уже сейчас: терроризм и трансграничные угрозы, устойчивое развитие, реагирование на чрезвычайные ситуации, диалог культур. И, конечно, без заинтересованного участия крупных государств региона организация рискует остаться символической. Казахстану при этом важно сохранить роль посредника, а не стороны, продвигающей собственные интересы, иначе площадка потеряет доверие.

Отдельного внимания заслуживает вопрос о том, как сами государства-члены используют форум. Для одних он служит способом заявить свою позицию по региональной безопасности, для других удобным поводом для двусторонних встреч на полях, для третьих способом показать открытость к диалогу. Пока эти мотивы различаются, единая организация будет складываться непросто, и учитывать это при оценке перспектив необходимо.

Итак, инициатива 1992 г., появившаяся в период становления государства и дипломатической службы, не осталась на бумаге: из идеи выросли форум, Каталог мер доверия и постоянный Секретариат, а сейчас обсуждается статус организации. Опыт СВМДА показывает, что среднее государство может влиять на региональную повестку, если предлагает решения, приемлемые для всех и рассчитанные на постепенное движение. Главный вопрос ближайших лет в том, удастся ли наполнить процесс реальным содержанием и не превратить его в декларативную площадку.

Список использованной литературы

1. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Нью-Йорк, 5 октября 1992 г.

2. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Караганда: Арко, 2006.

3. Декларация о принципах, регулирующих взаимоотношения между государствами-членами СВМДА. – Алматы, 14 сентября 1999 г.

4. Алматинский акт СВМДА. – Алматы, 2002.

5. Каталог мер доверия СВМДА. – Алматы, 2004.

6. Официальный сайт Секретариата СВМДА. – URL: https://www.s-cica.org.

7. Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2020–2030 годы: утв. Указом Президента РК от 9 марта 2020 г.

8. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. – Алматы: Bilim, 2000.

ГЛОБАЛЬНОЕ НАЛОГОВОЕ УПРАВЛЕНИЕ И АГЕНТНОСТЬ КАЗАХСТАНА: РОЛЬ МЕЖДУНАРОДНЫХ ИНСТИТУТОВ И ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ МЕХАНИЗМОВ

Садыков А.С.

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Түйін: Мақалада жаһандық салықтық басқарудың институционалдануы мемлекеттердің ұлттық мүдделерін қорғау мүмкіндіктеріне қалай әсер ететіні

қарастырылады. Халықаралық режимдер теориясы негізінде екі фактордың — мемлекеттер арасындағы ықпалдың бөлінуі мен мемлекеттік агенттік үшін мүмкіндіктер мен шектеулерді қалыптастырудағы халықаралық институттар рөлінің өзара ықпалы талданады. Осы тұрғыда жаһандық салықтық басқару жүйесіндегі Қазақстанның агенттігі мен дипломатиялық тетіктердің өзара байланысы қарастырылады.
Түйін сөздер: жаһандық салықтық басқару, Қазақстан, дипломатиялық тетіктер, халықаралық режимдер, агенттік.

